(i) для безсопряжённости уравнения (1) на интервале $[m,n]$ *выполнение условия* $B_{\upsilon^-,\upsilon^+}\le 1$ *необходимо, а выполнение условия* $2\gamma_p B_{\upsilon^-,\upsilon^+}\le 1$ *достаточно;*

(ii) для сопряжённости уравнения (11) на интервале $[m,n]$ *выполнение условия* $2\gamma_p B_{\upsilon^-,\upsilon^+}>1$ *необходимо, а выполнение условия* $B_{\upsilon^-,\upsilon^+}>1$ *достаточно.*

Следствие 3. *Пусть* $0\le m<n\le\infty$ *и* $1<p<\infty$. *Тогда*

(i) если существуют целые числа $t,s: m\le t<s\le n$ *такие, что выполняется* $\sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i^+ > \varphi_{\upsilon^-}^-(m,t)+\sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i^- +\varphi_{\upsilon^-}^+(s,n)$ *или* $\sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i > \varphi_{\upsilon^-}^-(m,t)+\varphi_{\upsilon^-}^+(s,n)$ *тогда уравнение (1) является сопряжённым на интервале* $[m,n]$;

(ii) если уравнение (1) является сопряжённым на интервале $[m,n]$, *тогда существуют целые числа* $t,s: m\le t<s\le n$ *такие, что выполняется* $\sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i^+ > \frac{1}{2\gamma_p}\left[\varphi_{\upsilon^-}^-(m,t)+\sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i^- +\varphi_{\upsilon^-}^+(s,n)\right]$;

(iii) если уравнение (1) является безсопряжённым на интервале $[m,n]$, *тогда существуют целые числа* $t,s: m\le t<s\le n$ *такие, что выполняется* $\sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i \le \varphi_{\upsilon^-}^-(m,t)+\varphi_{\upsilon^-}^+(s,n)$.

Из теоремы 3, 4 и 5 мы можем выписать следующие результаты для уравнения (8). При этом величины B_ω и $\tilde{\gamma}_p$, используемые ниже, определены в теореме 3.

Теорема 6. *Пусть* $0\le m<n\le\infty$ *и* $1<p<\infty$. *Тогда*

(i) для безсопряжённости уравнения (1) на интервале $[m,n]$ *выполнение условия* $B_\omega\le 1$ *необходимо, а выполнение условия* $2\tilde{\gamma}_p B_\omega\le 1$ *достаточно;*

(ii) для сопряжённости уравнения (8) на интервале $[m,n]$ *выполнение условия* $2\tilde{\gamma}_p B_\omega>1$ *необходимо, а выполнение условия* $B_\omega>1$ *достаточно.*

Из теоремы 5 имеем условия безсопряженности и сопряженности уравнение (2).

Выражения $\varphi_{\upsilon^-}^-(m,d)$. $\varphi_{\upsilon^+}^+(d,n)$ и $B_{r,\omega}(m,n)$ при $p=2$ соответственно положим $\varphi_{\upsilon^-,2}^-(m,d)$, $\varphi_{\upsilon^-,2}^+(d,n)$ и $\overline{B}_{r,\omega}(m,n)$ т.е.

$$\varphi_{\upsilon^-,2}^-(m,d)=\inf_{m<c\le d}\left\{\left(\sum_{i=c}^{d}\rho_i^{-1}\right)^{-1}+\sum_{i=c}^{d-1}\upsilon_i^-\right\},$$

$$\varphi_{\upsilon^-,2}^+(d,n)=\inf_{d\le c<n}\left\{\left(\sum_{i=d}^{c}\rho_i^{-1}\right)^{-1}+\sum_{i=d}^{c-1}\upsilon_i^-\right\},$$

$$\overline{B}_{\upsilon^-,\upsilon^+}(m,n) = \sup_{m<t\le s<n} \left(\sum_{i=t}^{s-1} \upsilon_i^+\right)\left(\varphi^-_{\upsilon^-,2}(m,t) + \sum_{i=t}^{s-1}\upsilon_i^- + \varphi^+_{\upsilon^-,2}(s,n)\right)^{-1}.$$

Кроме того

$$\gamma_2 = \inf_{1<\lambda<\lambda_0} \frac{\lambda^2(\lambda+1)}{\lambda-1} \quad \text{и} \quad \frac{1}{\lambda_0-1} = \frac{\lambda_0^2}{\lambda_0+1}.$$

Следствие 4. *Пусть* $0 \le m < n \le \infty$. *Тогда*

(i) для безсопряжённости уравнения (2) на интервале $[m,n]$ *выполнение условия* $\overline{B}_{\upsilon^-,\upsilon^+}(m,n) \le 1$ *необходимо, а выполнение условия* $2\gamma_2\overline{B}_{\upsilon^-,\upsilon^+}(m,n) \le 1$ *достаточно;*

(ii) для сопряжённости уравнения (2) на интервале $[m,n]$ *выполнение условия* $2\gamma_2\overline{B}_{\upsilon^-,\upsilon^+}(m,n) > 1$ *необходимо, а выполнение условия* $\overline{B}_{\upsilon^-,\upsilon^+}(m,n) > 1$ *достаточно.*

Работа выполнена при поддержке грантового финансирования проектов Министерством образования и науки Республики Казахстан (грант № AP05130975, 2018-2020 годы).

Список использованной литературы:

1 Coppel W.A., Disconjugacy, Lectures Notes in Math., Springer Verlag, Berlin-Heidelberg, 220 (1971).

2 Dos'y O. and Rehak P., Half--linear differential equations, Math. Studies, North-Holland, 202 (2005).

3 Ya Derr V., The theory of disconjugacy for a second order linear differential equation, arXiv: 0811.4636v1 [math. CA] 2008.

4 Ya Derr V., Discongugacy of second order linear differential equation and periodic solutions, arXiv: 1005.5646v1 [math. CA] 2010.

5 Pena S., Conjugacy criteria for half--linear differential equations, Arch. Math. (Brno) 35 (1999), pp. 1--11.

6 Rehak P. Oscillatory properties of second order half-linear difference equations // Czech. Math. J. – 2001. – V. 51, no. 126. – P. 303-321.

7 Алимагамбетова А. З., Ойнаров Р. Двухсторонние оценки для решений одного класса нелинейных разностных уравнений второго порядка // Математический журнал. – 2008. – Т.8, №3(29). – С.12-21.

8 Dosly O., Rehak P. Nonoscillation criteries for half-linear second-order difference equations // Computers and Math. Appl. - 2001. – V. 42. – P. 453-464.

9 El-Morshedy H. A. Oscillation and nonoscillation criteria for half-linear second order difference equations // Dynamic systems and applications. – 2006. – V. 15. – P. 429-450.

10 Jiang J., Tang X. Oscillation of second order half-linear difference equations (II) // Applied Math. Letters. – 2011. – V. 24. – P. 1495-1501.

11 Jiang J., Tang X. Oscillation of second order half-linear difference equations (I) // Applied Math. Sciences. – 2014. – V. 8, no. 40. – P. 1957-1968.

12 Thandapani E., Rarc K., Graef J. R. Oscillation and comparison theorems for half-linear second order difference equations // Computers Math. Appl. – 2001. – V. 42. – P. 953-910.

13 Kalybay A., Karatayeva D., Oinarov R., Temirkhanova A. Oscillation of a second order halflinear difference equation and the discrete Hardy inequality // Electron. J. Qual. Theory Differ. Equ. – 2017. – no. 43. – P. 1-16. - doi: http://dx.doi.org/10.14232/ejqtde.2017.1.43.

14 Oinarov R., Ramazanova K., Tiryaki A. An extension of the weighted Hardy inequalities and its application to half-linear equations // Taiwanese J. Math. – 2015. – V. 19, no. 6. – P. 1693-1711.

15 Kalybay A., Karatayeva D., An extended discrete weighted Hardy inequality in the difference form // AIP Conference Proceedings. – 2017. – V. 1880, 030012. – doi: http://dx.doi.org/110.1063/1.5000611.

МРНТИ 14.25.09
УДК 37.026

Б.М. Қосанов[1], Ж.М. Ахмедова[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ КЕШТІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада математикадан өткізілетін сыныптан тыс жұмыстардың ішінде математикалық кештерді зерттеудің нәтижелері берілген. Математикалық кештің мақсат, міндеттері мен қатар басқа сыныптан тыс жұмыстардың түрлерінен айырмашылығы қарастырылды. Өткізілген зеттеулерге қарағанда мектептерде математикалық кештер соңғы кезде аз өткізіледі. Бұның бірден бір себебі математикалық кешті ұйымдастыру барысында педагогикалық біліктілікті, шығармашылық қабілеттерді, әртістік, режиссерлік шеберлікті ұштастыра білуді талап ететіндігінде. Сонымен қатар, жаңартылған білім мазмұны жағдайында математикалық кештің рөлі мен кешті өткізу барысындағы әдіс-тәсілдер берілген. Бұл мақаладан мұғалімдер математикалық кешті кеңінен түсінуіне алады. Соның негізінде оқушылар арасында математикалық кештерді ұйымдастыру қиындық туғыза қоймайды. Математикалық кеш оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырумен қатар, математикалық ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіндік жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға математикалық білімінің сапасын жоғары деңгейге көтеруге септігін тигізеді.

Түйін сөздер: сыныптан тыс жұмыс, математикалық кеш, көрме кештер, аукцион кештер, көңілді тапқырлар клубы, дөңгелек үстел кештері, шығармашылық есеп шешу кештер.

Аннотация

Б.М. Косанов[1] , Ж.М. Ахмедова[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ МАТЕМАТИЧЕСКОГО ВЕЧЕРА В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

В статье представлены результаты исследования математических вечеров среди внеклассных работ по математике. Наряду с целями и задачами математического вечера рассматривается его отличия от других видов внеклассных работ. Основываясь на проведенные исследования, математические вечера в школах в последнее время проводятся реже. Одной из причин этого является то, что при организации математических вечеров требуется умение сочетать педагогическую квалификацию, творческие способности, артистическое, режиссерское мастерство. Кроме того, в условиях обновленного содержания образования представлена роль математического вечера и методы проведения вечера. Из этой статьи учителя могут широко понять математический вечер. На этой основе организация математических вечеров среди учащихся не вызовет затруднений. Математический вечер способствует повышению интереса учащихся к предмету, развитию математического кругозора, творческих способностей, формированию навыков самостоятельной работы, повышению качества математических знаний на высоком уровне.

Ключевые слова: внеклассная работа, математический вечер, показательные вечера, аукционные вечеринки, конвенционные вечера, клуб весёлых и находчивых, круглые столы, решение творческих задач.

Abstract

THE ROLE OF THE MATHEMATICAL EVENING IN THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION

Kosanov B.M.[1], Akhmedov Zh.M.[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article presents the results of mathematical events’ study among extracurricular activities in mathematics. Along with the goals and objectives of the mathematical event, we consider its differences from other types of extracurricular activities. Based on research, math events in schools have been held less frequently last times. One of the reasons for this is that the organization of mathematical events requires the ability to combine pedagogical qualifications, creative abilities, artistic and directing skills. In addition, the updated content of education presents the role of the mathematical evening and methods of conducting the evening. From this article, teachers can broadly understand math evening. On this basis, the organization of math evenings among students will not cause difficulties. Mathematical evening helps to increase students' interest in the subject, develop their mathematical horizons, creativity, develop independent work skills, and improve the quality of mathematical knowledge at a high level.

Keywords: extracurricular activities, math evening, demonstration evenings, auction parties, fun and resourceful club, round tables, solving creative problems.

Мектепте сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың бірі – математикалық кешті ұйымдастыру. Сабақ кезінде уақыттың аздығынан кең түрде көңіл бөлінбеген мәселелерге мұнда толық тоқталуға болады. Оқушылармен көңілді дем алу олардың сабаққа деген ынтасын оятады. Кеште математиканың өмірде пайдаланылуын жан-жақты көрсете алсақ, оқушылардың математикаға деген қызығушылығы артады. Олардың сабақ үлгерімі жақсарып, білімі кеңейеді. Кеш оқушыларға әсерлі болуы үшін ойланып, жоспарлы түрде дайындық жасау керек. Оқушылардың кешке белсене қатысуы үшін кештің тақырыбын таңдап, мазмұнын анықтап, көпшілікке көркемдеп жеткізудің маңызы зор. Математикалық кеш – сыныптан тыс жұмыстардың барлық түрі қамтылуға қолайлы, жоспарлы түрде өткізілетін мектепішілік іс-шаралардың бірі [1].

Математикалық кештің мақсаты – оқушылардың алған білімдерін одан әрмен кеңейте түсу, оқушылардың жаңа ғылыми және техникалық идеялар әлеміне енуіне жол ашу, олардың практикада, өмірде кең түрде қолданылуына көзжеткізу, өз ойын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Бұл кештердің білім беру, үйрету бағытымен қоса тәрбиелік мәні болуы тиіс, яғни оқушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке баулуға әсер етуі керек. Кешке арнап күні бұрын шақыру билеттері шығарылып, газеттер, ребустар, викториналар, сөз жұмбақтар даярланып ілінеді. Кеш көрнекілігін қамтамасыз ету, кеш жабдықтарын даярлау кештің көңілдегідей өтуіне себебін тигізеді. Кешті дайындауға мүмкіндігінше көп адамдарды қатыстыру керек. Кеш жабдықтарының эстетикалық әсерлі өрнектелуі оқушылардың талғамын арттырып, тапқырлыққа тәрбиелейді. Математикалық кешті өткізуде мектептердің ішкі мүмкіндіктерін барынша пайдалану керек. Мектеп оқушыларының математикалық мазмұндағы өлең-жырларын, интермедияларын, құрастырған есептерін, сөзжұмбақтарын, викториналарын т.б. туындыларын кештерде, қабырға газаттерінде және тағы сол сияқты жерлерде пайдалану, олардың өз жолдастары арасында беделдерін көтереді. Оны оқушылар алдын ала оқып, біліп талдауы маңызды. Және де кешке арнап оқушылар арасында эстетикалық талғамына сай газеттер сайысын ұйымдастыруға болады, сонымен қатар оқушылардың қолдан жасалған математикалық фигураларын, сондай-ақ қызықты математикалық кітаптардан көрмелер ұйымдастыруға болады. Кештерді көп жағдайда эстафеталық түрде қызықты әрі тартысты, жарыс түрінде өткізген жөн. Параллель сыныптардың, не жарысқа қатысушы топтардың өздерінің ұрандары, ұстанымдары, өзіндік ерекшеліктері, татулықтары, құпиясы болуы керек. Кештің жоспары мен өткізілу барысы кеш тақырыбына сай болған жөн. Математикалық кештерде қысқа тарихи фактілер молынан пайдаланылады. (Кітаптар арасында математикалық әдеби шығармаларда баршылық.

Мысалы, Д. Досжановтың «Фараби», Ө. Тұрманжановтың «Отырар туралы ой», С. Бобровтың «Архимедово лето», Н.Е. Кобринский мен В.Д. Пекелистің «Быстрее мысли» т.б. сияқты шығармалары. Оларда оқушыларға ой салады деген ойдамыз.) Мұндай тарихи фактілер С. Елубаев, Н. Шәкуовтың «Математикалық кеш» кітапшасында «Сен білесің бе?» деген тақырыпшамен берілген.

Бұл тарихи фактілерді пайдалана отырып, оқушылардың өздері, мұғалімнің көмегімен математикалық интермедиялар, монтаждар жасап, викториналар құрастыра алады. Кітапшада берілген терминологиялық сұрақтарды математикалық кештерді өткізуде қажетінше пайдалануға болады. Кеште «Біліміңді тексер!», «Ауызша есептеп үйрен!», «Сен білесің бе?!», «Бірден сызып шық», т.б. тақырыптарда газеттер, викториналар ілінеді. Кештің қызықты мазмұнды өтуіне көбірек көңіл бөлу керек. Қызықты математика кештері әсіресе, V-IX сынып оқушылардың қызығушылығын арттырумен бірге, ғылыми мәліметтерді даярлауға, жариялауға ықпал еткені жөн. Қызықты математика кештерінің бағдарламасы әдетте көркемделген, әр алуан айшықты материалдарды қамтиды және мұнда қысқаша хабарламалар, викториналар, математикалық жұмбақтарға зор мән беріледі.

Математикалық кештің басқа да сыныптан тыс жұмыс түрлерінен артықшылығы:

- Оқушылардың кең қамтылуымен қатар, олардың шығармашылық инициативасын, тапқырлығын, дербестігін көрсетуіне мүмкіндік туғызуында;
- Құрамында бірнеше сыныптан тыс жұмыстар болуында;
- Музыкалық қайырымдардың болуында;
- Өткізілу уақытының ұзақтығы мен кешкі уақытта екенінде және т.б.

Математикалық кештерді міндетті түрде кешкі уақытта өткізіле бермейді. Оқушылардың ыңғайына қарай басқа мезгілде өткізуге де болады. Жалпы сыныптан тыс жұмыс формаларының арасына қатаң шекара қоюға болмайды. Дегенмен, математикалық кештер осы формалардың бірнешеуін қамтитын болғандықтан, бұны сол формаларда өткізілген жұмыстардың қорытындысы деуге де болады.

Математикалық кештерін дайындау және өткізу барысында математика мұғалімдерінің біліктілігі көтеріледі [2].

Соңғы кездегі зерттеулер нәтижесін қарастыру барысында мектеп оқушыларының көпшілігінің математика пәніне деген қызығушылықтары өте төмен. Олар математиканы күрделі, түсініксіз, қиын пән ретінде қарастырады. Ғылымдар патшасы деп аталған ғылымға деген мұндай көзқарасты өзгерту, оқушылардың арасында бұл пәннің беделін өсіру, бүгінгі күнгі педагогиканың көкей кесті проблемалардың бірі болып отыр.

Адамды шығармашылыққа үйретудің бір жолы – оны шығармашылық процесстерге үйрету, яғни, шығармашылық әрекеттің мәнін құрайтын құрылымдарға үйрету. Басқалардың бәрі көбінесе, көмекші роль атқарады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында шығармашылық дамудың шешуші қағидасы баланың табиғи инстинктін ескере отырып, интеллектін дамыту болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыстардың арқасында оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға бірден-бір жол ашады. Сыныптан тыс жұмыстардың ішінде оқушылар көбірек ұнататын, олардың қызығушылық белсенділігін арттыратын, ұжымдық, адамгершілік, ұйымдастырушылық, тәрбелік т.б. талаптарын дамытатын түрі – математикалық кештер болып табылады.

Математикалық кештерді әр түрлі формаларда өткізуге болады. Мысалы, креативтік, яғни шығармашылық, ерекшеленген типтегі кештер: есептер құрастыру және шешу кештері: диалог – кештер (дискуссиялар, диспут, эвристикалық әңгіме, дөңгелек стол, дебаттар т.б.); парадокс – кештер (мысалы, “ішi-сырты жоқ көйлек” – мёбус парағы, Евклит геометриясының проблемалары т.б.); фантазия кештері (“ішi-сырты жоқ құмыра” – Клейн бөтелкесі); өнертапқыштық кештер (мысалы, жете алмайтын ара қашықтықтарды өлшеу үшін қолда бар кітапша, күнқағар т.б. заттарды пайдалану т.б.); символдар кеші (мысалы, Леонардо да Винчи шығармаларындағы математикалық символдар, Алтын қима, Фибоначчи сандарының құпиясы т.б.); рольдік ойындар (мысалы,”Математикалық фигуралар айтысы”; “Математикалық ертегі” т.б.); саяхат кеші (мысалы, Пеано аксиомаларына және Гилберт бойынша акисомалар жүйесі мен (анықталмайтын) негізгі түсініктерге саяхат); эвристикалық ситуация кеші; кері сабақ кеші (оқушы мұғалім ролінде); болашақ мектептегі математикалық кеш; шешімі жоқ есептерді шешудің жаңа технологиялары (мысалы сағат циферблатының көмегімен бұрыштың трисекциясын салу т.б.) [3].

Коммуникативтік типтегі кештер: көрме кештер; аукцион кештер; конверенция кештер; көңілді тапқырлар клубы; спектакль кештер; дөңгелек стол кештері; шығармашылық есеп шешу кештері т.б.; ғалымдармен кездесу; көрмелер; коллекциялар ұйымдастыру, ойындар; кроссвордтардан, қызықты математикадан жарыстар, конкурстар; математикалық тақырыптық кештер; ғалымдардың өмірі мен қызметіне арналған кештер; белгілі бір проблемаларға арналған кештер (мысалы, «$\pi\pi$ саны», «Таза математика», «Қолданбалы математика» т.б.); жас ерешеліктерге байланысты төменгі сынып оқушыларына арналған, жоғары сынып оқушыларына арналған кештер т.б.

Мектептегі параллель сынып оқушыларымен немесе көбінесе V мен VII және VIII мен X сынып оқушыларымен математикалық кештер өткізіледі [4].

Математикалық кешті даярлау және өткізу өте қиын жұмыс, сондықтан жас мұғалім жақсы даярлықпен жыл бойы математикалық бір кеш өткізсе, сол жеткілікті болады.

Кештің барлық даярлық жұмысын жүргізу үшін математика мұғалімінен және 4-5 оқушыдан топ құрылады. Бұл топ математикалық кеште жүргізілетін шараларды, оларды кімдер қашан даярлауы керек екендігін көрсетіп жоспар жасайды. Бұл белгіленген шаралардың сапалы болып даярлануын және орындалуын оқушылар өздері басқарып, тексеріп отырады. Бірақ жалпы жауапкершілік мұғалімде болады.

Математикалық кештердің бағдарламалары және мазмұндары әр түрлі болуы мүмкін, бірақ V мен VII сыныптар арасында оқушыларға арнап математикалық кештер даярлағанда, олардың көз тартатын әртүрлі әшекейлерге, жұмбақтарға т.с.с. үйір болатыны есте болу керек.

Математикалық кешке арнап математикалық газет, фотомонтаж шығаруға болады. Математикалық кеш өткізілетін залға (сыныпқа) математикалық портреттері, математикалық мазмұнды плакаттар ілінеді. Плакаттарға математика турасында айтылғандар, қызықты есептер, софизмдер, геометриялық сызбалар т.б. жазылуы мүмкін. Бұл плакаттарға эпидиаскоппен оқушылардың көңілін аудорарлықтай қызықты суреттер салуға (мұндай суреттер Перельманның кітаптарынан т.б. алуға) болады. Оқушылардың сабақ процесі кезінде уақыттың тығыздығынан кең түрде көңіл бөлінбеген мәселелерге мұнда толығырақ тоқталуға болады, шығармашылық жұмыстармен айналысып, логикалық ойлауды, танымдық әрекетті дамытатын қызықты есептер шығарып, бас қатырулар, кроссвордтар шешіп, ойындар ойнауға және өздігінен есептер, ойындар құрастыруына мүмкіндік туады.

Кештерді өткізу нәтижесінде оқушылардың білімге құштарлығы оянады; ұлттық дәстүрлі ойындар негізінде оқушының ақыл-ой тәрбиесі болып табылатын адамгершілікті, отан сүйгіштік, елге деген махаббаты күшейеді; әдебиеттерді оқу, ізденгіштік және зерттеушілік іскерліктері мен машықтарын шыңдауға зор ықпал етеді. Кештің өтілу барысында газетте жарияланған конкурстық есептердің қорытындысын жариялап, оқушылардың еңбектеріне қарай марапаттаулар жасауға болады. Және де тақырыпқа байланысты әр түрлі әзілдер айтуға, сахналық көріністер көрсету тиімді [5].

Математикалық кешімізді аяқтай келе тақырыпқа байланысты өлең, жыр, күй орындап жарысты қызықты, әрі әсерлі аяқтауға болады. Бұл оқушыларды оқу процесі кезінде алған эмоционалдық кернеуін төмендетуге көмегін тигізеді. Математикалық кешті қорытындылай келе қазылар алқасының шешімі тыңдалып, жеңіске жеткен топты, жеке оқушыларды, жетекшілерді марапаттап болған соң, қазылар алқасының төрағасы сөз сөйлеп осы кешті аяқтайды. Кешті өткізу мұғалімнің өзіндік сараптама-талдау жасауымен аяқталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Қаңдыбаев Қ.И., Сатыбалдиев О.С., Джанабердиева С.А. Математиканы оқыту әдістемесі: оқулық – Алматы. Дәуір, 2013. – 368 бет*

2 *Абылкасымова А.Е., Рыжаков М.В., Шишов С.Е. и др.; Современные тенденции развития непрерывного педагогического образования // Центр развития пед. образования. – Алматы: Атамұра, 2016. – 272 с.*

3 *Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. Алматы: Комплекс, 2004 . - 218 бет*

4 *Елубаев С., Шәкуов Н. Математикалық кеш. – Алматы: Мектеп - 1971. – 103 бет*

5 *Гусев В. А., Орлов А. И., Розенталь Внеклассная работа по математике в 6 - 8 классах: книга для учителя /– М.: Просвещение, 1984. - 285* с.

МРНТИ 27.01.45
УДК 372.851

Б.М. Қосанов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

«ӘБЖӘД ЕСЕБІ» – ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

Аңдатпа

Қай халықты алмасақ та, оның тәжірибелік математиканы оқытудың дәстүрлі түрде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Бұл әдіс-тәсілдердің жиынтығы сол халықтың ұлттық математикалық мәдениетін құрайды. Алайда, әлі күнге дейін Қазақстандағы мұсылмандық мектептерде математиканы оқытудың аса бай материалдары толығымен зерттеліп, жүйеге түсіріле қойған жоқ. Қазіргі күні бұған деген мұқтаждық артып отыр десек, артық айтпаған болар едік. Сондықтан «әбжад есебі» атты оқу материалына тыңғылықты талдау жасалған бұл мақала математикалық білім беру ісіне қатысы бар барлық адамдардың қызығушылығын тудырары сөзсіз. Сонымен қатар мақалада біздің ата-бабаларымыздың осы математикалық білімдерді жұмбақ-айтыстар мен тарихи оқиғалардың мерзімін белгілеуде қалай шеберлікпен қолдана білгендігі туралы нақты дәлелдер келтірілген.

Түйін сөздер: математика, математикалық сауаттылық, математикалық білім беру, әбжад есебі, «бабди-бажуан» кестесі, әбжәд есебінің қолданылуы, жұмбақ-айтыс.

Аннотация

Б.М. Қосанов
Казахский педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

«ХИСАБ АБДЖАД» – ЗОЛОТОЕ СОКРОВИЩЕ КАЗАХСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

У всех народов существовали свои приемы и способы обучения практической арифметике, которые по традиции переходили от поколения к поколению. Совокупность этих приемов и способов обучения составляет национальную математическую культуру этого народа. Однако до настоящего времени никто еще серьезно не задавался целью систематизировать и подробно исследовать богатейшие материалы практики обучения арифметике в мусульманских мектебах Казахстана, между тем в этом чувствовалась сильная необходимость. Поэтому предлагаемая статья, содержащая подробный анализ учебного материала «хисаб абджад» должна представлять значительный интерес для всех лиц, имеющих отношение к математическому образованию. А также в статье приводятся конкретные доказательства о том, что как умело примененяли наши предки эти математические знания в загадках-состязаниях и в хронологии.

Ключевые слова: математика, математическая грамотность, математическое образование, хисаб абджад, таблица «бабди-бажуан», применение хисаб абджад, загадки-состязания.

Abstract

«HISAB ABJAD» - THE GOLDEN TREASURE OF THE KAZAKH NATIONAL MATHEMATICAL CULTURE

Kossanov B.M.
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

All peoples had their own methods and methods of teaching practical arithmetic, which traditionally passed from generation to generation. The combination of these methods and methods of teaching is the national mathematical culture of this people. However, until now, no one has seriously set out to systematize and study in detail the rich materials of the practice of teaching arithmetic in the Muslim mektebs of Kazakhstan, meanwhile, there was a strong need for this. Therefore, the proposed article containing a detailed analysis of the educational material "hisab abjad" should be of significant interest to all persons related to mathematical education. The article also provides concrete evidence that our ancestors skillfully applied this mathematical knowledge in riddles-competitions and in chronology.

Keywords: mathematics, mathematical literacy, mathematical education, hisab abjad, table babdi-baguan, application of hisab abjad, riddles-competitions.

Қазіргі заманғы математика ғылымының көптеген жаңалықтары мұсылман елдерінде ашылды деуге болады (қазіргі заманғы арифметика, ондық бөлшектер, теңдеулер, алгебра, тригонометрия, т.с.с.). Бұл білімдер кейіннен Еуропаға жетіп, бүкіл дүние жүзіне белгілі болды және әлемдік математика ғылымында «цифр», «алгебра», «алгоритм», «түбір», «синус» сияқты қазіргі заманғы математикалық терминдердің қалыптасып, орнығуына жол ашты. Жалпы алғанда, мұсылман елдері математикасында натурал сандарды таңбалаудың мынадай екі түрі қолданылған: 1) үнді цифрлары (аркам әл-Хинд); 2) әріптік нумерация (Абжад хисаб).

Алғашқыда үнділіктерден шыққан қазіргі цифрлармен еуропалықтар мұсылман математиктерінің еңбектері арқылы танысқандықтан, олар кейіннен араб цифрлары деп аталып кетті. Мұсылман әлемінде бұл цифрларға дейін сандарды әріптер арқылы таңбалау кеңінен таралды, ол қазақтар арасында «Әбжәд есебі» деп аталады. Оған жас балалардың санасына мұсылмандық дүниетанымды енгізудің аса маңызды құралы ретінде ерекше мән беріліп, мұсылмандық мектептерде жүйелі түрде оқытылды.

Мұсылмандық мектептерде шәкірттер сауат ашуды араб алфавитінің 28 әрпін алфавиттік реті бойынша жаттаудан бастаған. Мұны «Әліп-би» деп атаған. «Әліп-биді» толық меңгергеннен кейін шәкірт «Әбжәд есебін» оқуға көшетін болған. «Әбжәд есебі» дегеніміз - арабтың алфавиттік нумерациясына негізделген сандар математикасы. Мұнда дауыссыз дыбысқа сәйкес келетін араб әріптерінің әрқайсысының сан бойынша ұстайтын өзіндік орындары болады (1-сурет)және әріптер оқушылардың жаттауына ыңғайлы болу үшін төмендегідей сегіз сөзге топтастырылады [1].



Сурет 1. Дауыссыз дыбысқа сәйкес келетін араб әріптері.

Мұны қазіргі әріптер мен цифрлар арқылы жазсақ, мынадай болады:

а б ж д һ у з х т и к л м н с ғ ф с
1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 20 30 40 50 60 70 80 90
қ р ш т с х з з з ғ
100 200 300 400 500 600 700 800 900 1000

Мұнда бірліктер, ондықтар, жүздіктер және мың саны сегіз сөзге жайдан-жай топтастырылып алына салмаған. Ерекше назар аударарлық мәселе, алғашқы төрт әріптен тұратын «Абжд» сөзіндегі әрбір әріптердің сандық мағынасы - 1,2,3 және 4. Біздіңше, ол «төрт тек» ұғымымен байланысты алынған, мұнда дүниені құраушы негізгі тектер - жер, су, жел және от (дененің қатты, сұйық, газ және плазма күйлері) қамтылған. Сонымен қатар ол төрткіл дүниені де (солтүстік, оңтүстік, шығыс және батыс) меңзейді. «Абжд» сөзіне сәйкес келетін сандардың қосындысын қарастырсақ:

$$1 + 2 + 3 + 4 = 10.$$

Бұдан «Абжд» сөзінің терең математикалық мағынасы келіп шығады, ол бүкіл математиканың негізі болып саналатын ондық санау жүйесін білдіреді. Тағы бір байқайтынымыз, егер осы төрт санды барлық мүмкін болатын жолдармен қоссақ, 10-ға дейінгі барлық сандарды шығарып алуға болады:

$$1 + 4 = 2 + 3 = 5;\ 1 + 2 + 3 = 6;\ 1 + 2 + 4 = 7;\ 1 + 3 + 4 = 8;\ 2 + 3 + 4 = 9.$$

Қорыта айтқанда, «Әбжәд есебінің» негізін құрайтын алғашқы сөзге әріптер кездейсоқ жинақталмаған, осы сөздің әріптеріне сәйкес келетін алғашқы төрт натурал сан басқа барлық сандардың кілті, есеп-қисап жүргізудің негізі деп саналған. Тағы бір көңіл аударарлық жайт, «Әбжәд есебі» бойынша әріптер жинағы ретінде топтастырылған сөздерде көбіне дауыссыз дыбыстар қатар келеді. Мысалы, «абжд», «қлмн», т.с.с. Ыңғайлылық үшін осы сөздерді айтқанда әріптік дыбысты харекелеу, яғни демеу үшін олардың арасына дауысты дыбыстар қосылып айтылады. Мысалы, «абж(а)д», «к(а)л(а)м(а)н», т.с.с. Мұндағы жақша ішіндегі әріптер сандық мәндерді білдірмейді, олар осы сөздерді айтқанда әріптік дыбысты харекелеу үшін ғана қолданылады.

Сандарды «Әбжад есебі» бойынша таңбалау мұсылман халықтары арасында «жұмал» немесе «арками жұмал» деп те аталады. «Жұмал» сөзі қосынды, ал «арками жұмал» сөзі жұмал цифрлары деген мағынаны білдіреді. Бұл атаулар көп таңбалы сандардың аддитивтік тәсіл бойынша таңбаланатындығын көрсетеді. Мұнда кез келген санды «жұмал цифрлары» арқылы былайша таңбалауға болады: алдымен қажетті санның жоғарғы разряд бірлігіне сәйкес келетін әріп, одан кейін ретімен келесі кіші разряд бірліктеріне сәйкес әріптер оңнан солға қарай тізіліп жазылады. Мысалы, 1229 санын қазіргі әріптерді пайдаланып, «ТКРҒ» сөзі түрінде жазуға болады (біз жазылу ретін араб жазуындағы сияқты, солдан оңға қарай келтірдік). Сонда бұл сөздің әбжәдтық мағынасы былай болып шығады:

$$1229 = 9 + 20 + 200 + 1000 = Қ + Т + Р + Ғ$$

Бұл жерден «Әбжәд есебінің» неліктен кейде «Жұмал» деп аталатындығы байқалады. «Әбжәд есебі» бойынша қосу мен азайту амалдарын орындау аса қиындық келтірмейді. Мұнда көбейту амалын орындау үшін алдымен тақпақ түрінде құрастырылған көбейту кестесін жатқа білу талап етіледі. Қазақтар арасында ол «Бабди бажуан» деген атаумен белгілі болған. «Бабди бажуан» кестесі дегеніміз-әбжәд әріптерінен топтастырылған 30 сөзден тұратын кесте (2-сурет). Қазақ даласындағы мұсылмандық мектептерде кеңінен қолданылған «Хуласати ал-масаил» («Мәселелердің мән-мағынасы») атты оқу құралында «Бабди бажуан» кестесінің төмендегідей нұсқасы келтірілген [2].



Сурет2. «Бабди бажуан» кестесінің нұсқасы.

Егер оны қазіргі әріптермен жазып шықсақ, мынадай болар еді:

Б(А)БД(О) 2 2 4	Ж(А)ЖТ(О) 3 3 9	Д(А)ДИ(А)У 4 410 6	Һ(А)ҺК(А)Һ(И) 5 5 20 5
Б(О)ЖУ(ЕН) 2 3 6	Ж(А)ДИ(А)Б(И) 3 410 2	Д(А)Һ(ИН)К(А) 4 5 20	Һ(А)УЛ(О) 5 6 30
Б(А)ДХ(О) 2 4 8	Ж(А)ҺИ(А)Һ(ЕН) 3 510 5	Д(А)УК(А)Д(И) 4 6 20 4	Һ(А)ЗЛ(А)Һ(ИН) 5 7 30 5
Б(А)Һ(А)И(ИН) 2 5 10	Ж(А)УИ(А)Х 3 6 10 8	Д(А)ЗК(А)Х(ИН) 4 7 20 8	Һ(А)ХМ(О) 5 8 40
Б(А)УИ(А)Б(И) 2 6 10 2	Ж(А)З(ИА)КА 3 7 20 1	Д(А)ХЛ(А)Б 4 8 30 2	Һ(А)ТМ(А) Һ(ИН) 5 9 40 5
Б(А)ЗИ(А)Д(ЕН) 2 7 10 4	Ж(А)ХК(А)Д(И) 3 8 20 4	Д(А)Т(ИН)Л(А)У 4 9 30 6	
Б(А)ХИ(А)У 2 8 10 6	Ж(А)ТК(А)З(ИН) 3 9 20 7		
Б(А)ТИ(А)Х 2 9 10 8			
У(А)УЛ(А)У(ИН) 6 6 30 6	З(А)ЗМ(А)Т(ИН) 7 7 40 9	Х(А)ХС(А)Д(И) 8 8 60 4	Т(А)ТФА(ЕН) 9 9 80 1
У(А)ЗМ(А)Б 6 7 40 2	З(А)ХН(А)У 7 8 50 6	Х(А)ТҒ(И)Б 8 9 70 2	
У(А)Х(ИН)М(А)Х 6 8 40 8	З(А)Т(ИН)С(А)Ж 7 9 60 3		
У(А)ТН(А)Д(И) 6 9 50 4			

Кестенің алғашқы екі сөзі «б(а)бд(о)» мен «б(о)жу(ен)» көбейту кестесінің атауын білдіреді. Әр сөздегі алғашқы екі әріп көбейткіштердің сандық мәндерін, ал соңғы әріп (немесе әріптер) көбейтіндінің сандық мәнін сипаттайды. Мысалы, әбжәд есебі бойынша «б(а)бд(о)» сөзіндегі «б» әрпі 2-ге, «д» әрпі 4-ке сәйкес келеді, сондықтан бұл сөз «екі жердегі екі-төрт» деген мағынаны береді. Келесі «б(о)жу(ен)» сөзіндегі «б» мен «ж» әріптері сәйкесінше, 2 мен 3 сандарын, ал соңғы «у» әрпі олардың көбейтіндісінің мәнін, яғни 6 санын анықтайды, демек, ол «екі жердегі үш - алты» дегенді білдіреді. Осы сияқты кестедегі «х(а)хс(а)д(и)» сөзін алайық. Мұндағы «х» және «х» әріптері «8·8» өрнегін анықтайды, ал соңғы «с» мен «д» әріптерінен құралған «сд» конструкциясы «64» санына сәйкес келеді. Ендеше, бұдан «х(а)хс(а)д(и)» сөзі «8·8 = 64» дегенді білдіретіндігі келіп шығады [3].

Енді әбжәд есебі бойынша кез келген екі таңбалы сандарды көбейту тәсілін қарастырайық. Ол үшін көбейткіштері әбжәд есебі арқылы берілген 25×14 көбейтіндісін алып көрейік.

Әбжәд бойынша 25 санына «ХК», ал 14 санына «ДИ» конструкциялары сәйкес келеді (мұнда қазіргі әріптер пайдаланылғанымен, жазу араб тіліндегі сияқты, оңнан солға қарайғы ретпен жүзеге асырылған, мәселен, «К» әрпі 20-ны, ал «Х» әрпі 5-ті сипаттайды). Сонда «25×14» өрнегі «ДИ×ХК» ретінде түсініледі. Берілген сандарды көбейтуді орындау барысындағы ойлау реті төмендегідей болады:

$$«\text{Д} \times \text{ХК} + \text{И} \times \text{ХК} = (\text{Д} + \text{И}) \times \text{ХК} = \text{ДИ} \times \text{ХК}»$$

Сонда:

$$«\text{Һ} + \text{Р} = \text{И} \times \text{Х} + \text{И} \times \text{К} = \text{И} \times (\text{Х} + \text{К}) = \text{И} \times \text{ХК}»$$

Бұл жердегі

$$«\text{Р} = \text{И} \times \text{К}», \text{ ал } «\text{Һ} = \text{И} \times \text{Х}»$$

Сол сияқты

$$«\text{К} + \text{Ф} = \text{Д} \times \text{Х} + \text{Д} \times \text{К} = \text{Д} \times (\text{Х} + \text{К}) = \text{Д} \times \text{ХК}»,$$

Мұндағы

$$«\text{Ф} = \text{Д} \times \text{К}», \text{ ал } «\text{К} = \text{Д} \times \text{Х}»$$

Сонымен,

$$«\text{НШ} = \text{Һ} + \text{Ш} = \text{Һ} + (\text{Р} + \text{К}) = (\text{К} + \text{Ф}) + (\text{Һ} + \text{Р}) = «\text{ДИ} \times \text{ХК}»$$

Нәтижеде алынған «НШ» конструкциясы әбжәд бойынша - 350, демек,

$$25 \times 14 = 350.$$

Қазіргі күні қазақ арасында араб алфавиті қолданылмайтындықтан, «Бабди бажуан» кестесінің ешқандай тәжірибелік мағынасы жоқ екендігі түсінікті. Бірақ өз кезеңінде, әсіресе, қазақ арасында мұсылмандық мектептер кеңінен таралған XVIII – XIX ғасырларда бұл кесте балаларды мұсылмандық математикаға оқытуда қолайлы рөл атқарған. Біріншіден, «Бабди бажуан» кестесі тақпақ түрінде құрастырылғандықтан, тез жатталады және жеңіл есте сақталады. Екіншіден, ырғақты сипаты арқылы сандармен жеңіл сәйкестендіріледі.Үшіншіден, ол уақытты үнемдеу принципі бойынша құрастырылған, мұнда оқушылар көбейту кестесінің бір жағдайына сәйкес ұзақ сөйлемді айтып жатпай, оның орнына бір немесе екі ғана сөзді айтады, мәселен, «екі жерде сегіз он алты» деген сөйлем орнына «Б(А)ХИ(А)У» («Б×Х=ИУ») деп айтады.

«Әбжад есебі» мұсылмандық мектептерде жалаң түрде ғана оқытылмаған. Бұл мектептерде білім алып, әлемдік өркениетке өзіндік үлес қосқан мұсылман ғалымдары оның терең сырларын меңгеру үшін ондаған жылдық өмірлерін сарп еткен. Осылайша олар әбжәдтың құпияларын ғылыми тілмен түсіндіру арқылы адамзаттың бүкіл әлем, жаратылыс туралы білім-түсініктерін кеңейтуге, тереңдете түсуге тырысқан. Мұсылман ғұламалары оны жалпы дүниені танудың кілті деп түсінген және әбжәд туралы білімдерін философияда, геометрияда және тағы басқа ғылым салаларында аса шеберлікпен қолданып отырған. «Әбжәд есебі» әсіресе, тарихи оқиғалардың мерзімін белгілеуде кеңінен қолданылған. Мысал ретінде XVI ғасырда өмір сүрген бұқаралық тарихшы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-их Шахи» атты кітабын алайық. Кітап атауының қазіргі әріптер арқылы жазылуы мынадай болады: «ШРФНАМХ ШАХИ». Осы екі сөздегі әріптердің әбжәдтық мәнін анықтап көрелік.

Әріптер	Ш	Р	Ф	Н	А	М	Х	Ш	А	Х	И
Сандық мәндері	300	200	80	50	1	40	5	300	1	5	10

Осы кестедегі сандардың жұмалдық мәндерін, яғни қосындыларын анықтайық:

$$300 + 200 + 80 + 50 + 1 + 40 + 5 + 300 + 1 + 5 + 10 = 992.$$

Сонда кітап атауының өзі оның хижраның 992 жылы жазылғандығын көрсетеді. Қазіргі жыл санау бойынша, ол 1584 жылға сәйкес келеді [1].

Енді әлемдік ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан ортаазиялық ғұлама Әбу Ғали ибн Сина туралы айтылатын мына бір өлең шумағын алайық.

«Әбу Ғали ибн Сина келді ақиқат,
Жоқ еді, жомарт берді «шажағ» жылында.
Көзіне «шаса» ғылымның шыңты шыңына,
Қолын созды жаһанға, кетті қайтып «тәказ»-да».

Мұндағы «шажағ», «шаса» және «тәказ» сөздері сәйкесінше, ШЖҒ, ШСА және ТКЗ түрінде жазылады және олардың әбжәдтық мәндері сәйкесінше, мынадай болады: Ш=300, Ж=3, Ғ=70, жиындысы: 373; Ш=300, С=90, А=1, жиындысы: 391; Т=400, К=20, З=7, жиындысы: 423.

Бұл өлең шумағындағы қарастырылып отырған сөздердің хижра жыл санауы бойынша, 373-інші, 391-інші және 423-інші жылдар екендігін көрсетеді. Олар қазіргі жыл санау бойынша, 983-інші, 1001-інші және 1036-інші жылдарға сәйкес келеді. Демек, жоғарыдағы өлең шумағы ибн Синаның 983 жылы туып, 1001 ж. ғылым шыңына шыққандығын және 1036 ж. дүниеден қайтқандығын анықтайды [4].

«Әбжәд есебі» негізіндегі математикалық білімдер қазақ ауыз әдебиетінің үлкен саласының бірі-айтыстың бір түрі жұмбақ айтыстарда асқан шеберлікпен қолданылған. Мұнда жұмбақтың негізгі нысаны сан мен есеп болып келеді. Мәселен, «Шәкей сал мен алты ақынның» айтысында Кете Жүсіп Ешниязұлы деген ақын қарсыласына өз аты-жөнін былайша жұмбақтап келтіреді:

«...Басы - он, ортасы - алпыс, соңы - сексен,
Бұл нұсқау хабар берер біздің аттан...» [5].

Егер бұл жұмбақтағы сандардың «Әбжәд есебіне» сәйкес әріптік мәндерін табатын болсақ, онда 10 санына «И», 60 санына «С», ал 80 санына «Ф» әріптері сәйкес келетіндіктен, араб әріптерімен жазылған «ИСФ» сөзі шығады. Қазақшалағанда, ол осы өлең шумағын айтып отырған ақынның есімінің Жүсіп екендігін білдіреді.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы, Керейіт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіптің айтысынан үзінді келтірелік.

Керейіт Даңмұрынның жұмбағы:

«Келеді жұмбағымның басы былай:
Үш басты, - деп айтады, - бір хайуанат.

Әз екен алты аяқты ауыр дене,
Тәні алпыс,екі жағында алты қанат.
Бітімі екі тарақ құйрық екен,
Бір мақұлық қасиетті зор хабардат...».

Қаңлы Жүсіптің шешуі:

«...Жасымда қылған екен маған енші,
Ата - анам осы түрлі хайуанатын.
Сол мақұлық сонан бері біздің қолда,
Еткенсін ием лайық қызметін.
«Сұрайтын сұраушыдан білем» десе,
Әбжәдтән есеп қылсын Жүсіп атын.
Сол кезде анық байқап, көзі көрер,
Мақұлықтың жұмбақ қылған түр - сипатын...» [5].

Мұнда «Үш басты», «Алты аяқты ауыр дене», «Екі жағында алты қанат», «Бітімі екі тарақ құйрық» деп Жүсіп есімінің арабша жазылуы, ал «Тәні алпыс» деп Жүсіп есімінің осы арабша жазылуындағы дәл ортадағы «С» әрпінің әбжәд есебі бойынша ұстайтын сандық мәні жұмбақталынып отыр. Сонда бұл жерде Қаңлы Жүсіптің жауабынан оның жұмбақты дұрыс шешкені көрініп тұр.

Енді қазақ арасында кеңінен таралған «Қыз бен жігіт айтыстарынан» тағы екі мысал келтірейік.

1) *«Жігіт:*

Сары көлдің бар екен алпыс қазы.
Сол қаздардың екі жүз балапаны,
Тоғыз үйрек, дәл елу қасқалдағы,
Артық - кемсіз айтқаным - әбжәд саны.

Қыз:

Бір қызға жеті жігіт зар болады,
Екі жаман қосылса,сор болады.
Жасымды артық - кемсіз, мен айтайын,
«Зәл» - ге «Дәл» - ді қоссаңыз, сол болады» [6].

Алдымен жігіт тарапынан айтылған өлең шумағына назар аударайық. Әбжәд бойынша, 60 саны «С», 200 – «Р», 9 – «Т», 50 – «Н» әріптерін білдіреді, бұдан «СРТН» сөзі келіп шығады. Демек, жігіт өзінің саратан айында туғанын жұмбақтап отыр (ол байырғы қазақ календары бойынша, маусым айына сәйкес келеді). Ал қыз тарапынан айтылған шумақтардағы «Зәл» әрпінің әбжадтық саны - 7, «Дәлдікі» - 4 және 7 + 4 = 11. Бұл жерден қыздың өзінің 11 жаста екендігін жұмбақтап отырғанын байқаймыз.

2) *«Қыз:*

Цифр бар «Жиырмасыншы» сөз басында,
«Отыз» бен «Сегіз жүз» тұр қасында.
Және тағы «Жетпіс» пенен «Сексен» де бар,
Осы сөз білесің бе қай фасылда?

Жігіт:

Цифрдан жиырмасыншы «Каф» шығады,
Отыз – «лям», сегіз жүзден «Зат» шығады,
Жетпістен шығатұғын «Ғайын» қарпі,
Сексеннен «Фи» таңбалы хат шығады.
Жиылтып бес қаріпті оқығанда,
Ішінен «Күлзағифа» ат шығады» [3].

Әбжәд бойынша, қыздың айтқан жұмбағындағы сандардың әріптік мәндерін табайық: 20-«К», 30-«Л», 800-«З», 70-«Ғ», ал 80-«Ф». Осы әріптерді біріктірсек, «КЛЗҒФ» сөзі шығады. Жігіттің жауабынан оның жұмбақты дұрыс шешкенін байқаймыз. Шынында да жігіттің айтқанына сәйкес, осы бес әріпті жинақтап оқысақ, қыздың атының Күлзағифа екендігін көреміз.

Сонымен қорыта айтқанда, мұсылмандық дүниетанымның қайнар бұлағы, әрі қазақ халқының байырғы математикалық мәдениетінің куәсі болып табылатын «Әбжәд есебі» - адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған түрлі білімдері негізінде шебер құрастырылған, терең философиялық және математикалық ойдың жемісі. Ол - қазіргі заманғы цифрлар ойлап табылғанға дейінгі (IX ғ.) кезеңде мұсылман халықтары арасында кеңінен таралған және алфавиттік нумерацияға негізделген сандар арифметикасы.

Қазақ арасында мұсылмандық мектептерде «Әбжәд есебіне» негізделген сандар математикасынан заман талабына сай жүйелі мағлұмат берілген. Мұны мұсылмандық мектептерде білім алып, тәрбиеленген қазақ ақындарының «Әбжәд есебі» туралы білімдерін айтыс жанрының аса қиын саласы – «жұмбақ айтыстарда» асқан шеберлікпен қолдана білгендігінен аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1 Нурсултанов К. Арифметика в казахско-татарских школах дореволюционного Казахстана. // Математика и механика (сб. ст. соискателей и аспирантов). Вып. 4, 1969, с. 90-106.

2 Қосанов Б.М. Ана тіліндегі алғашқы математика оқулықтары. -А.,2015, 500 с.

3 Ақпанбек Ғ. Абжад есебі. «Шипагерлік баян» газеті, №9, 2005, 4 б.

4 Айтыс.Екінші том. - А.,1965, 567 б.

5 Қырық қазына (қазақ халқының ауызша есептері). - А.,1987, 80 б.

МРНТИ 27.33.19
УДК 517.968.7

М.Д. Кошанова[1], М.А. Муратбекова[1], Б.Х. Турметов[1]

[1]Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

О РАЗРЕШИМОСТИ ОДНОЙ КРАЕВОЙ ЗАДАЧЕ ДЛЯ НЕЛОКАЛЬНОГО УРАВНЕНИЯ ПУАССОНА

Аннотация

В настоящей работе в классе гладких функций изучены свойства оператора преобразования с ортогональной матрицей. Для таких операторов преобразований находится обратный оператор. В классе гладких функций в шаре приведены свойства интегро-дифференциальных операторов дробного порядка в смысле Адамара. С помощью ортогональной матрицы в пространстве R^n рассматривается нелокальное уравнение Пуассона. Нелокальное уравнение имеет некоторые общие свойства с классическим уравнением Пуассона. Основное различие между нелокальным и классическим уравнением Пуассона состоит в том, что нелокальное уравнение выполняется различных точках области. В качестве приложений введенных операторов исследуются вопросы разрешимости одной краевой задачи для нелокального уравнения Пуассона. В качестве граничного оператора рассматривается дробная производная в смысле Адамара. Доказаны теоремы о существовании и единственности решения исследуемой задачи.

Ключевые слова: нелокальное уравнение, уравнение Пуассона, дробная производная, оператор Адамара, задача Дирихле,задача Неймана, функция Грина.

Аңдатпа

М.Д. Кошанова[1], М.А. Муратбекова[1], Б.Х. Турметов[1]

[1]Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ЛОКАЛЬДЫ ЕМЕС ПУАССОН ТЕҢДЕУЛЕРІ ҮШІН ШЕТТІК ЕСЕБІНІҢ ШЕШІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

Бұл жұмыста тегіс функциялар класында ортогоналды матрицасы бар түрлендіру операторының қасиеттері зерттелген. Мұндай түрлендіру операторлары үшін кері оператор бар. Шардағы тегіс функциялар класында Адамар мағынасында бөлшек ретті интегро-дифференциалдық операторлардың қасиеттері келтірілген. Ортогональды матрицаның көмегімен кеңістікте Пуассонның сызықты емес теңдеуі қарастырылады. Сызықты емес теңдеу Пуассонның классикалық теңдеуімен кейбір жалпы қасиеттерге ие болады. Пуассонның сызықты емес және классикалық теңдеуі арасындағы негізгі айырмашылық-бұл сызықты емес теңдеу аймақтың әр түрлі нүктелерінде орындалады. Енгізілген операторлардың қосымшасы ретінде Пуассонның локальды емес теңдеуі үшін бір шеттік есептің шешілу сұрақтары зерттеледі. Шекаралық оператор ретінде Адамар мағынасында бөлшек туынды қарастырылады. Зерттелетін есептің бар болуы мен шешуінің біртұтастығы туралы теоремалар дәлелденді.

Түйін сөздер: локальды емес теңдеу, Пуассон теңдеуі, бөлшек ретті туынды, Адамар операторы, Дирихле есебі, Нейман есебі, Грин функциясы.

Abstract

ON SOLVABILITY OF A BOUNDARY VALUE PROBLEM FOR THE NONLOCAL POISSON EQUATION

KoshanovaM. [1], Muratbekova M. [1], Turmetov B. [1]
[1]A.Yasaui International Kazakh-Turkish University, Turkestan,Kazakhstan

In this paper, we studied the properties of a transformation operator with an orthogonal matrix in the class of smooth functions. The inverse operator is found for such transformation operators. In the class of smooth functions in a ball, properties of integro-differential operators of fractional order in the sense of Hadamard are given. We consider the nonlocal Poisson equation with the orthogonal matrix in space. The nonlocal equation has some general properties with the classical Poisson equation. The main difference between the non-local and classical Poisson equation is the non-local equation is satisfied at different points in the domain. The solvability of a single boundary value problem for the nonlocal Poisson equation is investigated as applications of the introduced operators. The fractional derivative in the sense of Hadamard is considered as a boundary operator. The theorems on the existence and uniqueness of the problem solution under investigation are proved.

Keywords: nonlocal equation, Poisson's equation, fractional derivative, Hadamard operator, Dirichlet problem, Neumann problem, Green function.

1. Введение

Пусть $\Omega = \{x \in R^n : |x| < 1\}$ - единичный шар, $n \ge 2, \partial\Omega$ - единичная сфера, - оператор Дирака, где $r\frac{d}{dr} = \sum_{j=1}^{n} x_j \frac{\partial}{\partial x_j}$. Пусть далее $u(x)$ гладкая функция в области $\bar{\Omega}$.

Для любого $\alpha > 0$ выражение

$$J^{\alpha}[u](x) = \frac{1}{\Gamma(\alpha)} \int_0^r \left(\ln\frac{r}{\tau}\right)^{\alpha-1} u(\tau\theta)\frac{d\tau}{\tau}$$

называется интегралом порядка α в смысле Адамара [1].

Пусть $\mu \ge 0$. Введем операторы

$$J_\mu^\alpha[u](x) = \frac{1}{\Gamma(\alpha)} \int_0^1 \left(\ln\frac{1}{\tau}\right)^{\alpha-1} \tau^{\mu-1} u(\tau x)d\tau, D_\mu^\alpha[u](x) = r^{-\mu} J^{m-\alpha}\left[\delta^m\left[\tau^\mu \cdot u\right]\right](x), m-1 < \alpha \le m.$$

В дальнейшем будем считать $D_0^\alpha = D, J^0[u](x) = D^0 u(x) = u(x)$.

Пусть S – действительная, ортогональная матрица $S \cdot S^T = E$. Предположим также, что существует такое натуральное число $l \ge 2$ что $S^l = E.$.

Пусть $0 < \alpha \le 1,\ a \in R$. Рассмотрим в области Ω следующую задачу

$$-\Delta u(x) - a\Delta u(sx) = f(x), x \in \Omega, \tag{1}$$

$$D^\alpha u(x) = g(x), x \in \partial\Omega. \tag{2}$$

Решением задачи (1),(2) назовём функцию $u(x) \in C^2(\Omega) \cap C(\bar{\Omega})$, для которой функция $D^\alpha u(x) \in C(\bar{\Omega})$, удовлетворяющую уравнению (1) и граничному условию (2) в классическом смысле.

Отметим, что в случае $a = 0$ уравнение (1) совпадает с классическим уравнением Пуассона. Этот случай ранее исследовались в работах [2-4].

2. Вспомогательные утверждения.

В этом пункте приведем некоторые свойства отображения S. Сначала заметим, что если $x \in \Omega$, или $x \in \partial\Omega$, то $Sx \in \Omega$, или $Sx \in \partial\Omega$. Это так, поскольку преобразование пространства R^n с матрицей S сохраняет норму $|Sx|^2 = (Sx, Sx) = (S^T \cdot Sx, x) = (x, x) = |x|^2$.

Примерами таких отображений являются:

1) $S = -E$. Для этого отображения имеем $S \cdot S^T = (-E)\cdot(-E) = E$ и $l = 2$.

2) В случае $n=2$ считая, $\phi=\dfrac{2\pi}{l}, l\ge 2$ рассмотрим преобразование

$$S=\begin{pmatrix}\cos\phi & \sin\phi\\ -\sin\phi & \cos\phi\end{pmatrix},$$

Тогда

$$S^T=\begin{pmatrix}\cos\phi & -\sin\phi\\ \sin\phi & \cos\phi\end{pmatrix}$$

и $S\cdot S^T=E, S^l=E$.

Введем оператор $I_S u(x)=u(Sx)$.

Лемма 1. Пусть $u(x)\in C^2(\Omega)$. Тогда

$$\Delta I_S u(x)=I_S\Delta u(x), x\in\Omega \tag{3}$$

Доказательство. Пусть S_{ij} элементы матрицы S. Тогда

$$\frac{\partial}{\partial x_j}I_S u(x)=\frac{\partial}{\partial x_j}u(Sx)=\frac{\partial}{\partial x_j}u\left(\left(S^1_{row}x\right),...,\left(S^n_{row}x\right)\right)=\sum_{j=1}^{n}S_{ij}I_S u_{x_j}(x)=$$

$$\left(S^i_{col}, I_S\nabla u(x)\right)=I_S\left(S^i_{col},\nabla\right)u(x)$$

Отсюда

$$\frac{\partial^2}{\partial x_i^2}I_S u(x)=\frac{\partial}{\partial x_i}I_S\left(S^i_{col},\nabla\right)u(x)$$

и значит

$$\Delta I_S u(x)=\sum_{i=1}^{n}I_S\left(S^i_{col},\nabla\right)^2 u(x)=I_S\left|\left(S^1_{col},\nabla\right),...,\left(S^n_{col},\nabla\right)\right|^2 u(x)=I_S\left|S^T\nabla\right|^2 u(x)=$$

$$=I_S\left|S^T\nabla, S^T\nabla\right|u(x)=I_S\left(S\cdot S^T\nabla,\nabla\right)u(x)=I_S\Delta u(x).$$

Лемма доказана.

Лемма 2. Оператор $1+aI_S$ при $(-a)^l\ne 1$ обратим и оператор

$$G_a=\frac{1}{1-(-a)^l}\sum_{k=0}^{l-1}(-a)^k I_S^k \tag{4}$$

обратный к нему.

Доказательство. Нетрудно видеть,

$$\left(\sum_{k=0}^{l-1}(-a)^k I_S^k\right)(1+aI_S)u(x)=\left(\sum_{k=0}^{l-1}(-a)^k I_S^k-\sum_{k=0}^{l-1}(-a)^{k+1}I_S^{k+1}\right)u(x)=$$

$$=\left(\sum_{k=0}^{l-1}(-a)^k I_S^k-\sum_{k=1}^{l}(-a)^k I_S^k\right)u(x)=\left(I_S^0-(-a)^l I_S^l\right)u(x)=\left(1-(-a)^l\right)u(x).$$

Следовательно,

$$u(x)=\frac{1}{1-(-a)^l}\left(\sum_{k=0}^{l-1}(-a)^k I_S^k\right)(1+aI_S)u(x)=G_a\cdot(1+aI_S)u(x),$$

т.е. G_a является обратнымк $1+aI_S$ при $(-a)^l\ne 1$. Лемма доказана.

3. Свойства операторов D^α_μ и J^α_μ

В этом пункте мы приведем некоторые свойства операторов D^α_μ и J^α_μ.

В работе [3] доказаны следующие утверждения.

Лемма 3. Пусть $\alpha > 0, \mu \ge 0, 0 < \lambda < 1$ и $u(x) \in C^{\lambda+p}(\bar{\Omega}), p = 0,1,\ldots$. Тогда

1) если $\mu > 0$, то $J_\mu^\alpha[u](x) \in C^{\lambda+p}(\bar{\Omega})$;

2) если $\mu = 0$, то при выполнении условия функция $J_0^\alpha[u](x)$ также принадлежит классу $C^{\lambda+p}(\bar{\Omega})$ и выполняется равенство $J_0^\alpha[u](x) = 0$.

Лемма 4. Пусть $\mu \ge 0, p-1 < \alpha \le p, p = 1,2,\ldots, 0 < \lambda < 1,$ и $u(x) \in C^{\lambda+q}(\bar{\Omega}), q \ge p$. Тогда функция $D_\mu^\alpha[u](x)$ принадлежит классу $C^{\lambda+q-p}(\bar{\Omega})$ и выполняется равенство $D_0^\alpha[u](a) = 0$.

Лемма 5. Пусть $\mu \ge 0, p-1 < \alpha \le p, p = 1,2,\ldots, 0 < \lambda < 1$ и $u(x) \in C^{\lambda+q}(\bar{\Omega}), q \ge l$. Тогда для любого $x \in \bar{\Omega}$ справедливо равенство

$$J_\mu^\alpha\left[D_\mu^\alpha[u]\right](x) = \begin{cases} u(x), \mu > 0 \\ u(x) - u(0), \mu = 0. \end{cases} \tag{5}$$

Лемма 6. Пусть $\mu \ge 0, p-1 < \alpha \le p, p = 1,2,\ldots, 0 < \lambda < 1$ и $u(x) \in C^{\lambda+q}(\bar{\Omega}), q \ge p$. Тогда для любого $x \in \bar{\Omega}$ в случае $\mu > 0$ справедливо равенство

$$D_\mu^\alpha\left[J_\mu^\alpha[u]\right](x) = u(x), \tag{6}$$

в случае $\mu = 0$ равенство (6) справедливо при дополнительном условии $u(0) = 0$.

9 Agarwal P., Karimov E., Mamchuev M., Ruzhansky M. On boundary-value problems for a partial differential equation with Caputo and Bessel operators, in Recent applications of harmonic analysis to function spaces, differential equations, and data science // Appl. Numer. Harmon. Anal. – 2017. – P. 707-718

10 Hasanov A., Berdyshev A. S., Ryskan A. R. Fundamental solutions for a class of four-dimensional degenerate elliptic equation // ComplexVar. EllipticEqu. – 2019. DOI: https://doi.org/10.1080/17476933.2019.1606803.

11 Appell P., Kampe de Feriet J. Fonctions hypergeometriques et hyperspheriques. Polynomes d'Hermite / Paris: Gauthier – Villars, 1926. - 434 p.

12 Hasanov A., Srivastava H.M. Some decomposition formulas associated with the Lauricella function $F_A^{(r)}$ and other multiple hypergeometric functions // Appl. Math. Lett. – 2006. – V. 19. №2. – P. 113–121

13 Градштейн И.С., Рыжик И.М. Таблицы интегралов, сумм, рядов и произведений. 4-е изд. / М.: Физматгиз, 1963. - 1100 с.

14 Бейтмен Г., Эрдейи А. Высшие трансцендентные функции / М.: Наука, 1973. - 296 с.

МРНТИ 50.05.19
УДК 004.942:531.3:611.711

А.М. Сатымбеков[1], Л.Н. Темірбекова[1], Ә.А. Сұлтанғазин[2]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БИОМЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ОМЫРТҚА ЖОТАСЫНЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ ДЕРЕКТЕРІН САНДЫҚ ӨҢДЕУ

Аңдатпа

Омыртқа-адам денесінің басты тірек құрылымы, ал биомеханика жас ғылым. Ол механика тұрғысынан биологиялық жүйелердің модельдерін құрумен айналысады. Омыртқа биомеханикасының негізгі міндеттерінің бірі омыртқа тұрақсыздығын тұрақтандыру әдістерін жасау болып табылады. Омыртқа тұрақсыздығының көптеген себептері бар әрі кез келген жаста кездесе береді. Бұл мақалада биомеханика саласында жасалған жұмыстар мен жарияланған мақалаларды негізге ала отырып, омыртқа жотасының құрылымы мен бөліктері, негізгі түсініктері мен атаулары ашып қарастырылды. Мақаланы омыртқа биомеханикасына кіріспе деп қарастыруға да болады. Омыртқа жотасының жиі кездесетін ауыруларына шолу жасалып, алдын алу шаралары туралы мағлұматтар берілді. Әзір потологиясы жоқ омыртқа жотасын болжауға арналған математикалық модель алынып, оның сандық шешу жолымен қоса қарастырылды. Жалпы адам анатомиясын зерттеуде когнитивті шешім қажеттілігі баяндалды.

Түйін сөздер: омыртқа жотасы, математикалық модельдеу, деформация, ең кіші квадраттар әдісі.

Аннотация

А.М. Сатымбеков[1], Л.Н. Темирбекова[1], Ә.А. Сұлтанғазин[2]
[1]Казахский национальный педагогический университетимени Абая, г.Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

ЧИСЛЕННАЯ ОБРАБОТКА ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ ДАННЫХ ПОЗВОНОЧНИКА С УЧЕТОМ ЕГО БИОМЕХАНИЧЕСКИХ СВОЙСТВ

Позвоночник – главная опорная структура тела человека, а биомеханика молодая наука. Она занимается построением моделей биологических систем с позиции механики. Одной из основных задач биомеханики позвоночника является разработка методов стабилизации нестабильности позвоночника. Нестабильность позвоночного столба – это проблема, которая имеет достаточно много причин и может встречаться в любом возрасте. Данная статья основываясь на исследования в области биомеханики и опубликованные статьи, более раскрыто описывает структуру и части позвоночника, а также основные понятия и наименования. Статью можно рассматривать как введение в биомеханику позвоночника. Произведен обзор наиболее распространенных заболеваний позвоночника и даны сведения о мерах их профилактики. Взята математическая модель для прогнозирования позвоночника без каких либо патологии и численный способ ее решения. В целом была изложена необходимость когнитивного решения в исследовании анатомии человека.

Ключевые слова: позвоночник, математическое моделирование, деформация, метод наименьших квадратов.

Abstract

NUMERICAL PROCESSING OF THE EXPERIMENTAL DATA OF THE SPINE WITH REGARD TO ITS BIOMECHANICAL PROPERTIES

Satymbekov A.[1], Temirbekova L.[1], Sultangazin A.[2]
[1] Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan,
[2]al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Kazakhstan

The spine is the main supporting structure of the human body, and biomechanics is a young science. It is engaged in the construction of models of biological systems from the standpoint of mechanics. One of the main tasks of spine biomechanics is to develop methods to stabilize the instability of the spine. Spinal column instability is a problem that has many causes and can occur at any age. Based on research in the field of biomechanics and published articles, the structure and parts of the spine, as well as the basic concepts and names, are described in more detail. The article can be considered as an introduction to the biomechanics of the spine. An overview of the most common diseases of the spine and given information about the measures of their prevention. A mathematical model is taken to predict the spine without any pathology and a numerical way to solve it. In General, the need for a cognitive solution in the study of human anatomy was stated.

Keywords: spine, mathematical modelling, deformation, least square method.

Адам ағзасы, оның физикалық денесі аса күрделі құрылым. Дене органдары бір жағынан алып қарағанда, тым нәзік болғанымен, екінші жағынан ерекше мықты, әрі шыдамды. Ерте заманнан адам өз денесіне маңызды мән беріп, оны күтуді, дамытуды, онымен «санасуды» бастады. Дененің әрбір бөлігі маңызды, әрқайсысының атқаратын функциясы бар. Дегенмен қазіргі уақытта адам денесінің функционалдығына ешқандай әсері жоқ, керісінше қосымша қиындықтар туғызатын органдар да жоқ емес. Атап айтқанда: аппендикс, ақыл тіс, құйымшақ омыртқа т.с.с. [1].

Адамның жүріп тұруына, белгілі бір салмақ көтеруіне, бұралуына негізгі жағынан жауап беретін омыртқа жотасы. Жалпы омыртқалардың саны 37-38. Олар бір-бірімен омыртқа аралықдиск арқылы байланысқан. Денені үш өлшемді етіп қарастыру үшін үш жазықтық пайдаланылады. Олар фронтальды, саггитальды және трансверсальды жазықтықтар (1-2 суреттер).



Сурет 1. I–трансверсальды жазықтық,II - фронтальды жазықтық, III- саггитальды жазықтық, x *- фронтальды ось,* y *- бойлық ось*

Сурет 2. Арқа омыртқасы



Сурет 3. Омыртқалардың медициналық терминологияда белгіленуі

Омыртқа жотасын зерттеу, оны түрлі патологиялардан сақтау(омыртқа аралық дискінің жарығы, остеохондроз, сколиоз, спондилоартроз, анкилоздаушы гиперостоз, спондилолистез, омыртқа арнасының стенозы, омыртқаның қабыну аурулары мен ісіктері, кеуде клеткасының ұйықтектес және киль тектес деформациясы (воронкообразные и килевидные деформации грудной клетки) жолдарын ғылыми түрде қарастыра басталғанына шамамен 100 жылдай ғана уақыт болды. Омыртқа жотасы 3-суретте көрсетілгендей негізгі үш бөліктен тұрады: мойын лордозы (C_1-C_7, C-лат. cervix - мойын), кеуде кифозы (Th_1-Th_{12}, Th - лат. thorax - кеуде) және бел лордозы (L_1-L_5, L - лат. Lumbalis - бел) [2,3]. Арқа ауыруларының себептері өте көп, дегенмен олардың дені омыртқа жотасының дегенеративті өзгеруімен тозуына байланысты.

Арқа ауырулары көбіне аяқтардың ауыруымен қоса жүреді. Осы тұрғыдан көпзвенолы адам омыртқа жотасының құрылымын 25 шарнирлі (C_1 омыртқаның бассүйекпен қосылуын есептегенде) кинематикалық шынжыр, яғни механикалық жүйе ретінде қарастыруға болады [4]. Оның үстіне омыртқа жотасы жұлын миы мен негізгі перифериялық нервтерді механикалық зақымданудан қорғайды.Көпзвенолы адам омыртқа жотасы тізбегінің иілмелі элементтері – омыртқааралық дискілер оның жалпы ұзындығының кемінде 20-30% құрайтын болғандықтан өте жоғары ұтқырлықты қамтамасыз етеді. Бастың шеткі "физиологиялық рұқсат етілген" жағдайының арасындағы бұрыштары (жамбас белдеуі белгілі бір қалыптағы жағдайда) саггитальды жазықтықта 140-160°, көлденең жазықтықта 150-160° және фронтальды жазықтықта 70-90° (A. Patwardhan et. al., 1979) жетеді [4].Дегенмен адам денесі күрделі құбылыс, біржақты қарастыруға ешбір келмейді. Оның физикасы, химиясы, механикасы, биологиясы, медицинасы жеке-жеке қарастырылғанмен толық қанды шешімге әкеле қоймайды. Сол себепті соңғы кездері жаңа ғылымдар: биофизика, биомеханика, биохимия, биоинформатика т.с.с. пайда болды, яғни ғылымдардың жанасуы. Адамның омыртқа жотасын таза механикалық жүйе деп қарастыру мүмкін емес. Қатты денелер, гидро, деформацияланатын қатты денелер механикасы және т.с.с. механиканың ешбір саласына дәлме-дәл келмейді. Сондықтан адам денесінің моделін қарастырғанда биомеханика тұрғысынан қарастыру керек. Механикалық жүйе ретінде қарастыра алмайтын себебіміз ескеретін факторлардың тым көптігінде. Атап айтқанда адамның жасы, бойы, салмағы, дене бітімі, генетикасы, тіпті өмір сүру салты мен психологиялық аспектілеріне дейін ескеруге тура келеді.

Жалпы ғалымдардың адам сүйек-тірек аппаратының негізгі мүшесі болып табылатын омыртқа жотасын зерттегенде басым бөлігі экстремалдық жағдайларды қарастырады, атап айтқанда жол-көлік оқиғасы болған жағдайдағы қауіпіздік белбеуінің немесе қауіпсіздік жастығының әсері, ұшақ немесе тікұшақтың апаты кезінде парашутпен секіргендегі (катапульттауы) алатын соққысы және т.с.с. Қалыпты өмірдегі адамның жүріс-тұрысы, отырғанда дұрыс отырмауы, физикалық жаттығу кезінде жіберетін қателіктері мүлде қарастырылмайды. Дегенмен адам омыртқа жотасының тұрмыста алатын жарақаты әлдеқайда жиі кездеседі.

Адам баласы омыртқа жотасының алғашқы жарақатын туылған кезде алады. Босанатын әйел нәрестені жатып босанатындықтан ең бірінші C_1 омыртқасы (екінші омыртқамен дискісіз байланысқан) өзінің анатомиялық орнынан ауытқиды, яғни босанарда күшенгендіктен омыртқа шығып кетеді. Нәрестені Кесар қимасы арқылы алған жағдайда баланы басынан ұстап шығарып алады. Бұл жағдайда да бірінші омыртқа ауытқиды. C_1 омыртқасын атлант деп те атайды. Шығып кеткен атлантқа басқа омыртқалар бейімделеді. Атланттың маңызы өте зор, ол бас сүйегін ұстап тұрады. Бүгінгі таңда батыс вертебрологтары (вертебри – латынша омыртқа жотасы дегенді білдіреді) нәрестені жатып емес, вертикальды тұрып босанғанда, яғни бала өз салмақ күшімен дүниеге келгенде омыртқа жотасына ешқандай зиян келмейтіндігін алға тартуда. Бұл үдеріс 1987 жылдан бастау алды. Швейцариялық «Атлант профилакс» компаниясы 1- ші омыртқаның мәселесімен соңғы 31 жыл айналысып келеді. Омыртқа жотасын түзетудің негізін қалаушы Швейцариялық ғалым Рене – Клаудиус Шумперли [5].

Рентгенологиялық туа біткен сколиоз болмайды. Көбіне алған инфекциялардың әсерінен бұлшық ет – байланыстырғыш аппараты жетілмеген және бұлшық еті әлсіз балаларда зиянды статикалық моменттер орын алғанда көпшілікке тән сколиоз дамиды. Олар көбіне мектеп жасындағы балаларда пайда болады және рахит ауруларынан айырмашылығы, біркелкі қисаюмен сипатталады. Ұзақ отыру (мысалы партада, пианинода) бұлшық ет әлсіздігінің әсерінен және омыртқа бағанынына түсетін жүк ауырлығы тепе-теңдігінің сақталмағандығының статикалық моменті болып табылады. Бұлшық еттердің әлсіздігінен баланың денесін дұрыс ұстауы қиынға соғады. Оған бір жаққа қисайып отырған ыңғайлы. Бұл жағдайда кеуде және бел омыртқаларына жүктеме біркелкі түспейді. Осылайша денені дұрыс ұстамау әдетке айналып, сколиоздың дамуына әкеліп соғады. Бұрын мұндай деформацияны "мектеп сколиозы" деп атаған, алайда бұл термин қазіргі уақытта пайдаланылмайды, өйткені тексеру кезінде балалар омыртқа жотасының қисықтығы мектепке келгенге дейін пайда болатындығын анықтаған. Омбредан: «Біз балалардың денесін дұрыс ұстамауын омыртқа жотасының бұған дейін қисық болғандығынан деп ойлаймыз» деп айтқан (1925). Баланың өсуіне сәйкес келмейтін парталар, портфельді ылғи да бір қолда ұстау омыртқа жотасының қисаюы бар немесе бұлшық еттерінің әлсіздігінен қисаюға бейім баладағы сколиоздың дамуына ықпал етеді. Сондықтан да мектеп дәрігерлері осындай балалардың өсуі мен дамуын мұқият бақылап отыруы тиіс: сабақ кезінде олардың денесін дұрыс ұстауы және бойы мен парта өлшемінің сәйкес келуі. Мұндай балалардың әдеттегі денесін дұрыс ұстамай отырудың алдын алу үшін жұмыс орнына жарықтың түсуі мен тақтаға қарау бағытын өзгертіп, яғни басқа парталарға ауыстырып отырғызу қажет. Портфелін дұрыс ұстауын да қадағалаған жөн.

Ересек адамдарда да отырып жұмыс істейтін адамдардың саны ұлғаюда. Олардың дені компьютермен жұмыс атқарады. 4-ші суретте компьютер алдында отырып жұмыс істейтін адамдардың қателіктері көрсетілген[6].

Сурет 4. Компьютер алдында дұрыс отырмау және дұрыс отыру мысалдары

Жұмыстағы экспериментальдық мәліметтерін өңдеу. Жұмыста 20 – 22 жас арасындағы омыртқаларына еш шағымы жоқ волонтерлардың тексеруден өткен деректерін алып, деректердің статистикалық анықталған орташа мәндері арқылы кесте құрды[2]. Осы кестелердегі мәндерді алып, жаңа кесте құрып, графигін тұрғызатын болсақ (бұл жерде тек мойын лордозының ғана графигі келтірілген), онда келесі графикті көре аламыз:

alfa_grad	***a***	***alfa_rad***	***x***	***y***	***xlen***	***ylen***	***diff***
21,4	66	0,37350046	12,04093387	30,72484193	6,70948932	104,6206364	0
23,8	7,3	0,415388362	1,47294033	3,339602788	-5,33144455	73,89579447	0,6
2,5	23,9	0,043633231	0,521251678	11,93862625	-6,20438488	70,55619168	0
17,7	7,9	0,308923277	1,200930589	3,763012851	6,725636558	58,61756544	0,6
-1,9	22,2	0,033161256	-0,36802248	11,0938974	7,326567148	54,85455258	0
14,9	6,9	0,260054058	0,887108135	3,333997474	6,958544668	43,76065519	1,6
-5,3	19,9	-0,09250245	0,919087344	9,907460747	6,245652804	40,42665771	0
7,2	7,6	0,125663706	0,476266287	3,770035865	5,326565459	30,51919697	1,4
-6,9	21,3	0,120427718	1,279457332	10,57286569	4,402831746	26,7491611	0
5,1	7,8	0,089011792	0,346687757	3,884560155	3,123374414	16,17629541	0,7
-12,7	25,2	0,221656815	2,770062172	12,29173525	2,770062172	12,29173525	0

Мұндағы ***alfa_grad*** – омыртқа денесі мен дискінің вертикальға көлбеу бұрышы, ***a*** – омыртқа денесінің вертикаль өлшемі мен дискінің биіктігі, ***alfa_rad*** - омыртқа денесі мен дискінің вертикальға көлбеу бұрышының радиандық шамасы, ***x*** – омыртқа ұзындығының x өсіне проекциясы, ***y*** – омыртқа ұзындығының y өсіне проекциясы, ***xlen*** – омыртқа ұзындықтарының x өсіне проекцияларының қосындысы, ***ylen*** - омыртқа ұзындықтарының ***y*** өсіне проекцияларының қосындысы, ***diff*** – дискінің өз жазықтығындағы сызықтық ығысуы. Бұл графиктен еш потологиясы жоқ, сау мойын лордозының кескінін көре аламыз (5 - сурет).

Жұмыстағы математикалық модель. Есептеу жүйесі ретінде 1-ші және 4-ші ширектердегі бұрыштық шамалардың өзгеруі теріс, ал 2-ші және 3-ші ширектерде оң мән болатындай тік бұрышты координаталар алынған [2]. Координаталар жүйесінің басы L_5 омыртқа денесінің каудовенттік нүктесінде бекітілген. Sagittal жазықтығы XZ – сагиттальды жазықтық, ал YZ – фронтальды жазықтық. Омыртқалар шеткі нүктелерінің координаттары бойынша салынған және өзара тізбектеп байланысқан төртбұрыштар түрінде берілген.

Патология деңгейінен жоғары омыртқа координаттарын анықтау радиус-вектордың α бұрышқа бұрылуымен Δ_x және Δ_y көлденең және тік орын ауыстыруларына келтірілетін мәселе:

$$\begin{cases} x' = xcos\alpha - \mathrm{y}\sin\alpha + \Delta_{\mathrm{x}}{}' \\ y' = xsin\alpha - \mathrm{y}\cos\alpha + \Delta_{\mathrm{y}}, \end{cases}$$

мұндағы, (x, y) – нүктенің ескі координаттары; (x', y') –жаңа координаттар; α–патология деңгейінен жоғары орналасқандағы хордасының көлбеу бұрышы X және Y- омыртқа денесінің көлденең және тік орын ауыстыруы.



Сурет 5. Мойын лордозы

Сонымен қатар, модельдің есептелінетін параметрлері- омыртқаның әртүрлі сегменттерін аппроксимациялайтын центрлері мен шеңберлер радиустары. Омыртқалардың $(x_i,\ y_i)$ белгілі координаттары бойынша бұл параметрлер ең кіші квадраттар әдісімен анықталынған.

Шеңбердің жалпы теңдеуінен:

$$x^2 + Ax + y^2 + By + C = 0$$

Шеңбердің радиусы: $R = \sqrt{A^2 + B^2 - 4C}$, шеңбердің центрі:

$$(X_0, Y_0) = \left(-\frac{A}{2}, -\frac{B}{2}\right).$$

Осылайша шеңбердің параметрлерін анықтау есебі A, B, C мәндерін анықтауға алып келеді.Шеңбердің $(X_0,\ Y_0)$центрінен кез-келген $(x_i,\ y_i)$нүктесіне дейінгі қашықтық:

$$R_i' = \sqrt{(x_i - X_0)^2 + (y_i - Y_0)^2}.$$

Келесі түрде аппроксимациялық доғаның тиімділік критерийін таңдап аламыз:

$$\sum_i \left(R_i^2 - R^2\right)^2 \to min$$

немесе

$$\sum_i \left(x_i^2 + Ax_i + y_i^2 + By_i + C\right) \to min.$$

A, B, Cпараметрлерін анықтау үшін экстремумның бар болуының қажетті шартын пайдаланып, қалыпты сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} N \cdot C + A \cdot \sum_i x_i + B \cdot \sum_i y_i = -\sum_i \left(x_i^2 + y_i^2\right), \\ \sum_i x_i \cdot C + A \cdot \sum_i x_i^2 + B \cdot \sum_i x_i y_i = -\sum_i x_i\left(x_i^2 + y_i^2\right), \\ \sum_i y_i \cdot C + A \cdot \sum_i x_i y_i + B \cdot \sum_i y_i^2 = -\sum_i y_i\left(x_i^2 + y_i^2\right), \end{cases}$$

Оны матрицалық түрде былай жазуға болады

$$W^T \cdot W \cdot U = W^T \cdot V\,,$$

мұндағы

$$U = \begin{pmatrix} C \\ A \\ B \end{pmatrix},\ W = \begin{pmatrix} 1 & x_1 & y_1 \\ 1 & x_2 & x_2 \\ \cdots & \cdots & \cdots \\ 1 & x_N & y_N \end{pmatrix}, V = \begin{pmatrix} -x_1^2 & -y_1^2 \\ -x_2^2 & -y_2^2 \\ & \cdots & \\ -x_N^2 & -y_N^2 \end{pmatrix}.$$

Онда оның шешімін келесі қатынастан табуға болады:

$$U = (W^T \cdot W)^{-1} \cdot (W^T \cdot V).$$

Есептің сандық шешмі алынған.

Жұмыста адам омыртқасының үш өлшемді моделін құру үшін математикалық апараттың жаңа бағытын қолданған [8]. Бұл жұмыста адам омыртқасын үш доға хордаларымен, яғыни бел, кеуде және мойынмен сипатталады. Әр үш звеноға жалпы координаталарды енгізуге болады. Осы координаталардың өзара теңдігінің шарттары:

$$\begin{cases} x_i + L_i \cos\varphi_i = x_{i+1} - L_{i+1}\cos\varphi_{i+1}, \\ y_i + L_i \sin\varphi_i = y_{i+1} - L_{i+1}\sin\varphi_{i+1}, \\ x_{i+1} + L_{i+1}\cos\varphi_{i+1} = x_{i+2} - L_{i+2}\cos\varphi_{i+2}, \\ y_{i+1} + L_{i+1}\sin\varphi_{i+1} = y_{i+1} - L_{i+2}\cos\varphi_{i+2}, \end{cases}$$



Сурет 6. Кеуде кифозы

Мұндағы L_i - хорда ұзындықтары, φ_i - OX осіне байланысты омыртқаның иілу бұрышы, x_i, y_i - звенолардың интерция центірінің координаталары [7], жұмыстың негізінде адам омыртқасының құрылымы жайлы ақпаратты біле отырып, 6- шы суреттегі график алынды.

Қорытынды. Омыртқа бағанының математикасының айқын түрі алынған теңдеулер жүйесінде де көрініп тұр. Омыртқа жотасы бөліктерін шеңбер доғасы ретінде қарастырып, тікбұрышты координаталар жүйесінің координаталар басын L5 омыртқасының каудовентральды нүктесіне қойып, аппроксимациялық доғаның тиімділік критерийін таңдап алып, экстремумның бар болу шартының қажеттілігін пайдаланып, қалыпты сызықты алгебралық теңдеулер жүйесі алынған. Одан әрі теңдеулер жүйесін матрицалық түрде сипаттап, шешімінің қандай түрде болатыны жазылған. Осыдан омыртқа жотасының математикасы айқын көрініс табады. Жүйені шешу Delphi интеграцияланған программалау ортасында жүзеге асырылып, ең кіші квадраттар әдісі пайдаланылған. Омыртқа қозғалысын бағдарламалаудың кейбір мәселелері осылай аталатын мақалады тереңірек қарастырылған[8]. Демек, мұндай математикалық теңдеулер жүйесін шешу үшін информатика пайдаланылады. Бұл мақалада омыртқа жотасы кешенді түрде бірнеше ғылымдар тарапынан қарастырылатын күрделі жүйе екендігі қарастырылып, сонымен қатар бұған дейін пайдаланылған белгілі зерттеулердегі мәліметтер алынып, деректердің статистикалық анықталған орташа мәндері арқылы кесте құрылды, әрі оның мойын лордозы үшін графигі тұрғызылды.Адам омыртқасы мен омыртқа жотасының құрылымы 5-ші және 6-шы суреттерде көрсетілген.

Сурет 7. Адам омыртқасы құрылымы



Сурет 8. Адам омыртқа жотасының құрылымы

Омыртқа жотасы – адам денесінің тірегі. 7-суретте адам омыртқасының құрылымы, ал 8-суретте толығымен адам омыртқа жотасының құрылымы көрсетілген. Сансыз ауырулардың пайда болуы омыртқа жотасы функциясының бұзылуынан екендігі, оны бір жақты қарастыруға келмейтіндігі анық. Осы туралы жоғарыда жазылып кетті. Модель арқылы түрлі ғылымдарды кешенді түрде пайдалана отырып шешілетін мәселе екендігі көрсетілді. Адам омыртқа жотасы көп жағдайда дүниеге келе сала зақым алатын болғандықтан, әрі жыныстық даму кезінде сколиоздың асқыну үдерісі ұлғаятындықтан, есейгенге дейін ешқандай хирургиясыз түзету жолдарын пайдаланған жөн. Жоғарыда жазылғандай түрлі физикалық жаттығулар жасау және/немесе Шено корсетін кию арқылы. Дене балалық шақтан бастап қартайғанға дейін дұрыс күтім мен салауатты өмір салтын ұстауды қажет етеді. Қарастырылған мәселені әрі қарай дамыта отырып максималды иілу мен жазылудың қалыпты жағдайдан шығуын зерттеу жоспарлануда.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1 Бондарь Ю. Есть ли у человека «лишние» органы? https://medportal.ru/mednovosti/news/2017/09/05/875rudiment/

2 Гладков А.В., Комиссаров В.В. Прогностическая кинематическая модель позвоночника // Международный научный журнал «Инновации в жизнь», 2016, стр. 63-76.

3 Николаев Н.С. Анатомия и физиология человека http://www.orthoscheb.com/therapy/anatomiya-i-fiziologiya-pozvonochnika/

4 Образцов И.Ф. и др. «Проблемы прочности в био/механике», Москва «Высшая школа», 1988, стр.192-193.

5 Подольнев Я.О. Почему именно первый позвонок? https://www.atlasprof.ru/fakty/

6 Гладков А.В., Сивец Ю.В., Авдеева К.Ю. Новый подход в использовании математического аппарата в построении трехмерной модели позвоночника // Научно-практический журнал «Хирургия позвоночника», 1/2005, стр. 100-104.

7 Гладков А.В., Сивец Ю.В., Авдеев К.Ю. Новый подход в использовании математического аппарата в построении трехмерной модели позвоночника // Хирургия позвоночника, №1, 2005 г. С.100-104.

8 Бектемесов М.А., Касенов С.Е. , Сұлтанғазин Ә.А., Омыртқа қозғалысын бағдарламалаудың кейбір мәселелері, Вестник КазНПУ им.Абая. - Серия «Физико- математические науки». 2019. №2(66). С.25-30

МРНТИ 27.01.45
УДК 51:37.016

З.Т. Сейлова[1], Л.У. Жадраева[2], Э.У. Уразмаганбетова[1]

[1]С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аңдатпа

Мақала математиканы оқытуда заманауи технологияларды қолдану мәселесіне арналған. Бұл қазіргі әдістеме ғылымындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сонымен қатар «Функция туындысы» тақырыбын оқытуда заманауи технологияларды қолданудың жолдары көрсетілген. Мақалада студенттердің математика пәні бойынша білімді өз бетімен меңгеруге бағытталған оқытудың жаңа инновациялық технологиялары туралы баяндалады. Сондай-ақ, инновациялық әдістердің дәстүрлі оқытуда қолданыстарының мүмкіншіліктері туралы айтылады. Іскерлік және рөлдік ойындар, ми шабуылы, кейс-әдіс, онлайн-тренингтер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар және басқалардың студенттердің танымдық қызметін дамыту үшін қолданыстары баяндалды. Инновациялық әдістер технологиясын барлық дидактикалық есептерді шешудегі мүмкіндіктерінің өте ауқымды екендігін көрсететін мысалдар қарастырылған.

Түйін сөздер*:* оқыту, математика, кәсіптік, техникалық, инновациялық, технологиялар, студенттер, әдістер, смарт.

Аннотация

З.Т. Сейлова[1], Л.У. Жадраева[2], Э.У. Уразмаганбетова[1]
[1] Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, г. Нур-Султан, Казахстан,
[2] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Статья посвящена применению современных технологий при преподавании математики. Это является одним из ключевых вопросов современной методической науки. Вместе с тем рассмотрены способы применения современных технологий при обучении теме «Производная функции». В статье описаны новые инновационные технологии обучения, направленные на самостоятельное изучение студентами математики. Также рассмотрены возможности использования инновационных методов при традиционном обучении. Обращено внимание на деловые и ролевые игры, мозговой штурм, кейс-метод, онлайн-тренинги, круглые столы, дебаты и другие мероприятия, направленные на развитие познавательной деятельности студентов. Рассмотрены примеры, раскрывающие широкие возможности разрешения всех дидактических проблем с помощью технологий инновационных методов.

Ключевые слова: обучение, математика, профессиональные, технические, инновационные, технологии, студенты, методы, смарт.

Abstract

MODERN TECHNOLOGIES IN TEACHING MATHEMATICS

Seylova Z.T.[1], Zhadrayeva L.U.[2], Urazmaganbetova E.U.[1]
[1]Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical university; Nur-Sultan,
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article is devoted to the use of modern technologies in the teaching of mathematics. This is one of the key issues of modern methodological science. At the same time, the ways of applying modern technologies in teaching the topic "Derivative function" are considered. The article describes new innovative teaching technologies aimed at students studying mathematics independently. The possibilities of using innovative methods in traditional learning are also considered. Attention is drawn to business and role-playing games, brainstorming, case method, online trainings, round tables, debates and other events aimed at developing cognitive activity of students. Examples are examined that reveal the wide possibilities of resolving all didactic problems using innovative methods technologies.

Keywords: Teaching, mathematics, professional, technical, innovative, technologies, students, methods, smart.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз»,- деп атап көрсеткені баршаға мәлім [1].

Қазіргі кезде білім саласында еңбек етіп жүрген оқытушылар білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында түрлі белсенді инновациялық әдістерді қолдануда. Өйткені оқытушының мақсаты әрбір болашақ маман иесіне сапалы білім беру, оның жан- жақты дамуына мүмкіншілік жасау, білім алуға деген қызығушылығын арттыру. Осы уақытқа дейін, білім саласында қалыптасқан, білім алушыға «тықпыштап» оқыту дағдысынан арылуымыз керек. Өзіміздің көп білгіштігімізді, дәріс мазмұнын жақсы білетіндігімізді көрсеткіміз келеді. Осы дағдыдан бас тарту қазір оңай емес. Біз тілдік деңгейде студенттерге білгенімізді толық айтып беруге даярмыз.

Ендігі жерде біз, ең алдымен, студенттерге білгенімізді бірден көрсеткіміз келетін ынтамыздан бас тартуымыз керек. Керісінше, студенттердің сол білімді өз бетінше меңгеруіне жағдай туғызу. Біздің пікірімізше, студент бізден бірдеңе туралы сұраса, ең қауіпті жағдаят – ол біздің сұраққа байланысты білетінімізді студентке толығымен айтып беру жағдайына байқамай өтіп кететіндігіміз. Біз сұрақты білетін адамның (мақтаныштық эйфория) жағдайына көшетіндігіміз. Біз өз білімімізбен мақтануға студенттен рұқсат хат (карт-бланш) алғандай боламыз. Дәл осы бізді күтетін қауіпті жағдаят. Сіз: егер студент сұрақ қойса, онда не істеуіміз керек? деп сұрауыңыз мүмкін. Біріншіден, студенттің өз сұрағына жауап іздеп көрді ме; соны анықтау қажет. Егер ізденбесе, онда оның өзі өзінің қойған сұрағы туралы не ойлайды екен? деп сұрау қажет.

Оның не айтқандығына өте мұқият болу керек. Оған бағыттаушы сұрақтар қою керек. Яғни бағыттаушы сұрақтардың көмегімен студенттің өзі қойған сұрақтың жауабын дұрыс табуына бағыттау. Сонда сұқбаттың соңында студент өзінің сұрағының мағынасын өзі біліп қана қоймайды, бойында сенімділікпен, білімге құштарлық оянады. Және де сұқбат барысында ол сұрақтың жауабын қайдан, қалай іздеуі және қалай түсінуі қажет екендігіне бағыт-бағдар беруі керек.

Егер ол сұрақтың жауабы туралы алаңсыз ештеңе де білмейтін болса, онда оған сұрақ жауабын қайдан табу қажеттігін айту қажет. Ондай жауаптардың ең жақын көзі – ол ЖОО-ның сайтына қойылған оқу-әдістемелік кешеннің глоссариі болып табылады. Бұл студентті сайттағы кафедра материалдарымен жұмыс істеуді үйретеді.

Екіншіден, ізденістер студентке өткен сабақтардың мазмұнын қайталауға қалыптастырады.

Үшіншіден, ізденістер студенттің бойында жүйеленген білімні қалыптасуына жол ашады. Сонда студенттің өз ойында өзі қойған сұрақ туралы өзінің түсінігі қалыптасады. Белгілі бір сұрақ туралы студенттерді осылай ойлауға үйрету олардың ойлау қабілетін қалыптастырудың ең ұтымды жолы.

Қарастырылған жағдайлардың барлығында студенттерде білімге құштарлық дағдысының қалыптасуына жағдай туғызу керек. Сұрақ қойған немесе білгілі бір сұрақ туралы жауап бере алмаған студентті «алаңсыз білмейтін» студенттің жағдайына келтірмеуіміз керек.

Төртіншіден, студент қойған сұрақтың мазмұны маңызды болса, онда ол сұрақтың жауабына, дұрыс пікір қалыптасуы үшін оқытушы өзі тікелей көмекке келген абзал.

Егер оқытушы студенттің қойған бір сұрағын оның семестрдегі аралық немесе қорытынды бағасын алуға мүмкіндік беретін рефератқа немесе жобалық жұмысқа айналатын болса, онда ол сұрақ студент үшін тағдырлық мәні бар мәселенің тақырыбына айналады. Мұндай жағдаяттың түзілуінде оқытушы басты рөл атқарады.

Егер біз студенттің алғаш рет қойған сұрағына бірден даяр жауап берген болсақ, онда студенттің өзіндік дамуына кедергі болады.

Бұл мақалада студенттерді математика пәні бойынша оқытуда инновациялық технологиялар мен интерактивті оқыту әдістері қарастырылады. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру-қазіргі заман талабы. XXI ғасыр–ақпараттық технология ғасыры. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми–технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы [2].

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, студенттің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдануда – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, студенттің тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек.

Инновациялық әдістер дәстүрлі түрде оқытуда, сондай-ақ, электронды мультимедиялық оқулықтар мен оқу құралдарын пайдаланып, қашықтан оқыту технологиясына қолданыла отырып, іске асырылуы мүмкін. Озық технологиялар бойынша студенттердің танымдық қызметін жандандыру үшін электрондық оқыту құралдары, олардың арасында іскерлік және рөлдік ойындар, ми шабуылы, кейс-әдіс, онлайн-тренингтер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар және басқалар пайдаланылады.

Инновациялық әдістер технологиясы бойынша оқыту дерлік барлық дидактикалық есептерді шешуге мүмкіндік береді. Компьютерлер белгілі бір ақпараттарды береді, оны студенттер түсінді ме және қандай дәрежеде меңгергенін тексереді, тиісті теориялық және практикалық білім мен білік қалыптастырады, электронды кітапханаларға, негізгі отандық және халықаралық деректер базасына кіруге мүмкіндік ашады. Кейбір компьютерлік бағдарламалар студенттің берілген материалды қабылдау мүмкіндігіне қарай оқу материалдарын сараптап, түсінуіне бейімдеп, реттеп береді.

Білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталған:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;
- сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;

- білім алушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің бейімделу принципі;

- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялық құралмен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және білім алушыға оқыту мен үйрену процестерін игеру үшін үш тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Педагогикалық технология оның ішінде оқыту технологиясы ұғымын анықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

- іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды жоспарлау;

- оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық процесін бағдарламалау;

- алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру.

М.Чошанов оқыту технологиясы негізінен педагогикалық процестегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біздер оны: біріншіден, оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту процесін нәтижелі етіп оқытудағы процес деп білеміз [3].

Дәріс оқуда жаңа ақпараттық техногогияларды қолдану дегеніміз оқу процесінде оқу материалдарын белгілі бір техникалық құралдардың (компьютер, интерактифті тақта) сүйемелдеуімен өткізу. Студентерге өз бетімен және оқытушымен бірге шығармашылық жұмыс жасауға дағдыландырады, сонымен бірге оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдық түрлерін сапалы өзгертуге мүмкіндік береді [4].

Мысалға, Математика сабағында «Функция туындысы» тақырыбын оқытқанда компьютер көмегімен слайд арқылы дәріс оқу барысында студенттерге дәрістің мақсаты:

Студенттерге (SMART негізінде) бір айнымалы функцияның туындысы туралы мәліметтерді беріп және өз бетінше есеп шығаруға дағдыландырып, туындының басқа (физика, биология, техника, механика, экономика және т.б.) салаларда қолданылуын үйрету (2 апта, 2 дәріс, 4 тәжірибелік сабақ, 3 СӨЖ).

Сабақтың міндеті: студенттерде функцияның туындысы, біржақты туындылар, функцияны дифференциалдау туралы түсінік қалыптастыру, күрделі функциялардың туындыларын табу жолдарын үйрету.

Әдісі: іс-әрекет арқылы оқыту.

Тәсілі: ұжымдық жұмыс, топтық жұмыс, жеке жұмыс.

Пәнаралық байланыс: туындының физикада, химияда, экономикада, тағы басқа салаларда қолданылуын көрсету.

Қолданылған көрнекі құралдар: интерактивті тақта, үлестірмелі карточкалар, компьютер, үнтаспа.

Сабақтың барысы:

Дәріс мазмұны:
- Функция туындысының анықтамасы.
- Туындының геометриялық және механикалық мағынасы.
- Дифференциалдаудың негізгі ережелері.
- Негізгі элементар функциялардың туындылары.
- Логарифмдік туындылау.
- Айқын емес және параметрлік түрде берілген функция туындылары.
- Туындының басқа салаларда қолданылуы.

Сапалы маман қазіргі ақпарат ағымының көшінде үнемі өзі ізденіп, кәсіби және рухани өсу үстінде бола білуі қажет. Ол негізге болашақ маман жоғары оқу орнының қабырғасында жүргенде ие болуы керек. Сонымен, бүгінгі күнде жоғары оқу орнының алдында тұрған басты міндет - өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары саналы, белсенді азамат, білікті маман тәрбиелеп шығару болып табылады. Жастардың ойлау әрекетін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту – маңызды және күрделі мәселелер болып отыр.

Математиканың жалпы білім берудегі құндылығы, оның ғылыми-теориялық ізденістерімен бірге практикалық қолданыстарының да ауқымының кеңдігінен-ақ белгілі. Математика тек білімнің өркендеу құралы емес, ол бүкіл адамзаттың өркендеу құралы екенінде ешбір күмән жоқ. Себебі, математика барлық мамандық иесінің логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1 *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты жолдауы // Материалдар жинағы, Астана, 2011.*

2 *Тулькибаев Н.Н., Трубайчук Л.В., Большакова З.М., Бормотова М.М.. Инновационные процессы в обучении. – М.: «Восток», 2002. –528 с.*

3 *Чошанов М.А. Инженерия обучающих технологий : научно-популярное издание / М.А. Чошанов. – 3-е изд. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015. – 242 с.*

4 *Мелешина А.М., Гарунов М.Г., Семанова А.Г. Как изучать физико-математические дисциплины в ВУЗе. – Воронеж, 1988. –152 с.*

МРНТИ 27.31
УДК 517.958

М.А. Султанов

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Казахстан

ТЕОРЕМА УСТОЙЧИВОСТИ КОЭФФИЦИЕНТНОЙ ОБРАТНОЙ ЗАДАЧИ В НЕСТАЦИОНАРНОЙ ПОСТАНОВКЕ

Аннотация

Исследованы вопросы устойчивости обратной задачи в нестационароной постановке. Искомая функция сводится к определению правой части уравнения. В силу отсутствия условий на эту правую часть, она исключается и посредством действия коммутаторов операторов задача сводится к задаче Коши для системы уравнений. Находя явно решение одной их этих задач, вторая задача сводится к некорректной задаче. Устойчивость задачи базируется на получении априорных оценок для главной части оператора задачи. Получены оценки для решения некорректной задачи и его векторного варианта. Производные решения, присутствующие в стабилизирующем функционале, оцениваются через решения прямой задачи с помощью интерполяционных неравенств. Обоснование сходимости решения прямой задачи в виде ряда Фурье проводится стандартными методами теории рядов Фурье. Из полученного результата можно легко вывести оценку устойчивости решения обратной задачи в спектральной постановке.

Ключевые слова: обратная задача, устойчивость, коммутатор операторов, априорная оценка, интерполяционные неравества.

Аңдатпа

М.А.Султанов

БЕЙСТАЦИОНАР ҚОЙЫЛЫМДАҒЫ КОЭФФИЦИЕНТТІК КЕРІ ЕСЕПТІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҚ ТЕОРЕМАСЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

Бейстационар қойылымдағы кері есептің орнықтылық мәселелері зерттелген. Ізделінді функция теңдеудің оң жағын анықтауға келтіріледі. Осы оң жаққа шарттардың болмауына байланысты ол жойылады және операторлардың коммутаторлары әсерінде есеп теңдеулер жүйесі үшін Коши есебіне келтіріледі. Осы есептердің біреуінің шешімін айқын түрде таба отырып, екінші есеп қисынсыз есепке келтіріледі. Есептің орнықтылығы есеп операторының бас бөлігі үшін априорлық бағалауларды алуға негізделген. Қисынсыз есеп және оның векторлық нұсқасының шешімі үшін бағалаулар алынған. Стабилизациялаушы функционалдағы шешімнің туындылары интерполяциялық теңсіздіктер көмегімен тура есептің шешімі арқылы бағаланады. Тура есептің Фурье қатары түріндегі шешімінің жинақтылығы Фурье қатарлары теориясының стандартты әдістерімен негізделеді. Алынған нәтижеден спектральдік қойылымдағы кері есеп шешімінің орнықтылығы бағалауын оңай келтіріп шығаруға болады.

Түйін сөздер: кері есеп, орнықтылық, операторлар коммутаторы, априорлық бағалау, интерполяциялық теңсіздіктер

Abstract

THE STABILITY THEOREM OF THE COEFFICIENT INVERSE PROBLEM IN NONSTATIONARY STATMENT

Sultanov M.A.

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

The stability issues of the inverse problem in a non-stationary formulation are investigated. The desired function is reduced to determining the right side of the equation. Due to the absence of conditions on this right-hand side, it is eliminated and, through the action of commutators of operators, the problem reduces to the Cauchy problem for a system of equations. Finding clearly the solution to one of these problems, the second task is reduced to an incorrect task. The stability of the problem is based on obtaining a priori estimates for the main part of the task operator. Estimates are obtained for solving an incorrect problem and its vector version. Derivative solutions present in the stabilizing functional are estimated through solutions of the direct problem using interpolation inequalities. The convergence of the solution of the direct problem in the form of a Fourier series is justified by standard methods of the theory of Fourier series. From the result obtained, it is easy to derive an estimate of the stability of the solution of the inverse problem in the spectral setting.

Keywords: inverse problem, stability, commutator of operators, a priori estimate, interpolation inequalities.

Введение

Пусть $u(x,t)-$ решение задачи:

$$iu_t + u_{xx} - a(x)u = 0, \quad 0 < x < r, \quad t \in R, \; i^2 = -1, \tag{1}$$

$$u(x,0) = f(x), \quad x \in [0,r], \tag{2}$$

$$u_x(0,t) = 0, \quad u_x(r,t) = 0, t \in R. \tag{3}$$

Условия, налагаемые на данные исследуемой задачи следующие: функция $a(x)$ вещественнозначная, $f(x)$ может принимать комплексные зачения. Исследуемая нами обратная задача состоит в определении функции $a(x)$ по дополнительной информации следующего вида:

$$u(0,t) = g(x,t), \quad t \in [-T,T], \tag{4}$$

В работе доказывается теорема устойчивости обратной задачи (1)-(4) в нестационарной постановке на основе карлемановских оценок с весом. Применение априорных оценок с весом к доказательству теорем единственности берет начало с работы Т. Карлемана [1] и в дальнейшем исследовались многими авторами [2], [3], [4], [5], [6] и др. Теоремы единственности обратной задачи (1)-(4) получены А.Л. Бухгеймом в работе [7]. Численным аспектам реализации метода весовых априорных оценок посвящены работы [8], [9] .

Устойчивость обратной задачи

Основной результат нашей работы формулируется следующей теоремой.

Теорема. Будем считать, что $a_1(x), a_2(x)-$ решения задачи (1)-(4), которые соответствует $(f_i, g_i),\ i=1,2.$

Также потребуем, что $a_j, f_j \in W_2^8(0,r)$, W_2^8-пространство Соболева, $f_2(x)\neq 0$, $\forall$ $x\in[0,\ r]$, $d^k a_j/dx^k=0$, $d^k f_j/d^k x^k=0$ при $x=0$ и $x=r$, $j=1,2$, $k=1,2,...,7$. Тогда $\exists\ \varepsilon_0>0$, что $\forall\ \varepsilon\in(0,\varepsilon)$ справедлива оценка устойчивости

$$\begin{gathered}\|a_1-a_2\|^2_{L_{2(0,r)}}\leq \varepsilon^2(\|a_1-a_2\|^2_{W_2^8(0,\,r)})+\|f_1-f_2\|^2_{W_2^8(0,\,r)})+\\+c^2(\varepsilon)(\|f_1-f_2\|^2_{W_2^3(0,\,r)})++\|g_1-g_2\|^2_{W_2^3(-T,T)}),\end{gathered}\tag{5}$$

$c\ (\varepsilon)\leq c\cdot\exp(const/\varepsilon^2).$

Изложим кратко схему доказательство теоремы. Пусть $(u_1,a_1)\to(f_1,g_1)$, $(u_2,a_2)\to(f_2,g_2)$. Обозначая $u_1-u_2=u$, $a_1-a_2=a$, $f_1-f_2=f$, $g_1-g_2=g$, нетрудно вывести соотношния

$$Pu\equiv iu_t+u_{xx}-a_1(x)u=a(x)u_2(x,t)\equiv h,\tag{6}$$

$$u(x,0)=f(x),\ u(0,t)=g(t),\ u_x(0,t)=0,\quad u_x(r,t)=0.\tag{7}$$

Воздействуя на правую часть (6) оператором $Q=\partial_t-b(x,t)$, $b(x,t)=(\partial_t u_2)/u_2$, можно избавится от h. Коммутация Q с оператором P дает результат $PQ=[P,Q]u$. Если ввести новую неизвестную функцию, положив $v=Qu$, получается задачи Коши для системы:

$$\begin{gathered}Pv=[P,Q]u,\\Qu=v.\end{gathered}\tag{8}$$

С помощью первого условия (7) можно явно определить решение $u(x,t)$:

$$u(x,t)=Q^{-1}v=u_2(x,t)f(x)/\ f_2(x)+\int_0^t K(x,t,\tau)v(x,\tau)d\tau,\tag{9}$$

$K(x,t,\tau)=u_2(x,t)/u_2(x,\tau)$. Несложно подсчитать, что $[PQ]=b_1\partial+b_0$, $b_1=-2b_x$, $b_0=-ib_t-b_{xx}$, $\partial=\partial/\partial x$, а из (8) вытекает

$$\begin{gathered}iv_t+v_{xx}=a_1v+(b_1\partial+b_0)(u_2(x,t)f(x)/\ f_2(x))+\\+\int_0^t\{(b_1K_x^1+b_0K)v(x,\tau)+b_1Kv_x(x,\tau)\}d\tau.\end{gathered}\tag{10}$$

Далее считаем, что область задается так:

$$\begin{gathered}\Omega=\{x,t\in R\,|\,\varphi(x,t)>0,x>0\},\quad \varphi(x,t)=\exp(\lambda\psi(x+\delta,t))-1,\\ \psi(x+\delta,t)=1-\left(\frac{x+\delta}{r+\delta}\right)^2-\left(\frac{t}{T}\right)^2.\end{gathered}\tag{1.1.10}$$

где $\lambda\square\ 0$, $\delta>0$, $T>0$, $u_2(x,t)\neq 0$ Ω. При этом на начальные данные налагается условие: $f_2(x)\neq 0,\ \forall x\in[0,\ r]$.

Всюду далее считаем, что φ и Ω определены соотношением (10). Тогда для $v=Qu$ нетрудно вывести неравенство

$$|iv_t+v_{xx}|\leq c(|v|+|J|v||+|J|v_x||+|f|+|f'|),\tag{11}$$

$$v(0,t)=g'(t)-g(t)/g_2(t),v_x(0,t)=0,\ v_x(r,t)=0.\tag{12}$$

$$(Jv)(x,t)=\int_0^t v(x,\tau)d\tau.$$

Из уравнения (9) легко можно вывести следуюшие неравенства

$$\begin{gathered}|u|\leq C\big(|J|v||+|f|\big),\ |u_t|\leq C\big(|v|+|J|v||+|f|\big),\\ |u_{xx}|\leq C\big(|J|v||+|J|v_x||+|J|v_{xx}||+|f|+|f'|+|f''|\big).\end{gathered}$$

Принимая во внимание это, из (6) получаем

$$|a(x)| \le C\left(\left|J|v|\right| + \left|J|v_x|\right| + \left|J|v_{xx}|\right| + |f| + |f'| + |f''|\right). \qquad (13)$$

Пусть

$$\|v\|_s^2 = \int_\Omega e^{2s\varphi(x,t)} |v(x,t)|^2 \, dxdt\,, \quad s \ge 0\,.$$

Нам необходимо оценки для $(Ju)(t) = \int_0^t u(\tau)d\tau$ в норме $\|u\|_s^2 = \int_0^T e^{2s\varphi(t)} |u(t)|^2 \, dt, s \ge 0$. Они имеют следующий вид

$$\|Ju\|_s^2 \le T\|u\|_s^2, \qquad s\|Ju\|_s^2 \le C\|u\|_s^2. \qquad (14)$$

Легко можно убедится, что

$$-\varphi_x \ge 1,\ \varphi_{xx} \ge 1, \quad \forall (x,t) \in \bar{\Omega}.$$

Из (13) с применением неравенства Коши-Буняковского, получим

$$\int_\Omega e^{2s\varphi} |a(x)|\, dxdt \le \int_\Omega e^{2s\varphi} (|v|^2 + |J|v|\|^2 + |J|v_x|\|^2 + |J|v_{xx}|\|^2 + |f|^2 + |f'|^2 + |f''|^2) dxdt.$$

Применение к $|J|v|\|^2, |J|v_x|\|^2$, $|J|v_{xx}|\|^2$ по t оценку в (14) дает

$$C\int_\Omega e^{2s\varphi} (|v|^2 + |v_x|^2 + |v_{xx}|^2 + |f|^2 + |f'|^2 + |f''|^2) dxdt\,.$$

Таким образом,

$$\|a(x)\|_s^2 \le C(\|v\|_s^2 + \|v_x\|_s^2 + \|v_{xx}\|_s^2 + \|f\|_s^2 + \|f'\|_s^2 + \|f''\|_s^2). \qquad (15)$$

Чтобы получить оценку устойчивости обратной задачи (1)-(4), нужно оценить решение $v(x,t)$ задачи Коши $PQ = [P,Q]u$ и ее производных v_x, v_{xx} в (15).

Справедлива следующая

Лемма 1. Предположим, что выполнены условия (11), (12) для $v \in C^\infty(\bar{\Omega})$ и $|\varphi_x| \ge 1,\ \varphi_{xx} \ge 1$ *в* $\bar{\Omega}$. В этих условиях при $a(x) \in L_\infty(0,r)$ $\forall\, \varepsilon_0 > 0$, что $\forall$ $\varepsilon \in (0, \varepsilon_0)$ справедливо оценка

$$\|v\|_s^2 \le \varepsilon^2 l^2(v) + c^2(\varepsilon)\left(\|f\|_{W_2^1}^2 + \|g\|_{W_2^2(-T,T)}^2\right). \qquad (16)$$

$$\varepsilon^2 = C/s,\ l^2(v) = \int_\Gamma (|v|^2 + |v_x|^2 + |v_t|^2)\, d\sigma,$$

$$\Gamma = \partial\Omega \setminus [-T,T],\ m = \max_{\bar{\Omega}} \varphi, \quad c^2(\varepsilon) = \max(C s^{-3} e^{2sm},\ C s^{-1} e^{2sm}).$$

Доказательство леммы основано на оценке снизу нормы $\|P'v\|_s^2$, где $P' = i\partial_t + \partial^2$, $\partial_t = \partial / \partial t$, $\partial^2 = \partial^2 / \partial x^2$, применении формулы интегрирования по частям, интерполяционных неравенств и оценки граничных интегралов. Продолжим доказательства теоремы. Поясним, как оцениваются v_x, v_{xx}. Сначала дифференцируем уравнение (10) по переменной x и обозначая $p = v_x$, получим для нее оценку вида (11). Далее, то же самое сделаем для продифференцированного по x уравнения (10) (при этом мы полагаем $\rho = v_{xx}$) и получим также оценку вида (11) для функции $\rho = v_{xx}$. Краевые условия для этих оценок вытекает из условий (12). В итоге получаем векторный вариант задачи (10) - (11):

$$\begin{aligned} &|i\vec{v}_t + \vec{v}_{xx}|^2 \le c(|\vec{v}|^2 + |\vec{w}_1|^2 + |\vec{w}_2|^2 + |\vec{w}_3|^2), \\ &\vec{v}(0,t) = \vec{v}_0(t),\ \vec{v}_x(0,t) = \vec{v}_1(t). \end{aligned} \qquad (17)$$

Здесь

$$\vec{v} = (v, p, \rho), \quad \vec{w} = (J|v|, J|p|, J|\rho|),\ \vec{w}_1 = (J|\rho_x|, 0, 0),$$
$$\vec{w}_2 = (f, f', f''),\ \vec{w}_3 = (f''', 0, 0),\ \vec{v}_0(t) = (v(0,t), p(0,t), \rho(0,t)),$$
$$\vec{v}_1(t) = (v_x(0,t), p_x(0,t), \rho_x(0,t)).$$

Справедлива следующая векторная форма леммы 1.

Лемма 2. Допустим, что для $\vec{v} \in C^{\infty}(\bar{\Omega})$ выполняются условия (17) и $\|\varphi_x\| \geq 1, \ \ \varphi_{xx} \geq 1$ в $\bar{\Omega}$. При $a \in C^2[0,r]$, тогда $\forall\ \varepsilon_0 > 0$, $\exists\ \varepsilon \in (0,\varepsilon_0)$, что выполнена оценка

$$\|\vec{v}\|_s^2 \leq \varepsilon l^2(v) + c^2(\varepsilon)\left[\|f\|^2_{W^3_{2(0,r)}} + \|g\|^2_{W^3_{2(-T,T)}}\right], \tag{18}$$

$$\varepsilon^2 = C/s, \quad c^2(\varepsilon) = \frac{C}{s}e^{2sm},$$

$$l^2(v) = \int_{\Gamma}(|v|^2 + |v_x|^2 + |v_{xx}|^2 + +|v_{xx}|^2 + |v_t|^2 + |v_{xt}|^2 + |v_{xxt}|^2)$$

Принимая во внимание (17) и неравенства $\|f\|_s^2 \leq 2Te^{2sm}\|f\|^2_{L_{2(0,r)}}$, $\|a\|_s^2 \leq \|a\|^2_{L_{2(\Omega)}} = C\|a\|^2_{L_{2(0,r)}}$, из (15) имеем

$$C\|a\|^2_{L_{2(0,r)}} \leq C\{\varepsilon^2 l^2(v) + c^2(\varepsilon)[\|f\|^2_{W^3_{2(0,r)}} + +\|g\|^2_{W^3_{2(-T,T)}}] + 2Te^{2sm}\|f\|^2_{W^2_{2(0,r)}}\}. \tag{19}$$

Покажем, как оценить

$$l^2(v) = \int_{\Gamma}(|v|^2 + |v_x|^2 + |v_{xx}|^2 + |v_{xxx}|^2 + |v_t|^2 + |v_{xt}|^2 + |v_{xxt}|^2)d\sigma.$$

Для этого $v(x,t)$ представляется в виде $v(x,t) = \int_0^x v_{\xi}(\xi,t)d\xi + v(0,t),$ отсюда

$$|v|^2 \leq C(\int_0^x |v_{\xi}|^2 d\xi + |v(0,t)|^2), \quad C = 2\cdot \max(1,r)\ .$$

Профессиональные специфические компетенции	Компетенции в объектно-ориентированном анализе и проектировании (C24), Компетенции в области управления гибкими IT-проектами (C25), Компетенции в управлении цифровой организацией (C26), Компетенции в промышленной информатике (C27), Компетенции в образовательной робототехнике (C28), Компетенции в разработке мобильных приложений (C29)

На основе подробного описания компетенций и результатов обучения были определены 46 курсов, разделенные на три общие группы: 36% курсов классифицировались как общеобязательные академические курсы, 64% - как профессиональные базовые и специализированные, практические курсы.

Области знаний с содержанием являются основой для отдельных курсов. Чтобы обеспечить полный охват между результатами обучения и областями знаний, использовалась диаграмма Ганта для сопоставления каждого результата обучения с областями знаний. Области знаний с содержанием изображены на рисунке 1. Как и результаты обучения, все области знаний не могут преподаваться одновременно. На рисунке 1 мы отразили распределение областей знаний (М1 – М5) в течение времени и формируемые компетенции (С1-29).

	Семестр 1	Семестр 2	Семестр 3	Семестр 4	Семестр 5	Семестр 6	Семестр 7	Семестр 8
М1	С9, С10, С20, С21, С22, С24, С29							
М2		С11, С12			С15, С23			
М3				С13, С19, С20,				
М4	С14		С16, С17, С18, С25, С26, С27, С28					
М5	С1 - С29							

Рисунок 1. Модель образовательной программы.

Обозначения: М1 - Языки и технологии программирования, М2 - Методы компьютерных вычислений и оптимизаций, М3 - Разработка и тестирование программного обеспечения, М4 – Разработка и эксплуатация баз данных и программных приложений, М5 – Профессиональная практика.

Наличие траекторий в образовательной программе специальности «Вычислительная техника и программное обеспечение» дает возможность выбора направления подготовки студентам. Каждая траектория представляет собой профессиональный модуль и направлена на освоение определенных компетенций для определенной трудовой деятельности.

В образовательную программу включены модули. Модуль представляет собой законченную часть образовательной программы. Дисциплины и междисциплинарные курсы, входящие в модуль, могут быть как из цикла базовых дисциплин, так и из цикла профессиональных дисциплин. В таблице 2 приведена структура профессиональных модулей и наполнение их элективными дисциплинами.

Таблица 2. Структура профессиональных модулей

Вид трудовой деятельности	Профессиональ-ный модуль	Трудовая деятельность	Элективные дисциплины
А. Участвовать в анализе и разработке требований к ПО, осуществлять разработку модулей ПО для компьютерных систем согласно специфики отрасли	М1:Разработка программного обеспечения для компьютерных систем	А1 Участвовать в анализе и разработке различных требований к программному продукту, в создании сценариев использования программного продукта	IT-инфраструктура. Ведение бизнеса Алгоритмизация и программирование.
		А2 Осуществлять программирование модуля на основе готовых спецификаций, разработку мобильных приложений, программирование микроконтроллеров для промышленных компьютеров.	Разработка мобильных приложений. Технологии программирования. Программирование в 1С: Предприятие. Системное программирование. Программирование на JAVA
		А3 Осуществлять тестирование и документирование созданных модулей	Объектно-ориентированное программирование на C++ Builder/C#.
В. Принимать участие в разработке ПО компьютерных систем	М2:Участие в разработке ПО компьютерных систем	В1 Участвовать в интеграции программных компонент в единое целое	Архитектура систем параллельных вычислений. Технология разработки программного обеспечения.
		В2 Участвовать в анализе и оптимизации кода с	Инструментальные средства разработки программ.

		использованием инструментальных средств для повышения качества программного продукта	
		B3 Участвовать в разработке тестовых наборов и тестовых процедур	Основы работы в 3D Max. Программное обеспечение математического моделирования.
		B4 Участвовать в измерении характеристик программного продукта	Компьютерное моделирование. Генерация бизнес-идей и получение патента
C. Участвовать в администрировании и в сопровождении ПО компьютерных систем	M3:Участие в эксплуатации и сопровождении ПО компьютерных систем	C1 Разрабатывать и вести проектную и техническую документацию по порученным задачам	Проектирование компьютерных систем. Проектирование интеллектуальных систем.
		C2 Участвовать в администрировании программного обеспечения	Операционные системы. Системное администрирование на базе Cisco. Основы прогнозирования.
D. Осуществлять проектирование и разработку БД и программных приложений	M4: Проектирование и разработка БД и программных приложений	D1 Выполнять анализ предметной области и вырабатывать требования к БД и программным приложениям	Взаимодействие человека с компьютером. Базы данных. Сетевые технологии компьютерных систем.
		D2 Реализовывать БД и программные приложения	Системы управления базами данных. Web-технологии. Компьютерные сети.
		D3 Выполнять тестирование и документирование БД и программных приложений	Основы информационной безопасности. Самоменеджмент и техника презентаций.
		D4 Осуществлять внедрение и сопровождение БД и программных приложений	Профессиональные компьютерные программы.
E. Выполнять работы по сбору и ремонту компьютерной техники	M5:Выполнение работ по сбору и ремонту компьютерной техники	E1 Работать с пакетами основных прикладных программ	Микропроцессорная техника. Цифровая схемотехника.
		E2 Выполнять сбор и ремонт компьютерной техники	Электроника

Болонская система дает возможность для академической мобильности студентов. Кафедра «Информационные технологии» использует эту возможность, которая дает большие преимущества в пополнении знаний в других вузах, особенно за рубежом. Совместно с Люблинской Высшей школой предпринимательства и администрации (WSPA, г. Люблин, Польша) разработана образовательная программа «Вычислительная техника и программное обеспечение» по получению двойных дипломов, по которой состоялся уже не один выпуск. Модернизация учебных программ высшего образования, в частности, создания программ по получению двойных дипломов, имеет важное значение для удовлетворения профессиональных потребностей. Наши студенты также пополняют свои знания в России, Таджикистане по академической мобильности.

При разработке программы у нас было довольно интенсивное взаимодействие с профессионалами и студентами, работодателями из сектора промышленности. Мы организовывали экспертные группы, позволяющие с профессионалами в области IT технологий, работодателями, преподавателями и студентами формировать результаты обучения. Эта деятельность была очень плодотворной и привела к изменениям и усовершенствованиям образовательной программы.

Список использованной литературы:

1 Реформирование высшего образования в Казахстане и Болонский процесс: информационные материалы для практических действий – Алматы, 2009 – 120 с. 8. По материалам zakon.kz

2 António Trigo, João Varajão, Pedro Soto-Acosta, João Barroso IT Professionals: An Iberian Snapshot. International Journal of Human Capital and Information Technology Professionals, 1(1), 61-75, January-March 2010. DOI: 10.4018/jhcitp.2010091105

3 Toral S. L., Martınez-Torres M. R., Barrero F., Gallardo S., Dura´n M. J. An electronic engineering curriculum design based on concept-mapping techniques. Int J Technol Des Educ (2007) 17:341–356. DOI 10.1007/s10798-007-9042-4

4 Matkovic, P., Tumbas, P., Sakal, M. & Pavlicevic, V. (2014). University Stakeholders in the Analysis Phase of Curriculum Development Process Model. Proceedings of the 7th International Conference of Education, Research and Innovation (ICERI) (pp. 2271-2277).

5 Damien Joseph, Soon Ang, Roger H. L. Chang, Sandra A. Slaughter Practical Intelligence in IT: Assessing Soft Skills of IT Professionals. Communications of the ACM, Vol. 53 No. 2, Pages 149-154. DOI: 10.1145/1646353.1646391

МРНТИ 20.01.45
УДК 378.016.02:004.9(574)

Б.Г. Бостанов[1], Қ.А.Беделов[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

БҰЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі интернет желісі арқылы өзінің көп мүмкіндіктерін ұсынатын бұлтты технологиялардың түрлеріне салыстырмалы түрде талдау жасалады. Білім беру мақсатында жиі пайдаланылатын желілік серверлер мен қызметтер және оларды пайдаланудың білімге тигізетін әсерін айта келе: 21 ғасырда қажетті дағдыларды қалыптастыратын, білім беруде оң әсерін тигізетін, білім алушылар мен педагогикалық қызметкерлер үшін көптеген жаңа мүмкіндіктер ашатын негізгі трендтер және олардың білім берудегі алатын орындарының өзіндік ерекшеліктері айтылған. Яғни, интернет желісінде іздестіру, аралас оқыту, Open Course ware, оқытатын порталдар, студенттер оқытушылар ретінде, электронды ынтымақтастық, байсалды ойындарды қамтитын балама шындық, мобилді оқыту, дербестендірілген оқыту желілері, CloudComputing ресурстары туралы баяндалған. Сонымен қатар бұлтты желілік қызметтердің кейбір түрлерінің білім берудегі атқаратын қызметтеріне жекелей тоқталған.

Түйін сөздер: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бұлттық технологиялар, желілік сервистер және қызметтер, білім беру сласы, бұлттық ресурстар.

Аннотация

Б.Г. Бостанов[1], К.А.Беделов[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ОБЛАЧНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ВОЗМОЖНОСТИ ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ

В статье проводится сравнительный анализ типов облачных технологий, предлагающий большие возможности через современную сеть интернет. Сетевые серверы и услуги, часто используемые в образовательных целях, использование, и их влияние на образование: основные тренды, формирующие необходимые навыки в 21 веке, позитивно влияющие на образование, открывающие новые возможности для обучающихся и педагогических работников, и их специфические особенности в сфере образования. То есть, поиск в сети Интернет, смешанное обучение, Open Courseware, обучающие порталы, студенты как преподаватели, электронное сотрудничество, альтернативная реальность, включающая серьезные игры, мобильное обучение, сети персонализированного обучения, ресурсы Cloud Computing. Кроме того, в статье описаны отдельные виды облачных сетевых услуг, и более детально остановились на образовательной деятельности.

Ключевые слова: Информационные и коммуникационные технологии, Облачные технологии, Сетевые услуги, Будущие учителя информатики.

Abstract

CLOUD TECHNOLOGIES AND OPPORTUNITIES FOR THEIR USE IN EDUCATION

BostanovB.G. [1], Bedelov K.A. [1]

[1]Abai University, Almaty, Kazakhstan

The article provides a comparative analysis of the types of cloud technologies that offer great opportunities through the modern Internet. Network servers and services that are often used for educational purposes, their use, and their impact on education: the main trends that shape the necessary skills in the 21st century, have a positive impact on education, open new opportunities for students and teachers, and their specific features in the field of education. That is, Internet search, mixed learning, OpenCourseware, learning portals, students as teachers, e-collaboration, alternative reality that includes serious games, mobile learning, personalized learning networks, Cloud Computing resources. In addition, the article describes certain types of cloud network services, and dwelled in more detail on educational activities.

Keywords: Information and communication technologies, Cloud technologies, Network services, Future teachers of informatics.

Қазақстан президенті Қ.К.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген тақырыппен халыққа жолдауындағы IV-ші «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» міндеттінде «Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған» - деп атап көрсетілген. Шындығында да қазіргі педагогикалық ЖОО-дағы болашақ мамандар даярлаудың мазмұны мектептегі оқыту мазмұнынан алшақтау, кейде одан кейін қалып қоятындығын жасыруға болмайды [1]. Соның ішінде, информатика пәні мұғалімдерін даярлауда мектеп пәнін оқытудың мазмұнында бар «Бұлттық технологиялар» тақырыбы бойынша оқу бағдарламасынында элективті таңдау курстары қарастырылмаған деп айтуға да болады.

Сондықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қарқанды дамуы мен қоғамның цифрлануы кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үдерісінзаманауи ұрпаққа сай жаңалау мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Онда жаңашыл педагогтың қызметтің барлық кезеңдерінде үнемі өзін-өзі жетілдіруі және үздіксіз оқып-үйренуі; жарамды оқу материалын және оны көрсету үшін ақпараттық технологиялардың тиісті құралын іріктеп алуы; әдістемелік жұмыстарды талдауы; білім беру үдерісіндегі ақпараттық - коммуникациялықтехнологияларға негізделген оқуқұралдарын жетілдіруі және оқытудың жаңа міндеттерін шешуібасты мақсаты деп саналады. Осы аталған мүмкіндіктер мен қажеттіліктердің барлығы бұлттық технологиялар негізінде жаңашыл мақсатта қарастырылуы керек.

Сонымен қатар, жаңашыл информатика пәнінің мұғалімі мультимедиалық қосымшаларды, мобильді құрылғыларды, мысалға: нетбук, планшет, смартфон, интернет желісінде пайдалана отырып, оларға кез-келген жерден, кез-келген уақытта қол жеткізу мүмкіндігіне ие бола отырып, оларды оқыту мақсатында тиімді, өз бетімен зерделей алатын құзырлылығы қалыптасқан маман болуы қажет.

Білім беру мақсатында жиі пайдаланылатын желілік сервистер мен қызметтер мыналар (олардың кейбірі әлі де толық қолданылмайды) [2, 3, 4, 5]:

- қарым-қатынас жасау сервистері: электронды почта, форумдар, блогтар, чаттар, IP-телефония (Skype) және т.с.
- сақтау және деректер алмасу сервистері;
- электрондық журналдар мен күнделіктер;
- қашықтықтан оқыту жүйесі, кітапхана, медиа-кітапхана;
- әлеуметтік желілер: Twitter, Facebook, ВКонтакте және басқалар;
- виртуалды серверлер, хостингтер;
- бейнематериалдар хостингтері: YouTube, бейнеконференция және басқалар;
- web 2.0 құралы: wiki-парақтар және басқалар [6].

21 ғасырдың келесі онжылдығы білім беру үшін талай мүмкіндіктер береді. Американдық ғалым К. Бонк өзінің «Ашық әлем: веб-технологиялар білім беруді қалайша революцияландырып отыр» атты кітабында [7] ашық әлемнің білім беруге әсер ететін бірқатар маңызды трендтерін көрсетті. Енді 21 ғасырда қажетті дағдыларды қалыптастыратын және білім беруге оң әсерін тигізетін және білім алушылар мен педагогикалық қызметкерлер үшін көптеген жаңа мүмкіндіктер ашатын негізгі трендтерді қарастырайық.

1. Интернет желісінде іздестіру. Интернет желісі педагогикалық қызметкер мен білім алушылар қажетті мәліметтерді және дереккөздерді таба алатындай: ақпарат, электронды кітаптар және құжаттар, әртүрлі кітапханалар, ресурстар,қосымшалардан тұрады. Сондай-ақ, мәлімет алмасу үшінжәнемәліметтерге ашық қол жеткізугемүмкіндіктер жасайтын үлкен көлемді жады іспетті.

Сондықтан Интернет желісінде іздестіру дағдылары оқып, білім алушылардың цифрлық әлемдегі АКТ-сауаттылығының маңызды құрамдас бөліктері болып табылады.

2. Аралас оқыту. Аралас оқыту тек «бетпе-бет» қарым-қатынас жасауды және «топтық қарым-қатынас жасауды» ғана емес, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, нақты уақыт режиміндегі әрекеттестікті де шамалайды.

3. OpenCourseware. Массачусет технологиялық институты (MIT) OpenCourseWare-нің бас провайдері болып отыр. Осы тәріздес ресурстарда бар оқу материалдары педагогикалық қызметкерлерге де, оқып, білім алушыларға да пайдалы.

4. Оқытатын порталдар. Мұндай порталдар қазіргі кезде айтарлықтай дамыған болып табылады және жаңа материалды зерделеуге де, өзінің әртүрлі ғылыми салалардағы білімдерін дамытуға да жағдай жасайды.

5. Студенттер оқытушылар ретінде. Қазіргі уақыт оқып, білім алушылардан үлкен бастаманы талап етеді. Олар өздерінің білім алуы үшін пайдалы материалды өз бетімен зерделей білуге тиіс.

6. Электронды ынтымақтастық. Оқытатын ұйымдар тиісті құралдарды (кітапханалар, күнтізбелер, форумдар, жоспарлар, жергілікті жердің карталары және бас.) пайдаланған кезде электронды ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.

7. Байсалды ойындарды қамтитынбалама шындық. Оқытудың интербелсенді әдістерінің бірі ретінде, ойындарды да білім беру үдерісінде пайдалануға болады. Олар оқып, білім алушыларды іздестіруге және шешімдер қабылдауға мәжбүр етіп, нақты өмірдің жағдайларын модельдеуге жағдай жасайды.

8. Мобилді оқыту. Мобилді құрылғылардың көмегімен білім беру ұйымына келуге мүмкіндіктері жоқтарды оқытуға болады, кеңестер бере отырып, кез-келген жерден сабақтан тыс уақытта оқытуға болады.

9. Дербестендірілген оқыту желілері. Оқыту үшін қазіргі заманның буынында танымал болып отырған желілік ресурстарды, мысалға, Facebook, Вконтакте және басқа әлеуметтік желілерді пайдалануға болады. Бұл ресурстар өзінің көптеген қосымшаларын оқу мақсаттарында пайдалануға да, өздерінің ресурстарын әзірлеуге және жүзеге асыруға да жағдай жасайды.

*10.*CloudComputing ресурстары. Бұлттық технологиялар білім беру ұйымдарына осыларды білім беру үрдісінде пайдалануға болатын тегін бұлттық сервистер береді. Жоғарыда қарастырылған барлық трендтерді бұлттық ресурстарда әбден іске асыруға болады.

Өткен ғасырдың соңында компьютерлік есептеу техникасының пайда болуының және жаппай таралуының бұлттық есептеулер эволюциясында үлкен рөл ойнағандығын атап өтуіміз керек. Үлкен ЭЕМ-ның есептеу қуаттары мен жалға берілетін машиналық уақыт өзекті емес болып шыққандықтан, бір жағынан, дербес компьютерлердің пайда болуы бұлттық технологиялардың дамуын әлдебір уақытқа тоқтата тұрды. Екінші жағынан, компьютерлік техниканың жаппай таралуы желілік технологиялардың дамуы мен дербес компьютерлерді желілерге біріктіру үшін серпін берді, бұл бұлттық есептеулерді одан әрі дамыту үшін негіз болып шықты.

Бұлттық қызметтер нарығында болып жатқан соңғы тенденциялар бұлттық провайдерлер ортасындағы күшті бәсекені куәландырып отыр. «Есептеу бұлты» концепциясын әртүрлі компаниялар, мысалға, Amazon, Google және Microsoft белсенді қолданады.

Бұлттық есептеулердің пайда болуы мен эволюциясына келесілерді қоса, бірнеше технологиялық жетістік жағдай жасады:

- жылдамдығы жоғары сенімді желілердің пайда болуы;
- виртуалдандыру мүмкіндіктері; деректер өңдеу орталықтарына арналған бағдарламалық жасақтаманың құнын төмендеткен, ашық бастапқы коды бар бағдарламалық жасақтама (мысалға, Linux, Apache, және Hadoop);
- web 2.0 технологиясының ашық стандарттарының қабылдануы, бұл бұлтта қосымшалар жасауды анағұрлым оңайырақ және жылдамырақ етті;
- Google, Microsoft және Amazon секілді өндірушілер өрістеткен инфрақұрылымдардың пайда болуы;
- серверлік жабдықтың дамуы мен жетілдірілуі.

Google компаниясы бұлттық технологияларды дамытуға, атап айтқанда, білімге елеулі үлес қосып отыр. Google қызметтерінің артықшылығы олардың тегін және білім беру үрдісінде белсенді қолдануға қабілеттілігі болып табылады, сонымен қатар білім алуға көмектесетін көптеген қосымшалар мен қызметтері бар.

Олардың ішінде:

- Google ArtProject - интерактивті түрде әлемнің танымал мұражайларын ұсынды;

- Google Docs - онлайн офис;
- Google Maps - карта жиынтығы;
- Google сайттары - бұл вики технологиясын пайдаланатын тегін хостинг қызметі;
- Google Translate - аудармашы;
- YouTube - бейне хостинг;
- Google форма – онлайн тест, сауалнама, барлық қатысушылардың жауаптарын жиынтық кестенің автоматты құру жасауға мүмкіндік береді.
- Google Drive - файлдарды сақтау және олармен жұмыс істеу кеңістігі.
- Google Класс - электрондық пошта, құжаттар және сақтау құралдарымен жұмыс істеудің еркін құралдар жиынтығы. Бұл қызметті мұғалімдермен бірлесе отырып, уақытты үнемдеуге, сабақты оңай және жылдам ұйымдастыруға және студенттермен тиімді қарым-қатынас жасауға бағытталған.
- ClassFlow бұл мұғалімдерге интерактивті тақта сияқты түрлі технологияларды біріктіретін сабақтарды жасауға және өткізуге мүмкіндік беретін бұлтқа негізделген бағдарлама.
- G Suite Enterprise for Education - білім беру мекемелеріне, компаниялардың қажеттіліктерімен ұқсас келетін әкімшілік бөлімдерді, басқаруға қажетті құралдар жиынтығын қамтамасыз етеді. Бұл жиынтыққа жетілдірілген басқару құралдары, іздеу және талдау функциясы, сонымен қатар коммуникацияның корпоративтік құралдары кіреді.

G Suite Enterprise for Education төменде көрсетілген құралдар мен функциялардан тұрады.

- Қауіпсіздік орталығы – жүйе әкімшісіне қауіпсіздікті арттыруға, сонымен қатар ұйымның практикалық маңызы бар статисткалық мәліметтеріне және деректеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін құрал.
- Өңірлерге қатысты деректерді сақтау ережелері әкімшіге қолданушылардың жеке деректерін қай өңірде сақтауды таңдауға көмектеседі: АҚШ-та немесе Европада.
- Cloud Search –бұл G Suite өнімдерінде бірыңғай іздеуге арналған құрал. Енді ақапаратты тез тауып алуға болады, сондықтан да қолданушыларға алынған деректерді толығырақ талдауына болады.
- Hangouts Meet-тің кеңейтілген функциясы тікелей көрсетілім жүргізу, бейнекездесулерді жазып алу және оларды Google Дискіде сақтауға, телефон арқылы кездесуге қосылуға (АҚШ және басқа елдерде қолжетімді), қатысушылар саны көп бейнекездесулерді ұйымдастыру (100 адамға дейін) мүмкіндіктерінен тұрады. Тегін лицензияға ие қолданушыларға тікелей көрсетілім мен бейнекездесулерді жазып алу қол жетімсіз.
- Қызметкерлер жұмыс мақсатында қолданатынмобильді құрылғылармен кеңейтілген басқару үлкен ұйымдарға жеке құрылғыларын пробелсенді басқаруды қолдануға көмектеседі. Мысалы, әкімшілер мобильді құрылғылардың аудит журналын талдай алады, ережелерді орнатып, қосымшаларды басқара алады.
- G Suiteесебі және BigQuery-гі Gmail журналы білім беру мекемелерінің әкімшілеріне ақауларды анықтауға және статистиканы алуға көмектеседі.
- Архивациялаудың бөгде құралдары – ең маңызды хабарламаларды іздеуге және сақтау үшін қолданылады.
- Кеңейтілген қолдау –мамандардан өнім бойынша тезірек көмек алуға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік 200-ден көп лицензция алған ұйымдарға қолжетімді

Cloud computing-алдыңғы модельдерден, ең алдымен, есептеу қуатын беру қағидасы ерекшелендіреді: қажетті бағдарламалық және аппараттық жасақтаманы жалдау немесе тіптен бүкіл инфрақұрылымды Интернет арқылы қызмет ретінде ұсыну [9,10].

Милан университетінің (University of Milan) профессоры Федерико Этро cloud computing (CC) – деректерді серверлерде сақтауға және клиенттердің талап етуі бойынша қызмет көрсетуге жағдай жасайтын интернет-бағдарланған технологиялардың жаңа басты мақсаты деп атап өтті.

Майкл Миллердің «Бұлттық есептеулер: Сіздің жұмыс тәсілін және нақты уақыт режиміндегі әрекеттестіктерді өзгертетін веб-бағдарланған қосымшалар» атты кітабында [8] біз оны осындай ретінде танитын компьютингтің өзгергендігі атап өтілген. Қазіргі заманғы технологиялар компьютерге орнату үшін қымбат тұратын бағдарламалық жасақтаманы сатып алмауға мүмкіндік береді, бұлттық инфрақұрылымды өрістетуге және оған кез-келген жерден, интернет желісіне қосылған кез-келген жабдықтан қатынау мүмкіндігіне ие болуға болады. «Бұлтқа» қатынау мүмкіндігіне, қатынау құқығы бар мыңдаған адамдардың бір мезгілде ие бола алатындығын атап өту керек.

Қазіргі уақытта заманау ақпараттық технологияларды пайдаланбастан, бір де бір білім беру мекемесі тиімді жұмыс істей алмайды. Бұл ретте әрбір білім беру орталығының жанында өзінің IT-инфрақұрылымын ұстап отыру мен оны дамыту өте қымбатқа түседі. Жыл өткен сайын осы шығындардың деңгейі үсті-үстіне арта түсуде. Мекемелер компьютерлік техникаға, телекоммуникациялық жабдыққа және бағдарламалық жасақтамаға қыруар қаржы жұмсап отыр. Жоғарыда атап көрсетілген шығындардан өзге, осы техникаға қызмет көрсететін қызметкерлердің жоғары кәсіпқойлық деңгейін ұстап отыруға да әжептәуір қаржы салымдары қажет болады.

Онымен қоймай, қазіргі заманғы аппараттық қамтамасыз етудің сипаттамалары күн сайын дерлік өзгертіліп және жетілдіріліп отыр, сондықтан кез-келген білім беру ұйымының өзінің техникалық базасын қазіргі заманғы компьютерлердің жылдам өзгеріп жатқан есептеу мүмкіндіктеріне сәйкес жаңарта алуы және оқу үрдісін компьютерлік техниканың соңғы жаңалықтарымен қамтамасыз ете қоюы екі талай. Оқып, білім алушыларға тиісті ақпараттық қызмет көрсетуді деңгейде ұстап отыруға әжептәуір материалдық шығындарды шамалайтын бағдарламалық жасақтамамен де дәл осындай жағдай орын алып отыр.

Жоғарыда тізіп көрсетілген бұлттық сервистерден өзге, құжаттармен жұмыс істеу және білім беру қызметіндегі міндеттерді ұйымдастыру үшін бағдарламалау сервистері, сақтау сервистері, деректер қорларымен жұмыс істеу сервистері, графикамен жұмыс істеу сервистері, виртуалды жұмыс үстелдерінің сервистері, бұлттық бағдарланған вирусқа қарсы бағдарламалар секілді сервистерді пайдалануға болады.

Осылар өздеріне қымбат тұратын жабдықты және бағдарламалық жасақтаманы сатып алуға және қолдауға мүмкіндігі жоқ білім беру мекемелері үшін оқытуды басқарудың ішкі жүйелерін (LMS, Learning Management Systems) «бұлтқа» жылжыту тиімді болып шығуы мүмкін, өйткені бұл IT-инфрақұрылымға шығындарды оңтайландыруға жағдай жасайды.

Білім беру үрдісінде бұлттық технологияларды (cloud computing) қолдану оқу орындарына Интернет арқылы есептеу ресурстарын және сервис ретінде қосымшаларды пайдалануға мүмкіндік береді, бұл оқыту үдерісін қарқынды етуге және жақсартуға, сонымен бірге дәстүрлі АКТ-технологияларға тән емес арнайы функциялардың есебінен оқытудың сапасын жақсартуға жағдай жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Бидайбеков Е.Ы, Бостанов Б.Г, Беделов Қ.А. Бұлттық технологияның білім беру жүйесіндегі алатын орны мен артықшылықтары // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тоқмұхамед Сәлменұлы Садықовтың 80 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы:Абай атындағы ҚазҰПУ 2018 ж.- 69 б.

2 Бидайбеков Е.Ы, Бостанов Б.Г., Беделов Қ.А., Жанбаева Р.А. Бұлттық технологияларға негізделген желілік сервистердің көмегімен болашақ информатика мұғалімдерін даярлау хақында // Хабаршы Вестник «Физика- математика ғылымдары» сериясы Серия №4 (64) – 2018 ж. – 127 б.

3 Агитон К. Сетевые сообщества и будущее Интернет технологий. Web 2.0. [Электронный ресурс] // Публичные лекции «Полит.ру» - 2007. -31 мая. – Режим доступа: http://www.polit.ru/lectures/2007

4 Голубев О.Б., Никифоров О.Ю. Использование облачных сервисов при обучении информатики// Сборник научных статей Всероссийской научной конференции «Системные стратегии: наука, образование, информационные технологии». - Вологда.: ВГПУ, 2013. - 44-47 с.

5 Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информационные и коммуникационные технологии в современном открытом образовании: Сетевой учебно-методический комплекс электронных средств поддержки обучения для подготовки кадров современного открытого образования [Электронный ресурс] / -Режим доступа: http://www.ido.edu.ru/open/ikt/index.html.

6 Bonk C.J. The World is Open: How Web Technologyis Revolutionizing Education / - SanFrancisco, USA: Jossey-BassInc., 2009.

7 Miller M, Cloud Computing: Web-based applications that change the way you work and collaborate online / - Indianapolis, 2008.

8 Исабаева Д.Н, Исабаева С.Н., Ерсари І.Н. Бұлттық технология мүмкіндерін қолдану негізінде информатиканы оқытуды оңтайландыру// Хабаршы Вестник «Физика- математика ғылымдары» сериясы Серия №4 (60) – 2017 ж.- 245 б.

9 Бекбулатова И.У, Бахтыбаева С.А. Мейрбекова Г.П, Ниязова Г.Ж. Бұлттық технологиялардың білім берудегі мүмкіндіктері// Хабаршы Вестник «Физика- математика ғылымдары» сериясы Серия №1 (53) – 2016 ж.- 158 б.

МРНТИ 28.21
УДК 003.26

Ф.Р. Гусманова[1], *Г.А. Абдулкаримова*[2]

[1]*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*
[2]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУДЫҢ КРИПТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Жаппай ақпараттандыру жағдайында ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау өзекті мәселе болуда. Мақалада ақпаратты қорғау саласында білімді маңызды құраушы ретінде кәсіби қызметте мәліметтерді криптографиялық қорғаудың алгоритмдерін тиімді таңдау тәсілдерін ерекшелеуге болатыны көрсетілген. Ақпаратты қорғаудың криптографиялық тәсілдерін білу, криптография бойынша оқу бағдарламаларын пайдалану ақпаратты қорғау саласында үлкен тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған мақала ақпараттық кеңістіктерде жеке мәліметтерді қорғау мақсатында қолданылатын криптожүйелерді меңгеруге арналған. Әбден ақпараттандырылған заманауи жағдайда түбегейлі мәні криптожүйелердің беріктігін қамтамасыздандыруды, олардың негізінде мәліметтерге рұқсатсыз қатынауды алдын ала болдырмаудың жаңа нұсқаларын шығарды. Берілген тақырып бойынша студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу, криптографиядағы жаңа жетістіктерін ескере отырып курс бағдарламасын кеңейту мүмкіндіктері айтылды.

Түйін сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, криптожүйе, криптографиялық алгоритм, кілт, қорғау.

Аннотация

Ф.Р. Гусманова[1], *Г.А. Абдулкаримова*[2]
[1]*Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*
[2]*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Казахстан*

АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ОБУЧЕНИЯ КРИПТОГРАФИЧЕСКИМ МЕТОДАМ ЗАЩИТЫ ИНФОРМАЦИИ

В условиях всеобщей информатизации, вопросы информационной безопасности и защиты информации становятся наиболее актуальными. В работе показано, что в качестве важной составляющей знаний в области защиты информации можно выделить способ оптимального выбора алгоритмов криптографической защиты данных в профессиональной деятельности. Знание криптографических способов защиты информации, использование учебных программ по криптографии позволяет получить опыт в области защиты информации. Данная статья посвящена изучению криптосистем, применимых с целью защиты личных данных на информационных просторах. В современных условиях информационного перенасыщения принципиальное значение имеет изучение обеспечения надёжности криптосистем, выведения на их основе новые варианты предотвращения несанкционированного доступа к приватным данным. Отмечена возможность научно-исследовательской работы студентов по данной тематике, перспективы расширения программы курса с учетом новейших достижений в криптографии.

Ключевые слова: информационная безопасность, криптосистема, криптографический алгоритм, ключ, защита.

Abstract

CRYPTOGRAPHIC METHODS OF INFORMATION PROTECTION TEACHING ACTUAL ASPECTS

Gusmanova F.R. [1]*Abdulkarimova G.A.* [2],
[1]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*
[2]*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

In conditions of general informatization, issues of information security and information protection are becoming the most relevant. The paper shows that as an important component of knowledge in the field of information security, we can single out the method of the optimal choice of cryptographic data protection algorithms in professional activities. Knowledge of cryptographic methods of information protection, the use of cryptography training programs allows you to gain experience in the field of information security. This article is devoted to the study of cryptosystems applicable to protect personal data in the information spaces. In modern conditions of information over-saturation, the study of ensuring the reliability of cryptosystems and deriving new options for preventing unauthorized access to private data based on them is of fundamental importance. The possibility of students' research work on this topic, the prospects of expanding the course program taking into account the latest achievements in cryptography are noted.

Keywords: information security, cryptosystem, cryptographic algorithm, key, protection.

Әмбебап шифрлық комбинацияларды құруды әр кезде қоғамның ғалымдары қарастырды. Бүгінгі таңда криптографиялық білім адамзат өмірінің барлық салаларында дерлік күнделікті қолданыста, әсіресе бұл витруальды әлемге қатысты. Ал өзінің дамуында криптография жоғарғы шегіне жетті десе де болады. Қай уақыт болса да, аралығында біз осы ерекшелікті қарастырмасақ та, оның ең басты мақсаты бүгінгі күнге дейін өзгеріссіз қалады, ол – ақпаратқа рұқсатсыз қатынаудан қорғау. Алынған криптожүйені сенімді деп есептеуге бола ма? Ақпараттық технологиялардың даму барысындағы заманауи жағдайларда жеке мәліметтерді қалай қауіпсіздендіруге болады?

Сонымен, алдымен негізгі ұғымдарды қарастырамыз.

Ақпарат – бұл заманауи қоғамдағы ең құнды нәрсенің бірі. Ауқымды компьютерлік желілердің пайда болуы жеке адамдар үшін де, үлкен мекемелер үшін де ақпаратқа қатынауды жеңілдетті. Әйтсе де, ғаламтор сияқты компьютерлік желілердің көмегімен мәліметтердің көмегімен жеңілдігі мен жылдамдығы, мәліметтерді қорғау шаралары болмаған кезде едәуір қауіп-қатер туғыздырады. Криптография – «қауіпсіздіктің төрт маңызды проблемаларының: құпиялылығының, аутентификациясының, тұтастылығының және өзара әрекеттесуге қатысушыларды бақылаудың шешімін іздеумен айналысатын мәліметтерді қауіпсіздендіруді қамтамасыз ететін ғалым [1, 56 б.].

Өз алдына, криптографиялық алгоритм деп «ақпаратты шифрлау үшін пайдаланылатын, шифрды ашпай оқу мүмкін болмайтын шифрланған мәтінді генерациялауға мүмкіндік беретін ережелер жиыны» айтылады [2]. Осылайша, криптожүйе – бұл мағынасы бойынша, «кілттің көмегімен таңдалынатын, ақпараттың қорғалынатын блогын шифрограммаға және керісінше трансформациялаушы, қайтарылатын түрлендіру тобы» [1, 67 б.]. Криптографияны орындалатын функциялар мен қойылған мәселелер жатырған бөлу негізінде әр түрлі жиындары кездеседі. Бүгінгі таңда криптожүйелер мәліметтердің құпиялылығын, олардың түпнұсқасын аутентификациялау үшін, сонымен қатар, белгілі бір мәліметтер жиынына рұқсатсыз қатынауды болдырмау үшін пайдаланылады [3].

Осыған сәйкес криптожүйенің үш түрі ерекшеленеді.

Өз алдына, ақпаратты «жасыруға» арналған криптожүйелерді *шифрлау жүйелері* мен *криптографиялық кодтау жүйелеріне* бөлуге болады [3]. Шифрлау – шифрлау-шифрды ашу кілттерін пайдалана отырып, мәтіндерді «оқытылмайтын» формаға түрлендіру болып табылатыны белгілі.

Криптографиялық кодтау басқа сипатта болады. Ол хабардың мазмұнын ашу мақсатымен, хабардың өзінен тәуелді, хабарды кілт бойынша кодограммаға түрлендіреді. Ақпараттарды аутентификациялау криптожүйелері пайдаланылатын ақпараттардың дереккөзінің (пайдаланушылар, желілер және т.б.) анықтылығын орнатуға бағытталған хабарлар мен жүйелердің түпнұсқасын орнатуда көмектесетін жүйелерге бөлінеді [8]. Бұл жерде, мәліметтердің түпнұсқасын қамтамасыз ететін жағдайларға тәуелді әр түрлі ақпараттарды аутентификациялау әдістерінің қолданылатынын түсіну маңызды. Мәліметтер жиынының қол жетімділігіне жауап беретін криптожүйелердің соңғы түрі – бүгінгі таңда өзіндік болып табылмайды, жоғарыда көрсетілген екі түрдің бірігуі болып табылады.

Қолданыста бар шифрлау тәсілдері әр түрлі белгілер бойынша жіктеліне алады.

Жіктеу жүргізілетін алғашқы белгі ретінде шифрлау барысында ашық мәтінмен жүзеге асырылатын түрлендіру типі пайдаланылады.

Егер ашық мәтіннің үзіндісі (жеке әріптер немесе әріптер тобы) шифрмәтінде олардың қандай да бір эквиваленттерімен (әріптермен, цифрлармен, символдармен немесе олардың комбинацияларымен) алмастырылса, онда сәйкес шифр *алмастыру шифрларының* класына жатады.

Егер шифрлау барысында ашық мәтіннің әріптері қандай да бір тәсілдермен орындарын ауыстырып қойса, яғни ашық мәтіннің символдарының орналасу реті ғана өзгерсе, онда сәйкес шифр *орын ауыстыру* шифрларының класына жатады.

Бірнеше әр түрлі тәсілдерді біріктіріле пайдалану шифрлардың беріктігін арттырудың тиімді құралы болып табылады. Екі немесе одан да көп тәсілдердің көмегімен бастапқы мәтіннің біртіндеп шифрлауы жүзеге асырылады. Практикада келесі комбинациялар көп таралған:

1) орын ауыстырлау+гаммалау;

2) алмастырып қою + гаммалау;

3) гаммалау + гаммалау;

4) алмастырып қою + орын ауыстыру.

Біріктіріле шифрлау, мысалы, мәліметтерді криптографиялық жабу АҚШ-тың ұлттық стандартында қарастырылады. Мүмкін болатын әртүрлі шифрлардың композициясы – *композициялық* деп аталатын біріктіріле шифрлауға әкеледі.

Осылайша, барлық шифрларды үш класқа бөлуге болады, нәтижесінде шифрларды жіктеудің бірінші деңгейі құрылады (1-сурет.).



Сурет 1. Шифрдың негізгі кластары

Криптожүйе белгілі бір әдіснама бойынша жұмыс істейді. Ол бір немесе бірнеше шифрлау алгоритмдерінен (математикалық формулалардан); шифрлаудың осы алгоритмдерін пайдаланылатын кілттерден және шифрланған мәтіннен (шифрмәтіннен) тұрады [4]. Әдіснамаға сәйкес алдымен мәтіннен шифрмәтін алу үшін осы мәтінге шифрлау алгоритмі мен кілт қолданылады. Содан кейін, қайтадан мәтінді алатындай, оның шифрын ашу үшін сол алгоритм пайдаланылатын, шифрмәтіннің тағайындалу орнына жіберіледі (2-сурет.).



Сурет 2. Криптожүйе әдіснамасы

Шифрлардың жіктелуін қарастырамыз. Заманауи криптографияда кілттердің типтері бойынша шифрдарды бөлу кеңінен пайдаланылады. Егер шифрлау кілті шифрды ашу кілтімен бірдей болса ($k_{ш} = k_{ша}$), онда шифрлар *симметриялы* деп аталады, егер шифрлау кілті шифрды ашу кілтімен бірдей болмаса ($k_{ш} \neq k_{ша}$), онда шифрлар *асимметриялы* деп аталады.

Симметриялы шифрлауда (3-сурет) бір кілт (*құпия*) пайдаланылады. Осы кілттің көмегімен *A* жөнелтуші ашық хабарды шифрлайды, ал *B* алушы шифрды ашады. Осы кілт үшін орындалатын түрлендіру шифры қайтымды болуы керек, яғни, таңдалынған кілтте ашық мәтінді бірмәнді анықтайтын кері түрлендіру бар болу керек. Бұл жерде кілт *A* жөнелтушіден *B* алушыға байланыстың басқа (қорғалынған немесе өте сенімді) арнаны пайдаланып, бөлек жіберіледі. Симметриялы кілтпен шифрлау ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығымен қамтамасыз етеді, бірақ, қарсылас құпия кілтті қолға түсіру мүмкіндігінен осындай шифрлаудың беріктігі жоғары емес.



Сурет 3. Симметриялы шифрлау

Асимметриялы шифрлау (4-сурет) күрделілеу, бірақ сенімді болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін өзара байланысқан екі: ашық және құпия кілт керек болады. Алыушы өзі үшін шифрлауға мүмкіндік беретіндей, барлық қалаушыларға өзінің ашық кілтін хабарлайды. Егер біреуге шифрланған хабарды жөнелту қажет болса, онда ол алушының ашық кілтін пайдаланып шифрлауды орындайды. Алушы хабарды алып, өзінің құпия кілтінің көмегімен шифрды ашады. Осылайша, шифрлау мен шифрды ашу үшін кілттерді бөлу – шифрлаудың осындай әдісінің айырықша ерекшелігі болып табылады. Бұл жерде шифрлау үшін кілтті құпия ету талап етілмейді, сонымен қатар, ол көпшілікке қолжетімді және иесінің фамилиясымен бірге телефон анықтамасында бар.



Сурет 4. Асимметриялы шифрлау

Асимметриялы шифрлаудың симметриялы шифрлаудың алдындағы негізгі артықшылығы – қарсылас құпия кілтті қолға түсіріп алатындай, оны жіберудің қажеттілігі жоқ. Асимметриялы шифрлаудың кемшілігі – соңғылардың еңбек сыйымдылығының көп болуы және нәтиже ретінде, шифрлау кезіндегі жылдамдығының аз болуы. Асимметриялы шифрлау жағдайында есептеу күрделі болғандықтан, шифрды ашу үрдісі де көп уақытты алады.

Асимметриялы шифрлауды пайдалану механизмі - алмастырудың әр түрлі тәсілдерін ұсынады, сондықтан шифрларды симметриялы және асимметриялы шифрларға бөлу алмастыру шифрының класында жүргізу дұрыс болып есептеледі.

Шифрлаудың алдында ашық мәтін *шифршамалар* деп аталатын «ішкі сөздер» тізбегі ретінде беріледі. Шифрлау кезінде шифршамалар шифрмәтінде шифрбелгілеулер деп аталатын қандай да бір эквиваленттермен алмастырылады. Егер шифршама ашық мәтіннің әрібін берсе, онда шифршама саны алфавиттегі әріптер санымен шектеледі. Бұл ашық мәтіннің артықтығы шифрмәтінге апарады және криптография белгілерінің қайталануының диаграммасын рельефті етеді, ал шифрдың өзі бұзуға қатысты әлсіз болып келеді. Ашық мәтіннің әрбір символы біртіндеп шифрланатын шифрлар *ағымдық* шифрлар деп аталады.

Егер шифршама ашық мәтіннің бірнеше әрібін (екі әріп – биграмма, үш әріп – триграмма, көп – блоктар) беретін болса, онда шифршамалардың жалпы саны артады. Шифршамалардың саны мен алфавиттегі әріптердің санының арасындағы айырым артық болған сайын шифрмәтіндегі белгілердің қайталануының диаграммасы біркелкі болу керек және шифрдың өзі криптоберік болады. Ш(ифршамалардың санын арттыру үшін, шифрлау барысында ашық мәтін бекітілген ұзындықтағы (мысалы, алмастыру шифрларында биграммалар немесе орын ауыстыру шифрларындағы бағандар) блоктарға бөлінетін, *блоктық шифрлар* пайдаланылады

Осылайша, барлық шифрларды блоктық және ағымдық шифрларға бөлуге болады (5-сурет).

Шифрмәтіндегі белгілердің қайталануының диаграммасын тегістеу мен шифрлардың криптоберіктігін арттырудың басқа тәсілі шифрбелгілеу тобын шифршамаға сәйкестендіру болып табылады. Егер бұл үшін бірнеше алфавит пайдаланылса шифрлар *көпалфавитті* деп аталады. Егер шифрмәтіннің әр жеріндегі бір шифршамаға әр түрлі шифрбелгілеулер (мысалы, ашық мәтінде қайталану санына тәуелді) сәйкестікке қойылса, онда мұндай шифрларды *көпмәнді алмастыру* шифрларына жатқызады. Егер бір алфавит пайдаланылса және әрбір шифршамаға оның шифршамасы сәйкестікке қойылса, онда алмастыру шифры алмастырудың *біралфавитті шифры* немесе *қарапайым алмастыру шифры* деп аталатыны белгілі.

Демек, біралфавитті және көпалфавитті, бірмәнді және көпмәнді алмастыру шифрларының ішкі кластарын ерекшелеуге болады. Бірмәнді және көпмәнді шифрлары блоктық та, ағымдық та болуы мүмкін.

Ақпаратты шифрлау үшін матрицалық алгебралардың түрлендіруіне негізделген аналитикалық түрлендіру пайдаланылуы мүмкін.

Бастапқы ақпараттың $B_k = \|b_j\|$ түрінде берілген k-шы блокты шифрлау – осы векторды кілт ретінде пайдаланылатын $A = \|a_{ij}\|$ матрицасына көбейту жолымен жүзеге асырылады. Көбейту нәтижесінде $C_k = \|c_i\|$ векторы түріндегі щифрмәтін блогы алынады, мұндағы C_k векторының элементтері келесі формуламен анықталады:

$$c_i = \sum_j a_{ij} b_j.$$

Шифрлаудың *аналитикалық* әдісі ашық мәтіннің символдарын немесе символдар топтарын аналитикалық түрлендіруін пайдаланады, сондықтан ол алмастыру класына жатады.

Шифрлаудың *аддитивтік* әдісін пайдаланған кезде бастапқы ақпараттың символдарына сәйкес келетін цифрлық кодтарды *гамма* деп аталатын қандай да бір кодтардың арнайы тізбектеріне біртіндеп қосу жүзеге асырылады. Сондықтан да аддитивті әдістер гаммалау шифрын береді. Қосу операциясы *гамманы қосу*, кері операция – *гамманы алып тастау* деп аталады. Гаммалау шифры көпалфавитті шифрлардың ішкі класын құра отырып, ағымдық шифрларға жатады.

Гаммалаудың қарапайым шифрының математикалық моделі:

$$X = (c + \Gamma),$$

мұндағы X – шифрланған мәтіннің кез келген әрібі, Г – гамманың кез келген әрібі, c ашық мәтіннің кез келген әрібі.



Сурет 5. Шифрларды жіктеудің жалпы сұлбасы

Шифрлау барысында орын ауыстыру шифрларындағы ашық мәтін, әрқайсысында белгілі бір түрмен анықталған орын ауыстыру шифрымен орындалатын, бекітілген ұзындықтағы блоктарға бөлінеді. Сондықтан, орын ауыстыру шифрларын блоктық шифрларға жатқызуға болады.

4-суретте шифрлардың маңызды және тарихи белгілі ішкі кластары келтірілген шифрларды жіктеудің жалпы сұлбасы берілген. Бұл сұлбада, негізінен композициялық шифрлар кез келген класс болуы мүмкін болғандықтан, олардың байланысы көрсетілді.

XX ғасырдың 70-ші жылдардың ортасында симметриялы емес криптографиялық жүйелердің концепцияларын дайындау және алғашқы практикалық пайдалануға жарамды осы типтегі криптографиялық алгоритмдерді құру криптографияда революциялық төңкеріс жүргізді және криптографиялық теория мен практикаға жаңа алгебралық объектілерді кірістірді. Салдар ретінде, ақпараттық технологиялар бойынша мамандарды дайындау барысында оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау барысында жаңа пәндердің мазмұнын қалыптастыру мен оларды сапалы әдістемелік қамтамасыздандыру мәселелері туындалды. Бұл жерде студенттер үшін қазіргі кезде практикада пайдаланылатын негізгі түсініктерді жеткізумен қатар, ақпараттарды қорғау саласында жаңа нәтижелер мен әдістерді түсіну үшін негізін салу талап етіледі. ЖОО-да ақпараттарды қорғау жүйелерін дайындау келесі мәселелерді меңгеру мен зерттеуді ұсынады (6-сур.) [4, 5, 6].

IT-мамандықтарға арналған «Криптография және желілік қауіпсіздік» пәні студенттерді заманауи криптографияның практикасымен айналысатын, сонымен қатар, болашақта криптографиялық жүйелерді құру үшін қызмет атқара алатын күрделі нысандарды меңгеруге фундаментін салатын теориялық-алгебралық құрылымдармен (математикалық негіз) таныстыруды қамтамасыз етеді. Криптографияның математикалық негізі бойынша аталған курстың бағдарламасы мен мазмұнының динамикалық өзгеруі, ақпаратты қорғаудың криптографиялық әдістерінің динамикалық дамуының қажетті салдары болуы керек.

Курс бағдарламасына соңғы уақытта криптографияда қолданылуы қарқынды түрде зерттеліп жүрген, гиперэллипстік қисықтарды да қосқан дұрыс болуы мүмкін [7, 8, 9].



Сурет 6. ЖОО-да оқылатын ақпаратты қорғау құрылымының сұлбасы

Келтірілген пәннің мазмұны, бір жағынан криптологияның ғалым ретінде қалыптасуы туралы айтуға мүмкіндік беретін негізгі фактілерді толық қамтиды, екінші жағынан, әрі қарай криптографиялық примитивтер мен протоколдарды зерттеу үшін базалық математикалық негіз береді және криптологияның дамуының заманауи деңгейін бейнелейді.

Қазіргі кезде ақпаратты қорғаудың көптеген криптографиялық алгоритмдер і мен жүйелері бар. «Алгоритмдердің көпшілігі ақпаратты желілер бойынша жөнелткен кезде олардың қауіпсіздігін қамтамсыз ету үшін сәтті қолданылады» [4]. Бұл, біз ұсынатын мазмұнының практикалық мәнділігі туралы куәландыратын, оны қорғау әдістері мен ақпаратты қауіпсіздендіруге едәуір көңіл бөлінеді.

Теориялық-сандық және алгебралық құрылымдарды пайдаланатын криптографиялық алгоритмдердің дамуы білім алушылар үшін ақпараттық технологиялардың көмегімен қолданыстағы әр түрлі әдістерді тікелей меңгеру мүмкіндіктерін ашады. Мұндай студенттер қолданбалы математика әдістерін қолдану бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарында өздерінің білімдерін сынауға мүмкіндік алады және ЖОО-ның төменгі курстарынан бастап, әр түрлі конференциялар мен симпозиумдарға қатысады.

Сонымен қатар, ақпараттық қоғам өзінің әлеуеттік тапсырысын – адам көлемі үнемі өсіп отыратын ақпаратпен дұрыс жұмыс істей алуды ұсынады. Бұл бір пайдаланушыдан екіншісіне ақпаратты жөнелту немесе алу ғана емес, сондай-ақ ақпаратты қорғауды білу керек екенін білдіреді. Негізгі орта білім беру деңгейінің оқу бағдарламаларында «Информатика» оқу пәнінің жаңартылған базалық мазмұны ақпараттық қауіпсіздену туралы: электрондық желілер бойынша тасымалдау кезінде ақпаратты қорғаудың тәсілдері мен принциптері, шифрланған мәтіндерге шабуылдау тәсілдері туралы, тұлғалық идентификациялау әдістері туралы мәселелерді қамтиды [10, 11].

Бүгінгі таңда мәліметті кодтау туралы бар білім жеткілікті ме? Қарастырылған криптожүйелер XXI ғасырда сенімді ме? Кез келген криптожүйелерді бұзуға болатыны дәлелденді. Сонымен қатар, криптографияның қолданбалы ғылым ретінде дамуымен, тізіп шығу мүмкін болмайтын криптожүйелерді бұзудың жаңа тәсілдері үзіліссіз жүзеге асырылуда.

Қорытынды.

Қорытылай келе, бүгінгі күні криптожүйелер мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ететін маңызды элемент болса да, мүмкін болатын шабуылдардың алдын алу қажетті деңгейде зерттелінбеген.

Криптожүйенің дамуымен бір мезгілде кодталатын шифрларды «бұзу» тәсілдері де жетілдірілуде. Осылайша, ақпараттандырудың заманауи жағдайларында мәліметтерге рұқсатсыз қатынаудың алдын алудың жаңа нұсқаларының негізінде криптожүйелердің сенімділігін қамтамасыз ету тәсілдерін меңгеру қағида ретінде іске асырылуда, қолданылып жүрген әдістер негізінен ескірілген.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 *Зегжда П.Д. Теория и практика обеспечения информационной безопасности. –М.: Яхтсмен, 1996. – 302 с*

2 *Основные сведения о защите программных продуктов. Криптографические методы защиты информации. Программные системы защиты от несанкционированного копирования// Лекции по ТРПП, ППП, Информационной безопасности, стандартизации, метрологии и сертификации [Электронный ресурс] Режим доступа: URL:http://starik2222.narod.ru/trpp/lec2/34.htm*

3 *Классификация криптоалгоритмов URL: lomasko.com*

4 *Танова Э.В. Введение в криптографию. Как защитить свое письмо от любопытных. Элективный курс / Э.В. Танова. - М.: Бином. Лаборатория знаний, 2015. - 444 с.*

5 *Введение в защиту информации в автоматизированных системах: Учебное пособие для вузов. М.: Горячая линия – Телеком, 2004. – 147 с.*

6 *Ахметов Б.С. [и др.]. Прикладная криптология: методы шифрования: учебное пособие / - Алматы, 2015. - 496 с.*

7 *Коробейников А.Г. Математические основы криптографии: учеб. пособие. С.-Петербург: С.-Петерб. гос. ин-т точной механики и оптики (технич. ун-т), 2002. 41 с.*

8 *Данилова О.Ю., Думачев В.Н. Математические основы криптографии: учебник. Воронеж: Воронежский ин-т МВД России, 2017. 300 с. 3. Харин Ю.С., Агиевич С.В., Васильев Д.В., Матвеев Г.В. Криптология: учебник. Минск: БГУ, 2013. 511 с.*

9 *Соловьев Ю.П., Садовничий В.А., Шавгулидзе Е.Т., Белокуров В.В. Эллиптические кривые и современные алгоритмы теории чисел. Москва-Ижевск: Институт компьютерных исследований, 2003. 192 с.*

10 *Жаңартылған мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің оқу бағдарламалары URL: https://nao.kz/loader/fromorg/2/25*

11 *Исабаева Д.Н., Абдулкаримова Г.А., Шекербекова Ш., Рахимжанова Л.Б., Курмангалиева А.М., Бекмолдаева А.М., Информатика: Учебник для 10 кл.- Алматы: Атамура, 2019. – 144 с.*

МРНТИ 20.01.45
УДК 519.6

С.С. Джунусбекова[1], Э.Т. Абдрашева[1], К.З. Керимбаева[1], С.С. Серманизов[1]

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Шымкент қ., Казахстан

МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ ПРОГРАММАЛАР ПАКЕТІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ САНДЫҚ ӘДІСТЕР ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ МЫСАЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада есептерді шығару барысында компьютерді қолдану арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін дамытудың жолдары анықталады. Осылардың негізінде мектеп информатика курсында сандық әдістердің есептерін шығаруға үйретудің әдістемесі ұсынылады. Қазіргі уақытта мектепте математиканы оқытуға арналған көптеген компьютерлік бағдарламалар жасалған, бірақ олардың көбісі көрнекілікке байланысты ұстанымды қанағаттандырмайды. Сондықтан көрнекілікті жүзеге асыратын компьютерлік оқыту бағдармаларын жасау және математиканы оқытуда ақпараттық технологияларды ұтымды пайдалану әдістері зерттелді. Оқушыларды физика-математикалық бейінді даярлаудың сыныптарындағы оқыту құралы ретінде компьютерлік математикалық пакеттерді пайдалануға негізделген оқыту мақсаттары нақтыланып және программалауды оқытудың мазмұны жасалды. Информатиканы оқытудың әдістері мен құралдары таңдалынды және оларды компьютерлік математикалық пакетті пайдалануға бейімдеп, қажетті көрсетілімдік және әдістемелік қамсыздандырулар жасалынды. Оқытудың физика-математикалық бейін шеңберінде информатика курсында программалауды оқыту процесінде компьютерлік математикалық пакеттерді, атап айтқанда Maple жүйесін пайдаланатын оқушылардың математикалық логикасы мен алгоритмдік ойлауын дамытуға болады.

Түйін сөздер: компьютерлік бағдарламалар, ақпараттық технологиялар, бейінді даярлау, компьютерлік математикалық пакет**,** программалауды оқыту процесі, Maple жүйесі, математикалық логика, алгоритмдік ойлау.

Аннотация

С.С. Джунусбекова [1], Э.Т. Абдрашева [1], К.З. Керимбаева [1], С.С. Серманизов [1]
Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Шымкент қ., Казахстан

ПРИМЕРЫ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ ЧИСЛЕННЫХ МЕТОДОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПАКЕТА ПРИКЛАДНЫХ ПРОГРАММ В ШКОЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

В статье определены пути развития способностей учащихся к самостоятельной работе при решении задач с использованием компьютера. На их основе в школьном курсе информатики предлагается методика обучения решения задач численных методов. В настоящее время в школе разработано множество компьютерных программ для обучения математике, но многие из них не удовлетворяют принципам наглядности. Поэтому изучены методы разработки компьютерных обучающих программ, реализующих наглядные пособия и рационального использования информационных технологий в обучении математике. Определены цели обучения, основанные на использовании компьютерных математических пакетов в качестве учебного пособия в классах подготовки физико-математического профиля, и составлены содержание обучения программированию. Были выбраны методы и средства обучения информатике и адаптированы к использованию компьютерного математического пакета, разработаны необходимое демонстрационное и методическое обеспечение.

Ключевые слова: компьютерные программы, информационные технологии, профильная подготовка, компьютерный математический пакет, процесс обучения программированию, система Maple, математическая логика, алгоритмическое мышление.

Abstract

EXAMPLES OF SOLVING PROBLEMS OF NUMERICAL METHODS USING A PACKAGE OF APPLICATIONS IN THE SCHOOL CURRICULUM

Dzhunusbekova S. S.[1], Abdrasheva E.T.[1], Kerimbayeva K.Z.[1], Sermanizov S. S. [1]
Regional social innovation University, Shymkent, Kazakhstan

In the article the ways of development of abilities of pupils to independent work with use of the computer at the decision of problems are defined. On their basis in a school course of Informatics the technique of training of the decision of problems of numerical methods is offered. Currently, the school has developed many computer programs for teaching mathematics, but many of them do not meet the principles of clarity. Therefore, the methods of developing computer training programs that implement visual AIDS and rational use of information technologies in teaching mathematics have been studied. The objectives of training based on the use of computer mathematical packages as a teaching aid in classes of physical and mathematical profile are defined, and the contents of training in programming are made.

Keywords: computer programs, information technologies, profile training, computer mathematical package, programming learning process, Maple system, mathematical logic, algorithmic thinking.

Әлемнің оқып-танылатын фрагментіне ақпараттық модель атты модель құрылғанда ғана информатика өз бетінше жеке ғылым ретінде өз құқығына ие болады. Дегенмен, ақпараттық модельдерді құрудың жалпы әдіснамалық принциптері информатиканың пәні болғанымен, ақпараттық модель құру және оны негіздеу жекелеген ғылымның міндеті болып табылады. Ақпараттық және математикалық модель ұғымдары бір-біріне өте жақын, себебі екеуі де белгілерден тұратын жүйе. Ақпараттық модель – информатиканың ол арқылы жеке ғылымдармен қатынасқа түсетін, олармен бірікпей және сонымен бірге оларды өзі ішіне тартпайтын түйін» деп атап көрсетті [1].

Бұл тәсілдің кемшіліктерін жете түсіну ақпаратты графиктік ұсынудың технологияларын өңдеуге себепші болды. Біруақытта график пен кесте бойынша жұмыс істегенде оқушы нысанның қасиеттерін терең әрі жылдам зерттейді, координаталар осьтерінде сандық қатардың «орналасуын» көрнекі түрде ұсынады, функция пен аргумент өзгерістерінің бағытын көрсете алады және т.с.с.

Оқу математикалық ақпараттың аналитикалық (формулалық, символдық) тапсырмалары деп таңбалар мен әріптердің көмегімен математикалық айтылымдары мазмұнының жазбасын түсінеміз. Формула (лат. forme – бейне, түр) – бұл қандай да бір ақпараттан тұратын өрнек, теңдік немесе теңсіздік түріндегі әртүрлі символдық жазба.

И.В. Роберт [2] ақпаратты ұсынудың бұл тәсілінің құралдарын символдық-көрнекілік және символдық-формулалық етіп бөлген жөн деп атап көрсетеді. Символдық-формулалыққа ол оқушылардың көрнекі ұсынуымен аз байланыстыратын және жасанды құрылған белгілеулерге жататын математикалық мәтінді безендіру құралдарын жатқызады. Олардың жазылуы арнайы есте сақтауды, ал қолдану - сәйкес жаттығуды және т.с.с. қажет етеді.

Maple әмбебап математикалық пакеті әлі күнге дейін математикалық зерттеулерге де, ғылым мен техниканың басқа салаларындағы күрделі есептемелік жобалар үшін де ең таңымал пакеттердің бірі болып отыр. Оның - математикалық есептердің аса үлкен көлемін аналитикалық та, сандық есептемелік тұрғыда да шеше білу мүмкіндігі, пайдаланушылық программалар мен қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретін тілінің қарапайымдығы, тамаша екі- және үшөлшемді графикасы, формулаларды полиграфиялық түрде сызып көрсетуі, сияқты артықшылықтары пакетті бірмезгілде күрделі жобаларды орындауға арналған аспап ретінде де және ғылыми редактор ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді [3-5].

Maple компьютерлік математикалық пакетінде жұмыс істеу арқылы оқушылардың алгоритмдік және математикалық ойлау қабілеттері дамып, программалау дағдылары артады. Maple пакетін математика есептерін шешуге қолдану барысында оқушылардың іс-әрекетке ынта-ықыласы арта түсетіні, бұл бағдарламалық жүйені оқушылардың білімін бақылауға қолдану мүмкіндігінің жоғары екендігі және бұл жүйеде геометриялық күрделі кеңістіктік бейнелерді (денелерді) салу және оларды қозғалысқа (анимациялау) түсіру әлдеқайда жеңілдейтіндігі анықталды.

Мектеп информатика курсының есептерін Maple программалық пакетін қолдану арқылы шешу мысалдарын қарастырып көрейік.

Сызықты алгоритмдерді программалау

1 - тапсырма. Салымның пайызын және мерзімін ескере отырып, депозит бойынша табыс сомасын есептеу (жылдық пайызбен, теңгемен).

Шешуі:

```
> restart:
```

S салым соммасын енгіземіз.

```
> S:=10000;
                S:=10000
```

T пайыздық мөлшерлемені және Sr сомма салынған мерзімін енгіземіз.

```
>T:=14;
                T:=14
> Sr:=200;
                Sr:=200
```

Төмендегі формула бойынша табысты анықтаймыз:

```
>W:=(S*T/100)/365*Sr;
                W:=56000/73
>evalf(W,5);
                 767.12
```

Банктегі сомма:

```
>Result:=S+W;
```

$$Result := \frac{786000}{73}$$

>evalf(Result, 7);

10767.12

Циклді алгоритмдерді бағдарламалау

2 - тапсырма. [0,6] аралығында $y = \frac{\sqrt{x+2}}{x+1}$ функциясының мәнін h=2 қадаммен табыңыз.

Шешуі:

>restart:y:=sqrt(x+2)/(x+1);

$$y = \frac{\sqrt{x+2}}{x+1}$$

>for x from 0 to 6 by 2 do print (evalf(y,3)) od;

1.41
0.666
0.490
0.405

Бір өлшемді массивтерді шешу

3 - тапсырма. Берілген бір өлшемді массивтің ең үлкен және ең кіші элементтерінің индекстерін табыңыз.

Шешуі:

>restart:

Өлшемі 5-ке тең V массивін берейік. m1- ең үлкен элемент, n1- ең үлкен элементтің индексі, m2- ең кіші элемент, n2- ең кіші элементтің индексі.

>V:=array(1..5,[9, -8, 7, 27, 16]);

V:= [9, -8, 7, 27, 16]

> m1:=V[1];

m1:= 9

> n1:=1;

n1:=1

>for i from 2 to 5 do if V[i]>m1 then m1:=V[i]; n1:=i;end if; end do;

> m2:=V[i];

m2:=9

> n2:=1;

n2:=1

>for i from 2 to 5 do if V[i]>m2 then m2:=V[i]; n2:=i;end if; end do;

>print('index_max',n1); print('index_min',n2);

index_max, 4

index_min, 2

Жауабы: ең үлкен элементтің индексі i=4, ең кіші элементтің индексі i=2.

4 - тапсырма. Әр түрлі функциялардың графиктерінен құралған бейнені тұрғызу.

Шешуі:

```
>with(plots):
>a:=plot(`if`(x>-10,sin(x)-0.5,x),x=-10..10,color=blue):
b:=plot(`if`(x>-10,sin(x)+0.5,x),x=-10..10,color=blue):
  c:=plot(`if`(x<-4,-2*x-8,`if`(x<5,0,2*x-10)),x=-6..7,color=red):
  d:=plot(`if`(x>-6,4,4),x=-6..7,color=red):
  e:=plot(`if`(x<-2,x+7,`if`(x<5,5,10-x)),x=-3..6,color=red):
  f:=plot(`if`(x<0,x+6,`if`(x<4,6,10-x)),x=-1..5,color=red):
  g:=plot(`if`(x<2,x+5,`if`(x<3,7,10-x)),x=-1..4,color=red):
  h:=plot(`if`(x>=3,2*x+1,2*x+1), x=3..4,color=black):
  i:=plot(`if`(x<0,-(x+5)^2+9,0) x=-6..-4,color=yellow):
  j:=plot(`if`(x<0,(x+5)^2+7,0) x=-6..-4,color=yellow):
>display(a,b,c,d,e,f,g,h,i,j);
```

Сурет 1-берілген программаның нәтижесі көрсетілген.



Сурет 1. Белгілі бір шарттармен шектелген функциялардың графиктерінен құралған бейне

5 – *тапсырма.* Негізгі графикалық объектілерден құралған бейнені құрыңыз.

Шешуі:

```
>with(plots):
>PLOT(CURVES(([[4,3],[6,3]]),COLOR(RGB,1,1,1)),
CURVES(([[18,3],[20,3]]), COLOR(RGB,1,1,1)),
POLYGONS(([[4,3],[5,4],[6,3],[5,2]]),COLOR(RGB,1,1,1)),
POLYGONS(([[18,3],[19,4],[20,3],[19,2]]),COLOR(RGB,1,1,1)),
POLYGONS(([[3,3],[3.75,4.25],[5,5],[6.25,4.25],[7,3],[6.75,1.75],
[5,1],[3.75,1.75]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[17,3],[17.75,4.25],[19,5],[20.25,4.25],[21,3],
[20.25,1.75],[19,1],[17.75,1.75]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[1,5],[3,7],[3,6],[2,5]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
POLYGONS(([[23,5],[23,6],[24,6],[24,5]]),COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYGONS(([[10,8],[12,10],[15,10],[15,8]]),COLOR(RGB,0,1,1)),
POLYGONS(([[16,8],[16,10],[19,10],[21,9],[22,8]]),COLOR(RGB,0,1,1)),
CURVES([[3,7],[3,11],[12,11]]), COLOR(RGB,1,1,1)),
POLYGONS(([[3,7],[3,11],[12,11],[9,8],[3,7]]),COLOR(RGB,1,1,1)),
POLYGONS(([[1,3],[1,5],[3,7],[9,8],[12,11],[19,11],[22,10],[24,6],[24,4],[23,3]]),
COLOR(RGB,0,1,0)),
CURVES(([[9,8],[9,3],[15.5,3],[15.5,11]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
CURVES(([[13,7],[14,7]]),COLOR(RGB,0,0,0),THICKNESS(3)),
POLYGONS(([[24,4],[24,4.5],[25,4]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS([[25.5,4],[25.5,5],[27,6],[28,5],[27,4]]),
POLYGONS([[28,6],[29,8],[30,8],[31,6],[30,5]]),
POLYGONS(([[30,9],[30,12],[33,12],[33,10],[32,8]]),COLOR(RGB,1,1,1)),
CURVES (([[-1,7],[1,6]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
CURVES (([[-1,9],[1,7]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
CURVES (([[1,9],[2,7]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
CURVES (([[25,6],[26,7]]),COLOR(RGB,1,0,0),THICKNESS(3)),
CURVES (([[25,5.5],[26,5.5]]),COLOR(RGB,1,0,0),THICKNESS(3)),
CURVES (([[25,5],[26,4]]),COLOR(RGB,1,0,0), THICKNESS(3)));
```

Берілген программаның нәтижесі сурет 2- көрсетілген.



Сурет 2. Негізгі графикалық объектілерден құралған бейне

6 – тапсырма. Анимация құру.

Шешуі:

```
>with(plots):
> m:=PLOT(POLYGONS(([[4,1],[4,2],[6,2],[6,1]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[10,1],[10,2],[12,2],[12,1]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[5,2],[6,6],[8,6],[6,2]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[8,6],[10,6],[11,2],[10,2]]),COLOR(RGB,0,0,1)),
POLYGONS(([[6,6],[6,11],[10,11],[10,6]]),COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYGONS(([[3,10],[3,11],[6,11],[6,10]]),COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYGONS(([[10,10],[10,11],[13,11],[13,10]]),COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYGONS(([[3,11],[3,12],[4,12],[4,11]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
POLYGONS(([[12,11],[12,12],[13,12],[13,11]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
POLYGONS(([[1,11],[1,13],[2,13],[2,11]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[14,11],[14,13],[15,13],[15,11]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[7,11],[7,13],[9,13],[9,11]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
CURVES(([[2,12],[14,12]]),COLOR(RGB,0,0,0))):
> n:=PLOT(POLYGONS(([[4,1],[4,2],[6,2],[6,1]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[10,1],[10,2],[12,2],[12,1]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[5,2],[6,6],[8,6],[6,2]]),COLOR(RGB,0,0,1)),
POLYGONS(([[8,6],[10,6],[11,2],[10,2]]), COLOR(RGB,0,0,1)),
POLYGONS(([[6,6],[6,11],[10,11],[10,6]]), COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYGONS(([[1,13],[1,15],[2,15],[2,13]]), COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[14,13],[14,15],[15,15],[15,13]]), COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[7,11],[7,13],[9,13],[9,11]]), COLOR(RGB,1,1,0)),
CURVES(([[2,14],[14,14]]),COLOR(RGB,0,0,0)),
POLYGONS(([[6,10],[5,10],[4,13],[5,13],[6,11]]),COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYGONS(([[10,10],[10,11],[11,13],[12,13],[11,10]]),COLOR(RGB,1,0,0)),
POLYONS(([[4,13],[4,14],[5,14],[5,13]]),COLOR(RGB,1,1,0)),
POLYGONS(([[11,13],[11,14],[12,14],[12,13]]),COLOR(RGB,1,0,0))):
>display([m,n],insequence=true);
```

Программаның орындалу нәтижесі мен анимация кадры сурет 3-көрсетілген.





Сурет 3. Программаның орындалу нәтижесі мен анимация кадры

Есептердің шешімін іздеуді үйретудің үш деңгейі: Бірінші деңгейде оқушыларда стандартты бір қадамдық есептерде жүзеге асырылатын типтік әрекеттер қалыптасады. Бұл кезеңде компьютердің мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылады, типтік әрекеттердің амалдарын меңгеру арнайы құрылған алгоритмдік жазбалар арқылы іске асады. Екінші деңгейде оқушылар есептің шешімін іздейді. Көп қадамдық есептердің шешімін іздеуді үйрету кезеңінде оқушылардың әрекеті өнімді шығармашылық сипат алады. Есептің шешімін іздеудің тиімділігі оқушылардың алғашқы екі деңгейден алған білім, білік сапасына, тірек есептерді шығара білуіне, шығару жоспарын пайдалануына және есеп шартын қайта құру әдістеріне байланысты.

Сандық әдістерге берілген есептердің шешімін іздеуді үйретудің әзірленген әдістемесі қабілеті орташа және оқуда қабілеттілік байқатпаған оқушылар үшін бірінші және екінші деңгейде берілетін тапсырмалар өте тиімді. Есептерді шығаруға өте жиі пайдаланылатын әдістерді пайдалану математиканы оқып-білуге қызығатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына түсінктеме.//Егеменді Қазақстан. А, №258, 16 қазан 2004 жыл, 5 б.

2 Роберт И.В. Новые информационные технологии в обучении: дидактические проблемы, перспективы использования. // Информатика и образование. М., 1991, №4, с. 18-25

3 Смағұлова Л.А. Орта мектептегі информатика курсында компьютерлік модельдеуді оқыту әдістемесін жетілдіру. Педагогика ғылымдарының кандитаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2002, 101 б.

4 Абдыкеримова Э.А. Компьютерлік модельдеудің негізінде мектеп физикасын оқытудың әдістемесі. Педагогика ғылымдарының кандитаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. Алматы, 2004, 16.04.2004

5 Мәлібекова М.С. Жаңа ақпараттық технологияны математика және информатика пәндері байланысында қолданудың педагогикалық негіздері. Педагогика ғылымдарының кандитаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1999, 74 б.

МРНТИ 20.53.21, 20.47.23
УДК 004.932

APPLICATION OF THE MACHINE-LEARNING ALGORITHM FOR HUMAN EMOTIONS RECOGNITION

Zhaksylyk N.B. [1], Daribayev B.S. [1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract

Modern methods of deep learning of neural networks are to find the minimum of some continuous error function. Currently, various optimization algorithms are known that use different approaches to update model parameters. This article is devoted to the analysis of convolutional neural networks with a teacher, as well as the most common optimization methods for learning deep networks in order to recognize the human emotion in the picture. Learning with a teacher is one of the ways of machine learning, during which the test system is forcibly trained with the help of "stimulus-reaction" examples. During the analysis, activation functions such as ReLU, sigmoid were used. And also, categorical_crossentropy was chosen to find errors in the network. And they minimized the error by updating weights to correctly output the response using the Adam optimizer. Corrected a network error using the Dropout regulator.

Keywords: Multilayer perceptron, neural network, activation function, weighting factors, tensors, convolutional neural network, gradient descent.

Аннотация

Н. Б. Жақсылық [1], Б.С. Дарибаев [1]

ПРИМЕНЕНИЕ АЛГОРИТМА МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ РАСПОЗНАВАНИЯ ЭМОЦИЙ ЧЕЛОВЕКА

[1]Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Современные методы глубокого обучения нейронных сетей заключаются в нахождении минимума некоторой непрерывной функции ошибки. В настоящее время известны различные алгоритмы оптимизации, которые используют разные подходы для обновления параметров модели. Данная статья посвящена анализу сверточных нейронных сетей с учителем, а также, наиболее распространенных методов оптимизации для обученя глубоких сетей чтобы распознать эмоцию человека на картинке. Обучение с учителем — один из способов машинного обучения, в ходе которого испытуемая система принудительно обучается с помощью примеров «стимул-реакция». В процессе анализа были использованы активационные функции такие как ReLU, sigmoid. А также, для нахождения ошибки в сети выбрали categorical_crossentropy. И минимизировали ошибку обновляя весовые коэффициенты для корректного вывода ответа с помощью оптимизатора Adam. Исправляли ошибку сети используя регулизатор Dropout.

Ключевые слова: Многослойный персептрон, нейронная сеть, активационная функция, весовые коэффициенты, тензоры, сверточная нейронная сеть, градиентный спуск.

Аңдатпа

Н. Б. Жақсылық [1], Б.С. Дарибаев [1]

АДАМ ЭМОЦИОНАЛАРЫН АНЫҚТАУ ҮШІН МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ АЛГОРИТІМІН ПАЙДАЛАНУ

[1]аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Нейрондық желілерді терең оқытудың заманауи әдістері кейбір қателіктер функциясының минимумын табу болып табылады. Қазіргі уақытта модель параметрлерін жаңарту үшін әртүрлі тәсілдерді қолданатын әртүрлі оңтайландыру алгоритмдері белгілі. Бұл мақала мұғалімнің көмегімен конвульсиялық нейрондық желілерді, сонымен қатар суреттегі адамның эмоциясын тану үшін терең желілерді оқытудың оңтайландыру әдістерін талдауға арналған. Мұғаліммен оқыту - машиналық оқытудың бір әдісі болып табылады, оның барысында тест жүйесі «ынталандыру-реакция» мысалдары негізінде мәжбүрлі түрде оқытылады. Талдау кезінде ReLU, sigmoid сияқты белсендіру функциялары қолданылды. Сондай-ақ, желідегі қателерді табу үшін categorical_crossentropy таңдалды. Олар Adam оңтайландырушының көмегімен жауапты дұрыс шығару үшін салмақты жаңарту арқылы қатені азайттық. Dropout реттегішінің көмегімен желілік қатені дұрыстадық.

Түйін сөздер: Көп қабатты перцептрон, нейрондық желі, белсендіру функциясы, салмақ факторлары, тензорлар, конвульсиялық нейрондық желі, градиенттің түсуі.

Introduction

People communicating with each other constantly analyze any human manifestations. It is no secret that one of the important aspects of the analysis is human emotions. Therefore, the creation of modern technology of machine systems is relevant application of methods for automatic recognition of emotions.

One of the common ways of recognizing human emotions by another person is the analysis of visual information. Based on this, it can be understood that the automation of this process should be obvious based on the use of computer vision methods, which is implemented using modern technology of neural networks.

Computer vision is a branch of science where theory and methods are studied, as well as algorithms for analyzing images of objects [1]. This technology is the creation of machines that can detect, track and classify objects. As a scientific discipline, computer vision refers to the theory and technology of creating artificial systems that receive information from images.

Automatic recognition of emotions is quite widespread. For example, recently, Kia Motors introduced [2] a system that can assess the mood of a person in a car and adjust the atmosphere in the cabin for him.

Such artificial systems are well-implemented using convolutional neural networks. At present, the use of convolutional neural networks allows one to recognize human emotion with various methods of data analysis. For example, one can recognize a person’s emotion with the help of an audio recording implemented by Reza Chu [3]. Using this technology, we implemented a network that can recognize the emotion in the picture.

In order to recognize human emotion, a convolutional neural network (CNN) [4] was used, which was trained based on Kaggle [5] data, where gray images with 1 channel are stored in 48x48 pixels format. For 2 reasons, we used this particular method and not a simple multilayer perceptron [6]:

• The percentage of accuracy on the verification data is greater. Due to this, the computer determines the emotion of a person in our case better in our cases.

• The concept of total weights.

Let's look at it better to understand the above-mentioned pluses of the CNN. First, let's see how version 2 of the usual multilayer perceptron works.

A multilayer perceptron consists of an input, hidden (there may be several of them, depending on the task), output layer (Figure 1).



Figure 1. The structure of neural networks

As you can see, each node (neuron) in each layer is interconnected. The binding strands of neurons are called synapses, which have their own weights (weighting factors). In machine learning, weights are usually marked with the letter “w”, and “X” is the input data that is transmitted to the first layer. To get a response from the output layer, in each layer, all neurons must perform several operations and transfer data to the last layer.

Accordingly, each neuron is 1 pixel of the picture. If we multiply the width of 48px by the height of 48px, then we get the value 2304. Our input layer would have 2304 neurons and since each neuron in each layer is interconnected, we would have many weighting factors. And this is not beneficial for us since it would require a large amount of resources. Conversely, convolutional neural networks are limited by the number of weights. And this has become the main reason for the success of the CNN in the recognition of large objects such as pictures, audio, video, etc. Since our emotions are tensors (48x48 matrix), we used this method to train our model.

To date, the best results in image recognition are obtained with their help. On average, the recognition accuracy of such networks exceeds conventional perceptron by 10-15%. CNN is the core technology of Deep Learning.

The main difference between a fully connected layer and a convolutional layer is the following: multilayer perceptron layers study global patterns in the space of input features (for example, in the case of emotions from the Kaggle set, these patterns involve all pixels), while convolutional layers study local patterns (Figure 2).



Figure 2. Convolution operation

Input layer

The input data are gray images of the type JPEG, size 48x48 pixels. If the size is too large, the computational complexity will increase, respectively, the restrictions on the response speed will be violated, the determination of the size in this problem is solved by the selection method. If you select a size too small, then the network will not be able to identify key signs of faces.

If you look at Figure 2, you can see that a picture with human emotions is a picture of only 1 channel (48x48x1). The input layer takes into account the two-dimensional topology of the images and consists of one map (matrices), the map can be one, if the image is presented in shades of gray, otherwise there are 3, where each map corresponds to an image with a specific channel (red, blue and green).

The input data of each specific pixel value is normalized to a range from 0 to 1, according to the formula:

$$f(p, \min, \max) = \frac{p - \min}{\max - \min}$$

where,

$$f - normalization\ function.$$
$$p - specific\ color\ value\ in\ pixels\ from\ 0\ to\ 255.$$
$$\min - minimum\ pixel\ value - 0.$$
$$\max - maximum\ pixel\ value - 255.$$

Convolutional layer

Convolution is applied to three-dimensional tensors, called feature maps, with two spatial axes (height and width), as well as with the depth axis (or the axis of the channels). For black and white images, as in the Kaggle dataset, the depth axis has a dimension of 1 (shades of gray). The collapse operation extracts patterns from its input feature map and applies the same transformations to all patterns, producing an output feature map. The size of the output card can be calculated using this formula:

$$(w,h) = mW - kW + 1, mH - kH + 1$$

where,

$$(w,h) - calculated\ convolution\ card\ size.$$
$$mW - width\ of\ previous\ map.$$
$$\mathrm{h}W - height\ of\ previous\ map.$$
$$kW - core\ width.$$
$$kH - core\ height.$$

The core is a filter or a window that slides over the entire area of the previous map and finds certain signs of objects. Since we trained the network on many faces in order to recognize human emotion, one of the cores could give the greatest signal in the process of training in the mouth, eyebrow, eye and nose (Figure 3).



Figure 3. The convolution operation and obtaining the value of the convolution card

The kernel glides over the previous map and performs the convolution operation and transfers the values to the activation function, then, the characteristic maps are created (new matrix), the formula:

$$(f * g)[m,n] = \sum_{k,l} f[m-k, n-l] * g[k,l]$$

where,

$$f - source\ image\ matrix.$$
$$g - convolution\ core.$$

Relu was chosen as the activation function, since it does not lead to problems with attenuation or increasing gradients. And also, for the hidden layers of the perceptron, we used Relu, and the output was Sigmoid.

$$f(s) = \max(0, s) - activation\ function\ Relu.$$

The operation of this function is simple, as you can see this, the function displays 0 if the value passed to the function is $s < 0$, and if $s \geq 0$ returns the same value.

Having performed the activation function, we transfer the resulting matrix to the subsample layer (Figure 4).

The purpose of the layer is to reduce the dimension of the maps of the previous layer. If some signs were already detected in the previous convolution operation, then such a detailed image is no longer needed for further processing, and it is compressed to a less detailed one. In addition, filtering already unnecessary parts helps not to retrain.

During scanning by the core of the subsample layer (filter) of the map of the previous layer, the scanning core does not intersect, unlike the convolutional layer. Usually, each card has a 2x2 core, which allows you to reduce the previous card convolution layer by 2 times.



Figure 4. Layer subsampling

In our problem, there will be 3 convolutional layers of 1 subsample layer for each and a multilayer perceptron with 1 hidden layer.

As you can see after reducing the size, we transfer the reduced image size to the input of the multilayer perceptron without losing important information.

After receiving the vector data, we carry out the training. The essence of training is to reduce the function of loss. This is implemented using the backpropagation method. First, we find the exit error by the formula:

$$E = (d - y)^2$$

where,

$$d - expected\ result.$$
$$y - output.$$

The output is calculated using the Sigmoid activation function. The sigmoid is expressed by the formula:

$$f(s) = \frac{1}{1 + e^{-s}}$$

where,

$$S = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i$$
$$n - number\ of\ neurons.$$

As we said above, in order for the network to work correctly, we must reduce losses. This is implemented using the gradient descent method [7]. For this we will use the Adam optimizer [8, 9]

During the first experiment, we obtained results of loss and network accuracy (Figure 5a, Figure 5b):



a) b)

Figure 5.
a) Losses on training and validation data in the 30th epochs.
b). Accuracy on training and validation data in the 30th epochs

Increasing the number of epochs from 30 to 50, we got the following results (Figure 6a, Figure 6 b):



a) b)

Figure 6.
a) Losses on training and validation data in the 50th epochs.
b). Accuracy on training and validation data in the 50th epochs

Entrance training model we are faced with retraining. This term means that our network recognizes emotion on the training data well, however, the accuracy on the validation data did not rise. Due to this, the method of thinning (Dropout) was used.

Retraining is a problem for many neural networks. Due to fact that the network begins to memorize training data, our network will begin to learn excessively. Any method that we use to prevent retraining is called the regularization method.

One of these regularization methods is loss (thinning), which is used in deep networks by including drop-down layers. This layer does not contain neurons; accordingly, it does not calculate anything. Instead, it temporarily disconnects some neural from the previous layer. Such a layer will be temporarily active in the learning process. When we use the network for prediction, the drop-down layer does not work.

Conclusion

During the study, we achieved 60% accuracy in recognizing human emotions on validating data. This is not a bad result for not more data. By further increasing our data, we will improve prediction accuracy.

The given approach to automatic recognition of emotions can be effectively applied in various intelligent human-machine systems.

References:

1 Klette R., Komp'yuternoye zreniye. Teoriya i algoritmy – 2019

2 Raspoznavaniye emotsiy, podstroit salon bespilotnogo avtomobilya pod nastroyeniye passazhira [An electronic resource]. – 2019. – URL: https://nplus1.ru/news/2019/01/07/kia-read (Date of the application: 13.06.2019)

3 Speech Emotion Recognition with Convolutional Neural Network [An electronic resource]. – 2019. – URL: https://towardsdatascience.com/speech-emotion-recognition-with-convolution-neural-network-1e6bb7130ce3 (Date of the application: 18.09.2019)

4 Chollet Francois, Glubokoye obucheniye na Python. — SPb.: Piter, 2018. — p. 400

5 Data sources [An electronic resource]. – 2018. – URL: https://www.kaggle.com/deadskull7/fer2013 (Data of the application: 11.05.2019)

6 Tariq Rashid, Make your own neural network – 2018

7 Glassner E., Glubokoye obucheniye bez matematiki. T. 1: Osnovy / per. s ang. V. A. Yarotskogo. – M.: DMK Press, 2019. – p. 578

8 Гусманова Ф.Р., Абдулкаримова Г.А. Имитациялық модельдеудің құралдарына шолу // Вест. КазНПУ, Физико-математические науки, 2 (66), 2019, С. 234-240

9 Metody optimizatsii neyronnykh setey [An electronic resource]. – 2017. – URL: https://habr.com/ru/post/318970/ (Data of the application: 07.10.2018)

МРНТИ 00.21
УДК 004.9

А.Ж.Жансай [1], Б.С.Дарибаев [1]

[1] әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ШАЗАМ АЛГОРИТМІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДЫБЫСТЫ ТАНУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Аңдатпа

Мақалада дыбысты немесе аудио файлдарды тануға арналған алгоритмның негізгі орындалатын қадамдары қарастырылған. Қазіргі таңда кең таралған алгоритмнің бірі – Шазам болып табылады. Шазам алғашқы рет 2000 жылы Эвери Ли Чунь Вонгтың (Vera Li-Chung Wang) бастауымен пайда болған. Аталмыш алгоритм негізінде дыбысты тану барысындағы сандық сигналдар, дискретизациялау (аналогты сигналды сандық түрге ауыстыру), Фурье дискретті түрлендіруі, Кули-Тьюки алгоритмі сынды ұғымдарға қысқаша түсініктеме берілген. Қажетті кітапханалар тізімі арқылы олардың қалай жүзеге асырылатындығын көрсету мақсатында Java бағдарламалау тілі қолданылып, ал алынған нәтижелердің жалпы көрінісі координаталар жүйесінде берілді. Сонымен қатар бірнеше әуен таңдалынып алынып, олар арқылы алгоритм жұмысы тексерілді және алынған нәтижелерді мақала соңынан көруге болады.

Түйін сөздер: ФДТ, дыбыс, сигнал, Shazam, дискретизациялау, кітапхана, Java.

Аннотация

А.Ж. Жансай [1], Б.С. Дарибаев [1]
[1] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ РАСПОЗНАВАНИЯ ЗВУКА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ АЛГОРИТМА ШАЗАМ

В статье предусмотрены основные выполняемые шаги алгоритма для распознавания звуковых или аудиофайлов. В настоящее время одним из наиболее распространенных алгоритмов является Шазам. Шазам впервые появился в 2000 году под руководством Эвери Ли Чунь Вонга (Vera Li-Chung Wang). На основе данного алгоритма дано краткое описание таких понятий, как цифровые сигналы при распознавании звука, дискретизация (замена аналогового сигнала в цифровой вид), дискретное преобразование Фурье, алгоритм Кули-Тьюки. С целью демонстрации того, как они реализуются через список необходимых библиотек, был использован язык программирования Java, а общий вид полученных результатов был представлен в системе координат. Также были выбраны несколько мелодий, с помощью которых проверена работа алгоритма и полученные результаты можно посмотреть в конце статьи.

Ключевые слова: ДПФ, звук, сигнал, Shazam, дискретизация, библиотека, Java.

Abstract

THE IMPLEMENTATION OF SOUND RECOGNITION USING THE ALGORITHM OF SHAZAM

Zhansay A.Z. [1], Daribayev B.C. [1]
[1] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The article provides the main steps of the algorithm for recognizing audio or audio files. Currently, one of the most common algorithms is Shazam. Shazam first appeared in 2000 under the direction of Avery Li Chun Wong (Vera Li-Chung Wang). Based on this algorithm, a brief description of such concepts as digital signals for sound recognition, sampling (replacing an analog signal with a digital form), discrete Fourier transform, and the Cooley-Tukey algorithm is given. In order to demonstrate how they are implemented through the list of required libraries, the Java programming language was used, and the General view of the results was presented in the coordinate system. Also, several melodies were selected, using which the algorithm was checked and the results can be viewed at the end of the article.

Keywords: DFT, sound, signal, Shazam, sampling, library, Java.

Қазіргі таңда, техниканың қарқынды дамыған заманында, адам өміріне қажетті көптеген технологиялар мен құрылғылар пайда болуда. Бұрын тек армандауға ғана болатын дүниелер бүгінде қол жетімді. Мобильді технологиялар мен дыбысты өңдеу саласындағы мұндай қарқынды прогресс алгоритм құраушылардың дыбысты немесе музыкалық туындыларды тануға арналған қосымшалар жасап шығуына мүмкіндік беруде. Осы реттегі ең танымал шешімдердің бірі Шазам деп аталады. Шазам алғашқы рет 2000 жылы Эвери Ли Чунь Вонгтың (Vera Li-Chung Wang) бастауымен пайда болған. Аталмыш жобаның адамдар арасында тез таныла бастауының себебі, осы бағыттағы жаңа серпін мен идеяның жаңашылдығы. Әрі қосымшаға кез келген әуенді тану үшін бар болғаны 3-5 секунд жеткілікті.

Бұл қосымшадағы дыбысты тануға арналған алгоритмның жалпы сипаттамасын Шазам жобасының авторлары 2003 жылы мақала ретінде жариялады [1]. Ол жерде орындалатын операциялардың базалық принциптері толығымен айтылған. Ал Рой Ван Рейн атты бағдарламашы 2010 жылы “Шазам алгоритмін құру” атты мақаласында ол жайлы біраз ақпарат берді [2].

Зерттеу жұмысының басты мақсаты - аталмыш деректерге сүйене отырып, қазақ күйлерін тануға арналған мобильді қосымша жасап шығу. Бүгінде көбі біле бермейтін күйшілер мен олардың туындылары жетерлік, бірақ көбі халық санасынан өшіп бара жатыр. Төл өнерімізді танытуда және оны дәріптеуде жаңа технологияларды қолдану осы бағытқа жаңа серпін берері анық.

Мобильді қосымшаны жасап шығу барысында мынадай негізгі қадамдар орындалды: алдымен таңдалынып алынған күйлер дискретизациялау процесінен өтті, яғни аналогты сигналдарды сандық сигналдарға айналдыру. Келесі қадамда, сигналдардың уақыт бойынша жиіліктік сипаттамалары алынды, ол үшін Фурье дискретті түрлендіруі қолданылды. Алынған мәліметтерге сәйкес әр күйдің жеке сигнатуралық хэштары алынды. Деректер қорына хэштар мезеттік уақыттарымен бірге жазылып отырды. Қажетті күйді табу үшін тыңдалынған күй бөлігін осы процестерден өткізіп, деректер қорынан сәйкес хэштары бойынша іздеу жүргізіледі.

Бұл мақалада дыбысты немесе музыкалық туындыларды тануға арналған алгоритмнің негізгі орындалатын қадамдары мен жұмыс жасау принциптері түсіндірілді.

Дыбысты тану қадамдары

Дискретизациялау

Дыбыс бұл – адамдар мен жануарлардың арнаулы сезу органымен субъективті түрде қабылданатын құбылыс. Ал теориялық анықтамасы: газ, сұйықтық немесе қатты күйдегі серпімді орта бөлшектерінің толқын түрінде таралатын тербелмелі қозғалысы.

Дыбыс жазу құрылғылары дыбыс толқынының қысымын электр сигналына айырбастай отырып, жоғарыда сипатталған процесті нақты имитациялайды [3]. Ауадағы дыбыс толқыны - бұл қысу және сирету аймақтарымен ұсынылған үздіксіз сигнал. Дыбыс сигналы бар бірінші электрондық компонент, микрофон, оны электр сигналына түрлендіреді, алайда әлі де үздіксіз күйде болады. Цифрлық әлемде мұндай сигналдар аса пайдалы емес, сондықтан сандық жүйелерде сақтау және өңдеу алдында оларды дискретті нысанға айналдыру қажет. Бұл сигнал амплитудасын білдіретін мәндерді таңдау арқылы жасалады.

Дыбысты өңдеу үшін алдымен келіп түскен аналогты сигналды сандық түрге айналдыру қажет. Бұл процесс дискретизациялау деп аталады. 1- суретте аналогтық және сандық сигналдардың графикалық сипаттамалары бейнеленген [4].



Сурет 1. Сандық және аналогты сигналдар бейнелері

Атап айтқанда, адам 20 Гц-дан 20000 Гц-ға дейінгі диапазонда дыбыстарды ести алады. Нәтижесінде дыбыс көбінесе 44100 Гц дискреттеу жиілігімен жазылады. Бұл дискреттеу жиілігі компакт-дискілерде қолданылады. Жалпы жағдайда MPEG-1 (VCD, SVCD, MP3) стандарттары тобында дыбысты кодтау үшін қолданылады. 44100 Гц-та дискретизация жиілігін кеңінен алғашқы рет Sony корпорациясы пайдаланды [5]. Өз уақытында осындай жолмен кодталған дыбыстық жолдар PAL (секундына 25 кадр) және NTSC (секундына 30 кадр) стандарттарында бейнемен біріктіріп, қолданыстағы жабдықты пайдалана отырып, олармен жұмыс істеу ыңғайлы болды. Бұл жиілік 20000 Гц дейінгі диапазонда сапалы дыбыс беру үшін жеткілікті. Әрі дискретизация жиілігін пайдаланатын сандық дыбыс стандарттарының қалыптасуы болған кездегі аналогтық жабдықтың сапасына сәйкес келеді.

Нәтижесінде, жазу кезінде дыбыс дискретизациясының жиілігін 44100 Гц етіп алу ыңғайлы болмақ. Қазіргі заманауи дыбыс карталарында кірістірілген аналогты сигналды сандыққа айналдыратын түрлендіргіштер бар. Сондықтан дыбыспен жұмыс жасау үшін қажетті бағдарламалау тілі мен сәйкес кітапхана таңдаса жеткілікті. Кітапхананы қолдану барысында дискретизациялау жиілігін, канал санын және бит өлшемін беру қажет.

Фурье дискретті түрлендіруі

19 ғасырда Жан Батист Жозеф Фурье ірі жағалық ашты. Яғни, кез келген сигнал уақыт аймағында әрбір синусоидалы сигналдың белгілі бір жиілікке, амплитудаға және фазаға ие болуы шартымен қарапайым синусоидалы сигналдардың кейбір санының (мүмкін шексіз) жиынтығына баламалы болып табылады. Бастапқы сигналды қалыптастыратын синусоид жиынтығы Фурье деп аталады. Басқаша айтқанда, жиіліктер жиынтығын, амплитудалар мен фазаларды, синусоидтің әрқайсысына сәйкес келетін, осы сигналды қалыптастыратын кез-келген сигналды уақыт бойынша ашып көрсетуге болады. Сигналдардың мұндай көрінісі жиілік интервалдарының жиынтығы деп аталады. Жиіліктік интервалдар туралы ақпараттар уақыт бойынша фингерпринтинг немесе динамикалық деректердің статикалық көрінісін бере алады.



А) бастапқы *Б) ФЖТ-нен кейінгі*

Сурет 2. Бастапқы және ФЖТ-нен кейінгі сигналдардың графикалық бейнелері

Сигналдардың жиіліктік сипаттамаларын талдау көптеген есептерді шешуді жеңілдетеді. Цифрлық сигналдарды өңдеу саласында мұндай сипаттамаларды қолдану өте ыңғайлы. Олар сигнал спектрін (оның жиіліктік сипаттамаларын) зерттеуге, осы сигналда қандай жиіліктер бар немесе жоқ екенін анықтауға мүмкіндік береді. Осыдан кейін кейбір жиіліктерді күшейтуге, әлсіретуге немесе бар жиіліктер жиынтығы арасында дыбыс амплитудаларын тануға болады.

Келесі қадамда, сигналдардың уақыт бойынша жиіліктік сипаттамаларын алу тәсілі қарастырылады. Ол үшін Фурье дискретті түрлендіруі (Discrete Fourier Transform) қолданылады. ФДТ - дискретті сигналдарға арналған Фурье талдауының математикалық әдісі.

ФДТ есептеу үшін ең танымал сандық алгоритмдердің бірі - Фурье жылдам түрлендіруі (Fast Fourier Transformation). Шын мәнінде, ФЖТ-ге алгоритмдердің тұтас жиынтығы кірістірілген. Олардың арасында жиі қолданылатыны - Кули-Тьюки (Cooley-Tukey) алгоритмі [6, 7]. ФДТ-нің тікелей есептеуі кезінде n мәліметтер жиынтығы үшін $O(n^2)$ операция қажет етеді, ал Кули-Тьюки алгоритмі сол тапсырманы O(nlogn) операция арқылы шеше алады. 2 - суретте қажетті кітапхананы қолданғаннан кейінгі алынған нәтижелер сызба түрінде көрсетілген.

ФДТ алгоритмін жүзеге асыратын сәйкес кітапханаларды табу қиын емес. Әр түрлі бағдарламалау тілдері үшін арнайы кітапханалар бар:

- C – *FFTW*
- C++ – *EigenFFT*
- Java – *JTransform*
- Python – *NumPy*
- Ruby – *Ruby-FFTW3*
- Swift – SwiftFFT

Дыбыс сигнатураларын алу

ФЖТ-нің жағымсыз жақтарының бірі - талдау жүргізу барысында уақыт туралы ақпаратты жоғалтуында (теориялық тұрғыда болдырмауға болады, бірақ іс жүзінде бұл үшін үлкен есептеу қуаты қажет). Мысалы, үш минуттық әуеннің дыбыстық жиіліктері мен олардың амплитудаларын көруге болады, бірақ осы жиіліктер қайда кездесетінін байқау қиын. Ал бұл - музыкалық туындының маңызды сипаттамасы. Сол себепті әрбір жиілік пайда болған кезде нақты уақыт мәндерін табу керек.

Сигналдың жиіліктік сипаттамаларын алғаннан кейін әуеннің сандық сигналдарын қалыптастыруға болады. Бұл Шазам жүзеге асыратын әуен тану процесінің ең маңызды бөлігі. Мұндағы басты қиындық - барлық жиіліктердің арасынан ең маңыздыларын таңдау. Яғни, ең көп амплитудалы (әдетте оларды шыңы деп атайды) жиіліктерге назар аудару қажет. Әр блоктың өлшемін әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып анықтауға болады. Мысалы, егер үлгінің өлшемі 16 битке тең және дискретизация жиілігі 44100 Гц екі арналы дыбысты жазсақ, мұндай дыбыстың бір секунды 176 Кб жадыдан (44100 үлгі * 2 байт * 2 арна) алады. Егер біз 4 Кб өлшемін орнатсақ, онда әрбір секунд сайын 44 деректер блогын талдау қажет болады. Бұл композицияны түгел талдауға мүмкіндік береді.

Алайда, бір әуенде "күшті" жиіліктер диапазоны «до» контроктава нотасынан (32,70 Гц), бесінші октаваның "до" нотасына дейін (4186,01 Гц) өзгеруі мүмкін. Бұл үлкен интервал. Сондықтан, барлық жиілік ауқымын бірден талдау үшін, бірнеше ұсақ интервалдар таңдалады. Әдетте, таңдау маңызды музыкалық компоненттерге тән жиіліктерге негізделеді. Мысалы, Рой Ван Рейн Шазам алгоритмін іске асыру үшін мына аралықтарды пайдаланған. Атап айтқанда, бұл 30 Гц – 40 Гц, 40 Гц – 80 Гц және 80 Гц – 120 Гц төмен дыбыстар үшін. Орташа және жоғары дыбыстар үшін 120 Гц – 180 Гц және 180 Гц – 300 Гц жиіліктері қолданылады. Аралықтарды анықтағаннан кейін ең жоғары деңгейдегі жиіліктерді табуға болады.

Кесте 1. Танылған әуендердің деректер қорындағы көрінісі

№	*Әуен аты*	*Хэш-тег*	*Уақыт, с*
1	*Әуен А*	*30 51 99 121 195*	*15.34*
2	*Әуен Б*	*32 67 100 128 20*	*78.43*
3	*Әуен С*	*34 41 93 161 202*	*10.89*
4	*Әуен Д*	*33 57 95 111 200*	*54.52*
5	*Әуен Е*	*30 51 99 121 195*	*11.89*
6	*Әуен К*	*32 67 100 128 20*	*29.34*

Музыкалық туындыларды іздеуді жеңілдету үшін олардың сигналдары хэш-кестедегі кілттер ретінде қолданылады. Кілттерге сигнал беру табылған жиіліктер жиынтығы сигнатураларға сәйкес алынған уақыт мәндеріне және шығарманың өзінің идентификаторы (ән атауы және орындаушының аты, мысалы) сәйкес келеді. Міне, мұндай жазбалар деректер базасында осы ретте жазылады. Бірнеше әуенді танығаннан кейінгі деректер қорында жалпы алынған нәтижелер көрінісі 1 - кестеде берілген.

Сәйкестіктерді іздеу

Танылған музыкалық туындыны анықтау үшін оны телефон арқылы жоғарыда жазылған сигналдарды өңдеу процесінен өткізу керек. Содан кейін деректер базасында есептелген хэш теггерін іздеуді бастауға болады. Бірақ бұл жалпы ойлғандай жеңіл емес. Өйткені, хэш-тег шығармаларының көптеген фрагменттері сәйкес келеді. Мысалы, туындының кейбір фрагменті А әннің белгілі бір бөлігі

Е сияқты естіледі. Музыканттар мен композиторлар үнемі бір-бірінен сәтті музыкалық фрагменттерді алып отырады.

Сәйкес келетін хэш-тег табылған кезде, ықтимал сәйкестіктер саны азаяды, бірақ тек осы мәліметтер ғана жалғыз дұрыс музыкалық туындыға тоқтау үшін іздеу ауқымын тарылтуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан музыкалық шығармаларды тану алгоритмінде тағы бір маңызды ақпаратты ескеруіміз керек. Атап айтқанда, бұл – сигнатураларға тиесілі уақыт белгілері.

Танылған әуен фрагменті музыкалық туындының кез келген жерінен болуы мүмкін, сондықтан оны жазылған фрагменттің ішіндегі салыстырмалы уақытты деректер базасындағы деректермен тікелей салыстыра алмаймыз. Дегенмен, егер де бірнеше сәйкестік табылған болса, сәйкестіктердің салыстырмалы уақыт аралығын талдауға болады және осылайша, іздеудің нақтылығын арттыруға болады. Мысалы, егер жоғарыда келтірілген кестеге қарасақ, хэш-тег 30 51 99 121 195 А әніне және Е әніне қатысты екенін анықтауға болады. Егер секунд өткен соң біз хэш-тег тексеретін болсақ, онда А әнімен тағы бір сәйкестікті, сонымен қатар осындай жағдайда хэш-тег және олардың уақыт бойынша үлестірілуін анықтауға болады. Танылған әуеннің әрбір хэштері туындының әр сәтіне сәйкес болуы екіталай. Тану барысында шулар көп болады, олар сәйкесінше қателіктер тудырады. Сол себепті сәйкестіктер тізіміндегі барлық әуендерді алып тастамай, керісінше ықтималдылық деңгейіне қарай сұрыптауға болады, сол арқылы рейтинг тізіміндегі бірінші әуен нәтиже ретінде алынады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бұл мақалада дыбысты немесе аудио файлдарды тануға арналған алгоритмнің негізгі жұмыс жасау принциптері түсіндірілді. Кең таралған Шазам алгоритмінің орындалу қадамдары толығымен қарастырылды. Осы алгоритм арқылы жасалынған мобилді қосымша арқылы көптеген қазақ күйлері деректер қорына жинақталып, олар сынақтан сәтті өткізілді. Нақтырақ айтсақ, әуелі қазақ күйлері танылып, олардың жеке сигнатуралық хэштары алынды. Деректер қорына хэштар мезеттік уақыттарымен бірге жазылып отырды. Қажетті күйді табу үшін тыңдалынған күй бөлігін осы процестерден өткізіп, деректер қорынан сәйкес хэштары бойынша іздеу жүргізіледі және сәйкестіктерді іздеу барысында нәтиженің нақты болуы үшін сигнатуралардың мезеттік уақыттары арқылы аралық уақыттар ескерілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 An Industrial-Strength Audio Search Algorithm. URL: https://www.ee.columbia.edu/~dpwe/papers /Wang03-shazam.pdf

2 Creating Shazam in Java. URL: https://royvanrijn.com/blog/2010/06/creating-shazam-in-java

3 Java. Полное руководство. Десятое издание. Герберт Шилдт. – 2019

4 Shazam: алгоритмы распознавания музыки. URL: https://habr.com/ru/company /wunderfund/blog/275043/

5 Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. Роберт И.В. Школа-Пресс, 1994 – 2004

6 Абдулкаримова Г.А., Гусманова Ф.Р. ISO/IEC стандарттар контекстінде программалық жасақтаманың бейімделуін тестілеуді ұйымдастыру үрдісі // КазНПУ, Физико-математические науки, 1(65), 2019, С. 202-208

7 Всероссийский институт научной и технической информации РАН Научно-техническая информация. Сер. 2. Информационные процессы и системы. В.В. Борщев, - 2008. - № 6. - С. 22-36.

МРНТИ 14.01.85
УДК 378.147.88

TRAINING OF CONSTRUCTION OF AUTONOMOUS RADIO SIGNAL RELAYS

A.M. Makhpirov [1], L.B. Rakhimzhanova [1], N.S. Baimuldina [1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract

Предложенная гипотеза была подтверждена. В ходе проведенного педагогического эксперимента было выявлено, что данный метод обучения дает возможность студентам интегрировать свои знания из разных областей для решения задачи, формировать навыки командной работы, повысить активность на практике и развить умение нестандартно мыслить.

Список использованной литературы:

1. Сидорова Л. В. Использование метода проектов при изучении информационных технологий, Вестник Брянского государственного университета, 2010
2. Нурбекова Ж.К., Толғанбайұлы Т. Результаты опытно-экспериментальной работы при обучении программированию микророботов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(61), Алматы, 2019
3. Нурбекова Ж.К., Толганбайулы Т. Отбор среды обучения программированию микророботов в вузе // XXIV Международной научной конференции «Актуальные научные исследования в современном мире», ГВУЗ «Переяслав-Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды, Украина, Переяслав-Хмельницкий, 2017
4. Нурбекова Ж.К., Толғанбайулы Т. Опыт проектно-ориентированного обучения программированию микророботов, «Хабаршы-Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева», Астана, 2017
5. Diplomas and certificates. Электронный ресурс: https://drive.google.com/drive/folders/1hPMKrpaYjRsyPW3_GdDOoH8hvWQlPOjq?usp=sharing
6. Nurbekova Z, Tokzhigitova N, Nurbekov B, Jarassova G Multi-criteria Assessment of Students' Study Achievements in Visual Programming., Man In India, 97 (13) : 483-509
7. Новиков Д.А. Статистические методы в педагогических исследованиях, М.: МЗ-Пресс, 2004. – 67 с

МРНТИ 20.01.45
УДК 373.5.02.016:004(574)

Н.Т. Ошанова[1]*, Г.Ж. Ануарбекова*[1]

[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

АЛГОРИТМДЕУ МЕН ПРОГРАММАЛАУДЫ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР НЕГІЗІНДЕГІ ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Аңдатпа

Бұл мақалада мектептің информатика курсында оқытылатын «Алгоритмдеу және программалау» бөлімшесін оқытуда ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептер жүйесінің маңыздылығын қарыстырып отырмыз. Сонымен қатар, «Алгоритмдеу және программалау» бөлімшесін оқыту барысында оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп, оның бойына халықтық педагогиканы, тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту керек екені туралы айтылады. Есептер, есептер жүйесі, ұлттық мазмұнды есептер жүйесі ұғымдарына анықтама беріліп, оларға қойылатын әдістемелік талаптар көрсетілген. Есептің функциялары, есептер жүйесінің принциптеріне тоқталған. Ұлттық мазмұнды есептерге алгоритм және программа құру - мұғалім оқушының терең ойлау әрекетін жандандыруға арналған әдістемелік тәсіл ретінде қолданылатыны қарастырылады. Ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептердің көмегімен алгоритмдеу және программалауды оқытуда оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын, оның қабілетінің ашылуын, оқуға деген қызығушылығын арттыратыны қарастырылған.

Түйін сөздер: есептер, есептер жүйесі, ұлттық мазмұнды есептер жүйесі, ұлттық мазмұнды есептерге жүйесіне қойылатын талаптар, есептер жүйесінің принциптері, алгоритмдеу және программалау.

Аннотация

Н.Т. Ошанова[1]*, Г.Ж. Ануарбекова*[1]

[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

ТРЕБОВАНИЯ К СИСТЕМЕ ЗАДАЧ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ В ОБУЧЕНИИ АЛГОРИТМИЗАЦИИ И ПРОГРАММИРОВАНИЯ

В данной статье мы рассматриваем важность системы задач на основе национальных особенностей обучения подразделению «Алгоритмизация и программирование», изучаемого на курсах информатики школы. Кроме того, в процессе обучения подразделению «Алгоритмизация и программирование» говорится о том, что обучающийся должен пробуждать и воспитывать национальное самосознание, прививать в них народную педагогику, язык, религию, воспитание, национальные традиции, обычаи и традиции. Даны определения понятиям системы задач, системы национальных содержательных задач, приведены методические требования к ним. Рассмотрены функции задач и принципы системы задач. Разработка алгоритма и программы к задачам национального содержания рассматривается как методологический подход для активизации познавательной деятельности учащихся. В процессе изучения алгоритмизации и программирования с помощью задач на основе национальных особенностей предусматривается формирование личности учащегося, раскрытие его способностей, повышение интереса к учебе.

Ключевые слова: задачи, система задач, система задач национального содержания, требования к системе задач национального содержания, принципы системы задач, алгоритмизация и программирование.

Abstract

REQUIREMENTS FOR A SYSTEM OF TASKS BASED ON NATIONAL FEATURES OF LEARNING ALGORITHMIZATION AND PROGRAMMING

Oshanova N.T.[1]*, Anuarbekova G.D.* [1]

[1]*Abai University, Almaty, Kazakhstan*

In this article, we consider the importance of a system of tasks based on national characteristics of training in the "Algorithmization and programming" division, which is studied in the school's computer science courses. In addition, in the course of training in the "Algorithmization and programming" division, it is stated that the student must awaken and educate the national consciousness, instill in them folk pedagogy, language, religion, education, national traditions, customs and traditions. Definitions of the concepts of the system of tasks, the system of national content tasks, and methodological requirements for them are given. The functions of tasks and the principles of the task system are considered. The development of an algorithm and program for problems of national content is considered as a methodological approach to enhance the cognitive activity of students. In the process of learning algorithmization and programming using problems based on national characteristics, it is provided to form the student's personality, reveal his abilities, and increase interest in learning.

Keywords: tasks, system of tasks, system of tasks of national content, requirements for the system of tasks of national content, principles of the system of tasks, algorithmization and programming.

Бүгінгі жалпы орта білім беретін мектептердің алдында тұрған басты міндет–оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту. Ұлт болашағы бүгінгі оқушыларымыздың білім мен біліктілігіне, санасы мен тәрбиелілігіне байланысты [1].

««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт Көшбасшысы: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» – деп [2] және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» [3] атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек делінген.

Информатика сабағында оқушылардың ұлттық таным-дағдысын қалыптастыру арқылы өз ұлтының даналығын терең таныту және патриоттық сезімін ояту, шыншылдыққа, дәлдікке, еңбекқорлыққа, төзімділікке тәрбиелеу, шығармашылыққа баулуымыз қажет. Тұлға өзінің қалыптасу үдерісінде туған ортаның қасиетін бойына сіңіреді, ал әрбір ұлттың өзіне тән ерекшеліктері, мінез-құлықы пен ойлау қабілеттері бар. Бұл ерекшеліктер жеке адамға ғана емес, қоғамдық өмірдің түрлі үдерістері мен құбылыстарына да әсер етеді. Информатика пәнін оқытуда есептер жүйесі білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырудың құралы болып табылады, теориялық білімнің практикамен байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, есептер жүйесі меңгеруге жататын іс-әрекеттер әдістері мен тәсілдерін білдіреді және оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру тәсілі ретінде қарастырылады.

Информатика пәнінің «Алгоритмдеу және программалау» бөлімшесін оқытуда тұрақты білімді қалыптастырудың тиімді қолданбалы тәсілінің бірі есептер болып табылады. Д. Толлингерованың пікірінше "есептер барлық тәрбие-білім беру үдерісі арқылы төмендегідей әртүрлі функцияларды орындайды: оқушыларды белсендіреді және ынталандырады, оларды оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттырады, оқу үдерісінің барысын сақтайды, оқу нәтижелерін анықтау құралы болып табылады [4]. Білімнің сапасы, оның тұрақтылығы, жинақталу деңгейі, практикалық жүзде пайдаланылуы есептерге байланысты болып келеді [5]. Психологиялық – педагогикалық және дидактикалық әдебиеттерге жасалған талдауларда есептер төмендегідей болуы қажет:

- есептер қандай да бір нәтижеге беруге бағытталуы қажет;
- есептер оқушылардың ақыл – ойын дамытуға арналуы қажет;
- оқу іс-әрекеттерін эмоциялық қолдау көрсетіп, оны ынталандыру керек;
- өмірлік маңызды практикалық есептерді өз бетінше шешуге баланың қызығушылығын арттыруы қажет.

Іс жүзінде барлық оқу іс-әрекеттері есептер жүйесі ретінде ұсынылуы тиіс (Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, А.Г. Балл). Жүйедегі есептер жиынтығы өзара бір-бірімен байланыста болады және оқыту үдерісінде белгілі бір дидактикалық функцияларды орындайды. "Бұл ретте жүйе элементтері арасында ғана емес, сыртқы ортамен байланысы зерттелуі тиіс» [6]. Әрбір есеп адамның ойлану іс-әрекеті үшін интеллектуалды кеңістік болып табылады, олар белгілі бір әдістердің, тәсілдердің, құралдардың көмегімен есептердің талаптарын орындауға бағытталады. Егер белгілі бір пәнді оқу барысында толық көлемде есептердің барлық түрлері мен типтері (есептердің мазмұны тәсілі бойынша, когнитивтік талаптардың сипаты бойынша, шешу тәсілі бойынша, ұсынылған мақсаты бойынша, күрделілік дәрежесі және т. б. бойынша) ұсынылса онда есептер жүйесі алынады (Г.Д. Бухарова).

Дидактикалық функциялар тұрғысынан есептер оқушылардың өзіндік танымдық белсенділігін және шығармашылық ойлау қабілеттін арттыруға бағытталуы тиіс. Есептің мазмұнын тапсыру тәсілдері, шарттардың берілуі, шешу әдістері, есептің берілу мақсаты, күрделілік дәрежесі – бұл оқу үдерісін басқаратын, дамытатын және оқытатын жүйе ретінде есептер жиынтығының негізгі функциялары болып табылады. Оқыту функциясы есептердің мазмұны мен оны шешу үдерісінде білім алушы үшін жаңа білім ұсынылуынан тұрады. Есептерді дамыту функциясы түсініктерді қалыптастырумен тығыз байланыста болатын ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Есептердің мазмұнында берілетін ақпараттар және есепті шешу үдерісі танымдық сипаты ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеуші сипаты да болуы қажет. Есептер жүйесінің мақсатты болуы – басқару функциясы сипаттайды. Сондықтан, мұғалім міндеттерінің бірі - оқушылардың оқу материалдарына және педагогикалық мақсатқа сай етіп есептерді құру болып табылады [7]. Есептің оқыту функциясы оқушының ой-өрісін кеңейтуге арналған, яғни оқушының оқу соңында не білетінін анықтайды, онда есептің дамыту функциясы - оқушының оқу әрекетін қалыптастырады және осылайша оқуды басқарады.

Енді есептер жүйесіне қойылатын талаптарға тоқталайық. В.А. Далингертің пікіріне сүйене отырып, есептің дидактикалық жүйесі деп оқу үдерісінде белгілі бір дидактикалық қызметтерді орындайтын және бір бірімен өзара байланыста болатын есептердің біртұтастығын айтамыз. Көптеген әдіскерлер есептер жүйесін құру принциптерін қалыптастырды. Олардың ішінен Я.И. Груденов, В.А. Далингер, Ю.М. Колягин, М.Р. Леонтьев, Г.И. Саранцев, С.Б. Суворов және өзге де авторларды атауға болады. Аталған авторлардың жұмысын талдау негізінде принциптерді және есептер жүйесіне қойылатын талаптарды атаймыз. Көптеген авторлар есептер жүйесі *толықтық, салыстыру, қол жетімділік, күрделіліктің біртіндеп өсуі, әртүрлілік, үздіксіз қайталану принциптерін* қанағаттандыруы тиіс дейді. Я.И. Груденов есептер жүйесін құрастыру кезінде дидактикалық принциптер ескерілуі тиіс деген пікір айтады. В. А. Далингер есептердің дидактикалық жүйесін құрудың негізіне тұтастық, көп деңгейлі, көп функциялық және шындықдық әдіснамалық принциптерді қояды. С.Б. Суворова есептер жүйесі білімді меңгеруге бағытталғанын атап өтеді. Өз жұмысында ол ұғымдарды, теоремаларды, есептерді шешу тәсілдерін меңгеруге бағытталған жаттығулар жүйесін құру принциптерін атап көрсетеді.

Принциптерді іске асыру есептер жүйесіне белгілі бір талаптар қояды. Мәселен, есептер жүйесі *толықтық принципін* қанағаттандыру үшін, ол меңгеруге жататын барлық тапсырмалар түрлерін қамтуы тиіс. *Салыстыру принципі* тура және кері операциялардың есептерінде кезектестіруді талап етеді. Оқытудың *қол жетімділік принципі*-оқытудың дұрыс белгіленген қол жетімділігі, білім алушыларда бар білімі мен ұсыныстарға зерделенетін білімнің мазмұны мен көлемінің сәйкестігі болып табылады. *Күрделіліктің біртіндеп өсу принципі* қарапайым есептерді қиындау қажеттілігін білдіреді. Бір типті есептер жүйесін бұрын оқыған материалды қайталау үшін бақылау мысалдарымен және есептермен әр түрлі ету қажет. Бұл талап әртүрлілік және үздіксіз қайталау қағидаттарынан туындайды.

Н. Келбакиани, М.В. Крутихина, И.М. Шапиро және т. б. жұмыстарда ұғымды қалыптастыруға бағытталған есептер жүйесіне қойылатын әдістемелік талаптар көрсетілген. Есептер төмендегі берілгендерді қамтуы қажет:

- ұғымды енгізу мотивациясына ықпал ету;
- есептер жүйесінде көрнекі бейнелер мен нақты көріністерді қалыптастыруға бағытталған жұмыс көзделуі тиіс, олардың негізінде жаңа ұғым енгізілуі мүмкін;
- ұғымның маңызды қасиеттерін анықтау;
- ұғымның маңызды қасиеттерін меңгеруге, оларды синтездеуге ықпал ету;
- терминологияны меңгеруге, ұғымды анықтауға, ұғымның ішкі мазмұны мен оның сыртқы көрінісі арасындағы дұрыс қатынасты құруға ықпал ету;
- оқушылардың түсінік көлемі туралы дұрыс түсінігін қалыптастыру;
- қарапайым, жеткілікті сипатты жағдайларда ұғымды саналы қолдануды қалыптастыру;
- басқа ұғымдармен әртүрлі байланыстарға және логикалық қарым-қатынастарға түсінік енгізу;
- стандартты емес жағдайларда ұғымдарды қолдана білуді қалыптастыру.

Жоғарыда берілгендерді ескере отырып, ұлттық мазмұнды есептер жүйесіне қойылатын талаптарға тоқталайық. Ең алдымен ұлттық мазмұнды есептер туралы қарастырайық. Ұлттық мазмұнды есептерге географиялық, экономикалық, экологиялық, салт - дәстүр, әдет – ғұрыптар және т.с.с. дәріптейтін есептер жатады деп түсінеміз.

Н.А. Корощенконың еңбектерінде білім берудегі ұлттық аймақтық принциптерді жүзеге асыруға бағытталған ұлттық мазмұнды есептерге қойылатын талаптар келтірілген. Н.А. Корощенконың (1998) зерттеулерінде аймақтық мазмұнды есептер ұғымы анықталған және осындай типтегі есептерге қойылатын әдістемелік талаптар қойылған. Зерттеуші талаптар мектеп бағдарламасына сай болуы қажет, есептер оқу әдебиеттеріндегі есептердің қиындығынан асып кетпеуі қажет, есептерді шешу барысында оқытудың деңгейлік саралануы ескерілуі қажет деген пікірін айтады. Есептің мазмұнын іріктеу оқушылардың болашақ кәсіби қызметімен байланысын ескеруі керек, - дейді [11].

Бұл зерттеудегі қалыптастырылған әдістемелік талаптар өзге де ғалымдардың жұмыстарында жалғасын тапты. Е.И.Якшинның (2000) зерттеу жұмыстарында Ханты-Мансий автономиялық аймағының ұлттық мектептері үшін есептер жинағына қойылатын талаптар әзірленді және олардың негізінде – оқушылардың ойлау қабілетін қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық мектептердің 5-6 сынып оқушыларына арналған сұрақтар, жаттығулар мен міндеттер жүйесі дайындалды [12].

А.С. Монгуш (2002) ұлттық-аймақтық мазмұнды есептерді пайдалану оқушылардың математикалық білім сапасын арттыру факторы ретінде қарастырады [13]. А.С. Монгуш пікірінше есептер өңір дамуының әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктерін көрсетуі, өндірісте пайда болатын жағдайларды қамтуы, нақты тұрмыстық жағдайларда және осы өңір адамдарының кәсіптерінде математикалық білімдерді қолдануды көрсетуі тиіс, - деген ойын айтады.

Ю.В. Балашов (2011) Ханты-Мансий автономиялық округінің ұлттық мектептері оқушыларының этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескере отырып математикаға оқыту үдерісін ұйымдастыруға баса назар аударады [14]. Ю.В. Балашов аймақтық мазмұнды практикалық есептер мүмкіндігінше оқушының жеке тәжірибесін, сондай-ақ математикалық білімді тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жергілікті материалды көрсетуі тиіс деп есептейді.

Я.И. Груденов, В.А. Далингер, В.Н. Келбакиани, Н.А. Корощенко, Н.В. Крутихина, Г.И. Саранцев, И.М. Шапиро және өзге де авторлардың есептер жүйесіне берілген талаптарын талдай келе, біз бұл талаптар негізінен дидактикалық факторларда айқындалады, демек, есептер мектеп бағдарламасына сәйкес келуі қажет, пән аралық байланыста қамтамасыз етуі қажет, білімді меңгеруге бағытталауы қажет, шынайы жағдайларды қажет етуі керек деген пікірге келеміз.

Білім беру заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстанды сүюге халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу» делінген. Сондықтан мұғалім жан – жақты жетілген, білімді, халықтық дәстүр, әдет – ғұрып пен салт – сана ерекшеліктерінен сусындаған шәкірт тәрбиелеуі тиіс [2]. Өйткені, білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана экономикалық дамуда әлемдік дамудың алдыңғы көшінде бола алады [8]. Қазақ халқы ерте замандарда ғылым мен білімге еркін қолы жетпесе де өмірлік тәжірибеден оқып үйреніп талғай біліп, шеберліктің небір сан саласын асқан ұқыптылықпен сақтап, біздің дәуірімізге жеткізе білген [9]. Тәуелсіз, тұғырлы мемлекет өз ұлттық тәрбиесін ұрпағына еркін дарыта отырып, танытар болса, ол елдің болашағы жарқын болатынына күмән жоқ. Мектеп оқулықтарының мазмұны көбіне жергілікті жердің мәдениетін, тұрмыс-тұрпатын, ұлттық қабылдауларды ескермей, дерексіз сипатта болады.

Ұлттық дәстүрлі мазмұндағы есептер, қазақтың қара есептері, ұмытыла бастаған ұлттық дәстүрлеріміз, сондай-ақ ертегі есептер, ұлттық ойындар, қазақтың байырғы өлшем бірліктері, қазақша жыл есептеулер т.с.с оқушылардың ұлттық дүние танымын кеңейтеді.

5-9 сынып оқушылары арасында жүргізген бақылауымызда балаларға өздерінің жас өспірім кезінен белгілі ата-аналарының тұрмысында, шаруашылық қызметінде, қоршаған табиғатта кездесетін өмірлік жағдайлар оларға өте қызықты. Қызығушылық оқушының оқуға деген мотивациясын тудырады, демек, іс-әрекеттің мақсаты, оған қол жеткізу құралдары мен нәтижесіне сәйкес келеді.

Біз ұлттық мазмұнды есептер жүйесіне есептің шартын жарқын, бейнелі, қоршаған шындыққа сәйкес келетін жағдайлармен толтырудың қосымша талабы қойылуы тиіс деп есептейміз.

Әдістемелік зерттеулерді талдау негізінде, оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін және олар тұратын аймақтың экономикалық жағдайларын ескере отырып, біз *ұлттық мазмұны бар есептер жүйесіне мынадай талаптарды* қалыптастырдық:

- ұлттық мазмұны бар есептер мектептегі информатика курсының бағдарламасына сәйкес құрастырылуы тиіс;
- ұлттық мазмұны бар есептер мектептегі информатика курсының әрбір оқылатын тақырыбы бойынша есептер жүйесіне барабар болуы тиіс;
- ұлттық мазмұны бар есептер мектеп оқулықтары мен оқу-дидактикалық материалдардың есептері қиындық деңгейі бойынша аспауы тиіс;
- ұлттық мазмұны бар есептер толықтық, қол жетімділік, күрделіліктің біртіндеп өсуі және т.с.с есептер жүйесіне қойылған негізгі әдістемелік талаптарды қанағаттандыруы қажет;
- ұлттық мазмұны бар есептер өндірісте пайда болатын жағдайларды қамтуы, нақты тұрмыстық жағдайларда және адамдарының кәсіптерінде алгоритмдеу және программалау бөлімшеллерін қолдануды көрсетуі тиіс;
- ұлттық мазмұны бар есептер оқылатын тақырыпқа сәйкес келетін экономикалық есептер кіруі тиіс;
- ұлттық мазмұны бар есептер шартында республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуы туралы нақты статистикалық деректер пайдаланылуы тиіс;
- ұлттық мазмұны бар есептер шартында алгоритм мен программа құруды жеңілдетуге мүмкіндік беретін әдеттегі күнделікті және өмірлік жағдайлар болуы тиіс.

Демек, оқушылар ұлттық мазмұнды есептерді шығара отырып, оларға алгоритм мен программа құру - бұл оқушылардың ойлау қабілетін тереңдетіп, логикасын жетілдіріп, жылдам ойлауға, алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелей отырып, халқымыздың өткен тарихына көз жүгіртеді. Ұлттық мазмұнды есептерге алгоритм және программа құру - мұғалім оқушының терең ойлау әрекетін жандандыруға арналған әдістемелік тәсіл ретінде қолданады. Жаңа тақырыпты түсіндіру, бекіту, қайталау, есте сақтау жаттығуларын орындау және сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыру барысында ұлттық мазмұнды есептер жүйесі өтілетін тақырыпқа және жас ерекшелігіне сәйкес сұрыпталуы қажет.

Жас ұрпаққа жан-жақты білім беру әрбір ұстаздың басты міндеті. Қай әдісті пайдалансақ та алға қойған мақсат біреу. Ол оқу бағдарламасының материалдық мазмұнын оқушы бойына сіңіру, бірақ оған барар жол әркім үшін әртүрлі. Осы жерде Абай атамыздың «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы» деген сөздері еске түседі. Себебі оқушыларымызға ұсынар оқыту әдіс-тәсілдеріміз олардың көңілдеріне қонымды, ойларынан шыққаны тиімдірек деп ойлаймыз. Бүгінгі заманауи мектептердің негізгі міндеті оқушының жеке басының қалыптасуын, оның қабілетінің ашылуын, оқуға деген қызығушылығын арттыру арқылы бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушы оқу міндеттеріне сай өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалануға, өз әрекетін қадағалауға, бағалауға, өзін-өзі басқаруға дағдыланады.

Ұлттық мазмұнды есепке мысал қарастырайық. Мысалы, *Жылқыға жем беру* есебі. Бір малшы алты жылқысына күн сайын он қадақ сұлы беріп жүреді. Жем жылқының жасына қарай бөлінеді: биеге - үш қадақ, құлындарына - екі қадақ, ал тай басына бір қадақтан береді. Мал иесі алыстан үйіне келіп қонақ болып отырған жекжатына әңгіме арасында өзінің осы тіршілігін айтып қалады. «Сонда бие нешеу, құнан нешеу, тай нешеу болғаны?» - деп, қонақ жылқы санын іштей есептеуге көшіпті [10].

Си программалау тілінде табылған жылқы санының дұрыстығын есептейтін программа құрайық.

```
#include <vcl.h>
#include <iostream.h>
#pragma hdrstop
#pragma argsused
int main(int argc, char* argv[])
{
int x,y,z,s=10,k=6;
cout<<"zhilkinin sanin engiz=";
cin>>x;
cout<<"kulindardin sanin engiz=";
cin>>y;
cout<<"tailardin sanin engiz=";
cin>>z;
if ((x+y+z==k)&&(x*3+y*2+z*1==s))
{cout<<"duris \n"<<"zhilkinin sani="<<x<<"\n";
cout<<"kulindardin sani="<<y<<"\n";
cout<<"tailardin sani="<<z;} else cout<<"duris emes";
cin>>"";
return 0;
}
```

Есептің программалау тілінде берілуі сурет -1 көрсетілген.



Сурет 1. Жылқыға жем беру есебі

Программаның орындалуы барысында алынған нәтиже сурет-2 көрсетілген.



Сурет 2. Алынған нәтиже

Қорыта келгенде, біздің заманымызда қоғамды дамыту үшін жеке тұлғаның алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашыл, қабілетті маман болу. Осы талапқа сай мамандарды дайындауды мектеп қабырғасынан бастау керектігі белгілі. Осы орайда ұлттық мазмұнды есептер жүйесінің алатын орны зор. Олай болса, ұлттық ерекшеліктерді жастайынан бала бойына сіңіре білсек еліміздің ертеңі ашық, келешегі жарқын да нұрлы болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасы білім берудің барлық деңгейіндегі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты //ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 Қаулысымен бекітілген.- Астана, 2018.

2 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». 2018 жылғы 10 қаңтар.

4 Толлингерова Д., Голоушова Д., Канторкова Т.К. Психология проектирования умственного развития детей. М. Прага. 1994. С. 47

5 Ошанова Н.Т., Ануарбекова Г.Ж. Негізгі мектепте алгоритмдер мен программалауды оқытуда ұлттық ерекшеліктер негізіндегі есептердің алатын орны // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдығына арналған «Математикалық модельдеу мен ақпараттық технологиялар білімде және ғылымда» VIII халықаралық ғылыми–әдістемелік конференция материалдары, - Алматы, -2018. Б290-294

6 Понятийный аппарат педагогики и образования: Сб. науч. тр. / Отв. ред. Е.В. Ткаченко. Вып. 2. Екатеринбург: Издательство «СВ-96», 1996. 340 с.

7 Ошанова Н.Т., Ануарбекова Г.Ж. Ұлттық ерекшеліктер негізінде алгоритмдеу мен программалауды оқытудың жолдары// «Интелектуалдық ақпарттық және коммуникациялық технологиялар – «Қазақстан-2050» стратегиясы аясында үшінші индустриалды революцияны жүзеге асырудың құралы» атты V халықаралықғылыми –практикалық конференция еңбектері. – Астана, -2018. Б163-166

8 Сәдуақасов Ә. Қазақ мектептерінің оқу – тәрбие процесінде халық педагогикасы дәстүрлерін пайдалануды ұйымдастыру шарттары: пед.ғыл.канд. ...диссерт. – Алматы, 2004. – 178 б.

9 Байбақтина А.Т. Болашақ информатика оқытушыларына программалау негіздерін оқытуды жобалар әдісі бойынша жетілдіру: пед.ғыл.канд. ... диссерт. – Алматы, 2007. – 125 б.

10 Елубаев С. Қазақтың байырғы қара есептері. Алматы:Қазақстан, 1996.-38 бет

11 Корощенко, Н. А. Этнографическое региональное содержание как фактор формирования творческой активности учащихся в процессе обучения математике [Электронный ресурс] / Н. А. Корощенко, Т. И. Кушнир // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 6 – С. 504-508

12 Якшин, Е. И. Преподавание математики в условиях национальных школ Ханты-Мансийского автономного округа (На примере 5-6-х классов) [Текст] : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02 / Якшин Евгений Иванович; Новосиб. гос. пед. ун-т. – Новосибирск, 2000. – 150 с.

13 Монгуш, А. С. Использование прикладных задач с национально-региональным содержанием как фактор повышения качества математических знаний учащихся 5-9 классов: На примере Республики Тыва [Текст] : дис. ... канд. пед. наук : 13.00.02 / Айлана Севеновна Монгуш. – Новосибирск, 2002. – 151 с.

14 Балашов, Ю.В. Организация процесса обучения математике учащихся 5-6 классов национальных школ Севера с учетом их этнопсихологических особенностей: (на примере национальных школ Ханты-Мансийского автономного округа) [Текст] : дисс. ... кан. пед. наук : 13.00.02 / Балашов Юрий Викторович; Омский государственный педагогический университет. – Омск, 2011. – 187 с.

МРНТИ 14.25.09
УДК 373.1

А.Е. Сагимбаева[1], С. Авдарсоль[1]

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

КРИТЕРИАЛДЫ ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ ИНФОРМАТИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада критериалды тәсіл негізінде информатикадан оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін қолдану ерекшеліктері анықталады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында пәнді ғана меңгертіп ғана қоймай, оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға баса назар аударылады. Бұл ерекшеліктер тек оқушы үшін ғана емес, пән мұғалімі үшін де жан-жақты ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Сондықтан да оқушының білімін бағалауда пән бойынша бағдарлама мазмұны мен оқыту мақсатына сәйкес бағалау тапсырмасын құру күрделі мәселелердің бірі. Тапсырма түрін таңдау, бағалау тәсілін анықтау, сапалы тапсырма құру деген мәселелер жиі кездеседі.

Сондықтанда Білім беру үдерісіндегі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістемесі жасөспірімдер жасындағы ерекшеліктерін ескере отырып, Информатика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда деңгейлік тапсырмаларды құрастыру арқылы сабақтың тиімділігін арттыруда тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқытуды жүзеге асыру мүмкіндіктері анықталады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар құрастыру арқылы оқушылардың оқу қызметін бағалау жүйесі оқушының дамуына, оның қызығушылығын, ынтасын арттыруға бағытталған бағалау мүмкіндіктері қарастырылады.

Түйін сөздер: критериалды тәсіл, функционалды сауаттылық, цифрлық технологиялар, деңгейлік тапсырмалар, бағалау, құзыреттілік.

Аннотация

А.Е. Сагимбаева[1], С. Авдарсоль[1]
[1] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

ОЦЕНКА ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПО ИНФОРМАТИКЕ НА ОСНОВЕ КРИТЕРИАЛЬНОГО ПОДХОДА

В статье определяются особенности применения системы оценки функциональной грамотности учащихся по информатике на основе критериального подхода. В обновленной образовательной программе особое внимание уделяется не только изучению предмета, но и формированию функциональной грамотности учащихся. Эти особенности требуют всестороннего поиска, творчества не только для учащегося, но и для учителя-предметника. Поэтому одной из серьезных проблем при оценке знаний учащихся является разработка заданий в соответствии с содержанием программы и целями обучения по предмету . Часто возникают вопросы выбора типа задания, определения способа оценки, создания качественных заданий.

При формировании функциональной грамотности учащихся по информатике определяются возможности реализации повышения эффективности урока путем формирования уровневых заданий. Для повышения функциональной грамотности учащихся посредством составления заданий различного уровня рассматривается система оценивания учебной деятельности учащихся, ориентированная на развитие ученика, повышение его интереса.

Ключевые слова: критериальный подход, функциональная грамотность, цифровые технологии, уровневые задания, оценивание, компетентность.

Abstract

ASSESSMENT OF STUDENTS ' FUNCTIONAL LITERACY IN COMPUTER SCIENCE BASED ON A CRITERIA-BASED APPROACH

Sagimbayeva A.E.[1] , AvdarsolS. [1]
[1] Abai University, Almaty, Kazakhstan

The article identifies the features of the application of the system of assessing functional literacy of students in computer science based on a criteria-based approach. In the updated educational program, special attention is paid not only to the study of the subject, but also to the formation of functional literacy of students. These features require a comprehensive search, creativity not only for the student, but also for the subject teacher. Therefore, one of the serious problems in assessing students' knowledge is the development of tasks in accordance with the content of the program and the objectives of training in the subject.

Often there are questions of choosing the type of task, determining the method of assessment, creating quality tasks. In the formation of students' functional literacy in computer science, the possibilities of implementing developmental learning using the system of tasks of various levels developed on the topic of improving the effectiveness of the lesson are identified, therefore, the methodology for the formation of functional literacy in the educational process, taking into account the characteristics of adolescence, determines the possibility of implementing developmental learning. To increase the functional literacy of students through the preparation of tasks of various levels, a system for assessing the educational activity of students, focused on the development of the student, increasing his interest, is considered.

Keywords: criteria approach, functional literacy, digital technologies, level tasks, assessment, competence.

Қазіргі кезде орта білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім беру мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қамтамасыз ететін дағдылардың кең ауқымын дамытудың үздік халықаралық тәжірибесіне бағытталып, оқушылардың функционалдық сауаттылығы пен олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық қоғамның үздіксіз дамуы жағдайында әрбір қоғам мүшесі ақпараттық технологияларды жете меңгеріп, оны өз қажеттіліктеріне қарай ұтымды пайдалана білуін қамтамасыз етуде, оқушылардың функционалдық сауатылығының компоненттері болып табылатын ақпараттық мәдениетті қалыптастыруда, сонымен қатар, ақпараттық және технологиялық құзыреттіліктерді қалыптастыруда информатика пәнінің рөлі зор екендігі белгілі [1]. Құзыреттілік тәсіл шеңберінде оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейі қоғамда қабылданған нормалар, ережелер, нұсқаулықтар бойынша әрекет ету біліктілігінің қалыптасуын көрсетеді, соынмен қатар әлеуметтік функцияларды іске асыруға байланысты стандартты және стандартты емес өмірлік міндеттерді шешу қабілеттілігімен сипатталады.

Функционалдық сауаттылық – адамның, қоғамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті және өзгермелі жағдайларға тез бейімделе білу.

Функционалдық сауаттылық білім берудің көп жоспарлы адам қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарының тәсілі ретінде кеңірек анықтауда.

Сондықтан да, бүгінгі мектеп бітіруші түлек:

- өзгермелі өмірлік жағдайларда икемді бейімделу,
- қажетті білімді өз бетінше алу;
- ақпаратпен сауатты жұмыс істеу;
- өз бетінше сыни ойлау;
- олар алған білімдерін қоршаған ортада қолдануға болатынын нақты түсіну;

-жаңа идеяларды қалыптастыра алатын, шығармашылықпен ойлайтын, түрлі әлеуметтік топтарда қарым-қатынас жасай алуы қажет.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын табысты дамытуда информатика сабақтарында негізгі пәндік құзыреттілікті қалыптастыруда келесі шарттарды сақтау қажет:

- оқу үдерісінде АКТ-ны қолдануда оқушының дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға бағытталған;
- информатика сабағында оқыту іс-әрекет сипатында болуы тиіс;
- мақсатқа жету тәжірибесін алуға мүмкіндік беріледі;
- білім мен оқу-жаттығуларды бағалау ережелері айқын болуы тиіс;
- топтық жұмыстың нәтижелі формалары қолданылады;
- ұжымды оқытудың алдыңғы формаларынан әрбір оқушының жеке білім траекториясын жүзеге асыруға, сондай-ақ жобалық қызметті пайдалануға көшуді қамтамасыз ету [2].

Қазіргі заманауи цифрлық технологиялардың даму қарқынына сай функционалдық сауаттылықта компьютерлік сауаттылықпен қатар дамиды. Сондықтан:

- компьютердің негізгі құрылғыларының мақсаты мен пайдаланушылық сипаттамаларын білу.
- Бағдарламалық қамтамасыз ету түрлерін білу.
- Пайдаланушы интерфейстерін білу.

-Тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен әртүрлі ақпарат түрлерін іздестіруді, сақтауды, өңдеуді жүргізе білу қажет.

Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін критерийлік тапсырмалардың мынадай түрлерін берген жөн:

- Оқушының әлеуетіне сәйкес келетін, тұлғаның әрі қарай дамуын және өздігінен білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім деңгейіне қол жеткізу.
- Әрбір оқушы АКТ құралдарымен өз қабілеттерін іске асыруда шығармашылық тәжірибесін қалыптастыру.
- Оқушылардың өзара қарым-қатынас тәжірибесін жинақтау.

Критериалды бағалау критериалды тәсілге негізделген - оқушының күтілетін оқу нәтижелеріне жеке көзқарасының деңгейін анықтайды. Критериалды бағалаудағы бағалаудың объективтілігі дескрипторлармен расталады, олардың құрылуына оқушылар қатысады, бағалауды модерациялау, талқылау және салыстыру. Жаңа бағалау жүйесі оқушыға тек оқу үрдісінде ғана емес, сонымен қатар оқу нәтижелерін бағалауда да белсенді болуға мүмкіндік береді. Критериалды бағалау жүйесі мұғалімге оқушылардың жетістіктеріне назар аудара отырып, өсу бағыттарын ескере отырып, әлі де нені үйренуге болатынын атап өтуге мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде «оқыту сапасы» ұғымының мәні бізге қарағанда басқаша түсініледі және мақсаттардың таксономиясы негізінде анықталған нақты критерийлер бойынша бағаланады.

Оқыту сапасы дегеніміз – мақсаттар мен оқу нәтижелерінің арақатынасы, бұл ретте мақсат тек оқушының жақын даму аймағында операционалды және жинақталған. Яғни, егер нәтижелер диагностикалық берілген мақсаттарға сәйкес келсе және білім алушының әлеуетті даму аймағын қамтитын болса, оқыту сапалы деп танылады. Оқыту мақсаттарын операционалды (диагностикалық) қою мақсаты дәл өлшеуге және тануға болатын оқушылардың іс-әрекеттерінде көрсетілген оқыту нәтижелері арқылы қалыптасатынымен сипатталады. Мұндай қасиеттерге ие мақсаттардың ең танымал жүйесі Б.Блумның оқыту мақсаттарының таксономиясы болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде бұл жүйе негізінен оқытуды жоспарлау және оның нәтижелерін критериалды бағалау кезінде қолданылады.

Блум таксономиясының алты негізгі сатысын шеберлік пен қабілеттің иерархиясын, оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар деңгейі ретінде қарастыруға болады. Мұнда «тапсырма» сөзі кең мағынада қолданылады – бұл мұғалім, жаттығу, есептер, жоба және т. б. сұрақ болуы мүмкін. Сонымен қатар, «Білу» және «түсіну» деңгейлерінде оқыту үстірт оқытуға әкелетіндіктен, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін мұғалімдер жоғары деңгейлі ойлауды қажет ететін тапсырмаларды - «қолдану», «талдау», «синтез» және «бағалау» деңгейлерін ұсынуы керек.

Осылайша, таксономия деңгейлерінің сипаттамасы дамыту тапсырмаларын әзірлеу алгоритмі бола алады. Оқыту мақсаттарын операционалды қою да дамытушылық оқытуды ұйымдастыру мен өткізудің, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың, сондай-ақ оқушылардың білімін бағалаудың критериалды жүйесін практикаға енгізудің қажетті шарты болып табылады деп айтуға болады.

Б. Блумның идеясын дамыта отырып, әдістемелік жүйенің басқа элементтері үшін мақсаттардың таксономиясына қатысты дидактикалық матрица білімділік (жазықтық) дидактикадан үш өлшемді конструктивтік кезеңге өту жолын айқын көрсетеді. Қазіргі заманғы дидактика үш өлшемді, «биіктік» дамуын, «кеңістікті» оқушылар үшін іздеу мен зерттеуді қамтамасыз ететін болуы тиіс. Логикалық тізбек: дидактикалық матрица-үш өлшемді әдістемелік жүйе-үш өлшемді дидактика – «білім=оқыту» парадигмасынан «білім=қалыптасу» парадигмасына өтудің ең пәрменді механизмі болып табылады.

Оқытудың парадигмасы тұлғалық іс-әрекет тәсіл ретінде таңдалғандықтан, үш өлшемді әдістемелік жүйенің әрбір деңгейінің мазмұны оқушылардың өзіндік танымдық қызметін дамытатын қажетті көп деңгейлі тапсырмалар түрінде қалыптасады.

Олар:

- оқыту мақсаттарының таксономиясының сипаттамасы;
- тиісті деңгейдің негізгі қасиеттерінің маңызды сипаттамасы;
- үш өлшемді әдістемелік жүйенің меңгеру деңгейлеріне қойылатын талаптар негізінде әзірленеді.

Бұл оқыту технологиясы арқылы әдістемелік жүйені меңгерудің үш деңгейін анықтауға болады. Олар мынадай:

1 - ші деңгей - репродуктивті. Мұнда жаттап алуға ыңғайлы анықтамалар, тұжырымдамалар, ережелер т.б., сонымен қатар, алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімді қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар, тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді, өмірмен байланысты жағдаятты тапсырмалар болуы қажет.

2 - ші деңгей - алгоритмдік. Бұрын игерілген, репродуктивті, алгоритмдік әсерді қолдану. Оқушылар оны өз бетінше жаңғыртып, осы әрекетті орындаудың бұрын игерілген бағдарлы негізі туралы ақпаратты қолдана отырып жүзеге асырады.

3-ші деңгей - шығармашылық. Типтік емес есептерді шешу үшін бұрын меңгерген білімді, дағдыны қолдану. Бұл – нәтижелі әрекет, оның барысында оқушылар немесе субъективті жаңа ақпаратты (тек өзі үшін жаңа) - эвристикалық белсенділік, немесе олар «ережесіз» әрекет еткен кезде объективті жаңа, бірақ олар өздері білетін салада әр түрлі іс-қимыл ережелерін жасайды, яғни, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді [3].

Информатика сабағында тапсырма құрастыруда сәйкес меңгеру деңгейлері түрінде анықталады. Бұл жағдай оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі:

а) алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;

ә) оқу үдерісін жарыс түрінде ұйымдастырылуы;

б) бағалаудың жетелеушілік қасиеті;

в) деңгейлік тапсырмаларды қолдануға ыңғайлы жағдайлар жасалуы, т.б. себептерге байланысты оқушының оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды.

Сабақты меңгерудің әр деңгейіне өткен сайын ынта, мотив, белсенділік, білік, дағды өсіп отырады. Сондықтан деңгейлік тапсырмалар оқу үдерісіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге, білім сапасын көтеруге мүмкіндік туады.

Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан I деңгей тапсырмаларын орындайды. I деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына сәйкес келеді. Әрбір оқушы I деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осыған байланысты «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмау мүмкін. I деңгей тапсырмаларын орындай алмаған жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға мүмкіндік беріледі.

I–деңгейдегі тапсырмалар:

1) жеңіл тапсырмалар орындауға лайықталған болуы;

2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік берілуі;

3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін өмірмен байланысты болуы керек;

II – деңгейдегі тапсырмалар:

1) өтіп кеткен материалдарды жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, сәл күрделі бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.

2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда күнделікті өмірде қолданатын ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп тапсырмалар құрастырылу қажет.

III – деңгейдегі тапсырмалар:

1) танымдық – іздену түрдегі күрделі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс;

2) әртүрлі әдіс, тәсілдермен орындалатын күрделі тапсырмалар

3) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірбиесін қолданып қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, өздігімен құрастыру және оны өздігімен шығаруға бағытталған, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын күрделі тапсырмалар болады.

Демек, бұл тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тиімді бағалау – сапалы білім мен нәтижеге қол жеткізудің басты шарты болып табылады.

Оқу жетістіктерін бағалауда қолдану оқушылардың оқылатын материалды саналы меңгеруін қалыптастырады, оларға өзіне, өз білімі мен шеберлігіне сенімділік береді, оқу тапсырмасын орындауға көмектеседі. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау критерийлері. Критериалды тәсілді қолдану арқылы оқушыларды ынталандыру[4].

Бағалау критерийлері оқу пәні бойынша стандарт талаптарын, әдістемелік ұсынымдарды ескере отырып әзірленеді. Өлшемдер абсолютті болып табылмайды, ұқсас қызмет түрлерін бағалау білім алушылардың жасын ескере отырып өзгереді. Төменде оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалаудағы критерий мысалдары берілген.

Информатиканы оқытуда құзыреттілік тәсілді іске асыру үшін қажет:

- «өмірде қолданатын құбылыстармен объектілерді қай жерден кездестересіз?», «Өмірде бұл білім мен іскерліктерді қайда пайдаланады?» түрді үнемі сұрақ қою;
- сабаққа құзыреттілікпен тапсырмаларды жүйелі түрде енгізу;
- зерттелген материалды жалпылау кезеңінде біріктірілген есептерді қолдану;
- оқу жобаларымен жұмысты қарастыру.

Информатика пәнінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда өмірлік жағдаяттық тапсырмаларды жасауды қарастырайық:

Мысалы:

1 деңгей:

«Компьютерлік жүйелер» бөлімі

Тақырыбы: «Ақпаратты өлшеу және компьютерлік жады» (7 сынып)

Тапсырма: Әділет 7 сынып оқушысы. Ол өте жұмыскер, әр түрлі курстар мен үйірмелерге қатысады, электронды кітаптарды оқығанды ұнатады, Интернет пайдаланушысы болып табылады, өз блогын жүргізеді және әлеуметтік желілер арқылы әртүрлі қалалар мен елдердің достарымен қарым-қатынас жасайды. Әділет әдебиетті жақсы көреді, шығармалар жазады, мектеп газетінде мақалалары жарияланады. Ол жаңа кітап оқыды. Кітап 100 беттен тұрады. Әрбір бет 60 жолдан, әр жол 80 символдан тұрады. Кітаптың ақпараттық көлемін анықтауға көмектесіңіз.

Шешімі ____

Түсіндіруі ____

2 деңгей:

Тапсырма: Бояғышты 65 536 түсті қамтитын түрлі түсті растралық графикалық сурет 100х100 нүкте (пиксель) өлшеміне ие. Бұл суретті BMP форматында компьютердің бейне жады қандай көлемде алады?

1.Бейне жады қанша көлем алатының анықтаңыз.

__________КБ=________________байт

__________байт=________________Мбайт

__________Мбайт=________________Гбайт

2. Ақпаратты өлшеу бірліктерін кестеге өсу ретімен орналастырыңыз.

Терабайт, килобит, мегабайт, гигабайт, килобайт, байт, бит.

1.	5.
2.	6.
3.	7.
4.	

3 деңгей:

Тапсырма:

Велокросста 119 спортшы қатысады. Арнайы құрылғы әрбір қатысушы үшін бірдей биттердің ең аз ықтимал санын пайдалана отырып, оның нөмірін жазып, аралық фиништың өтуін тіркейді. 70 велосипедші аралық мәреден кейін құрылғымен жазылған хабарламаның ақпараттық көлемі қандай?

1. Ақпараттың көлемін анықтаңыз.

Ақпаратты өлшеу бірліктері	**Шешімі**	**Түсіндіру**
Бит		
Байт		
килобайт		

2. Өлшеуге арналған аспаптар берілген, ақпаратты өлшеу бірліктерін анықтап зерттеу жүргізіңіз.

Миллиметр	Грамм	Секунд	
Сантиметр	Килограм	Минут	
Метр	Центнер	Тәулік	
Километр	Тонна	Сағат	




Деңгейлік тапсырмаларды бағалау критерийлері:

№	*Бағалау критерийі*	*Дескриптор*	*Тапсырма деңгейінің күрделілігі*		
			1 деңгей	*2 деңгей*	*3 деңгей*
1	*Ақпарат ұғымы мен түрлерін анықтайды*	*Ақпараттың көлемін анықтайды;*	*0-3*		
2	*Ақпарат қасиеттерін сипаттайды*	*Құжаттың көлемін анықтайды;* *Ақпаратты өлшеу бірліктерін талдайды.*		*0-3*	
3	*Ақпарат қасиеттерін анықтаудың қажеттілігін дәлелдейд.*	*Сандық мәндерді ақпараттың бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірлігіне аударады.* *Ақпарат сақталған түрлі пішімдегі файлдардың өлшемдерін зерттеп дәлелдейді.*			*0-3*
					Жалпы балл - 9

Ескерту: 0 тапсырманы орындамады, 1 балл – тапсырманы орындаған төменгі деңгейі, 2 балл - тапсырманы орындаған орта деңгейі, 3 балл-тапсырманы орындаған жоғары деңгейі. Бір тапсырманы орындау үшін максималды баға 9 балл. Қорыта айтқанда деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың тиімділігі өтілген материалды толық меңгереді, өйткені сабақты қайталап, пысықтап отырады, тақырыпқа байланысты оқулықта берілген тапсырмалар мен қосымша берілген тапсырмаларды толығымен орындайды, оқушы өзін-өзі тексерумен қатар өзінің жіберген қателерін біліп, талдау жұмыстарын жүргізумен қатар, білім сапасы тексеріп, алған білімдерінің нәтижесі айқын көріп тұрады, ойлау қабілетін арттыратын тапсырмаларды орындайды.

Осылайша, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру-бұл күрделі, көпжақты, ұзақ үдеріс. Қажетті нәтижелерге өз жұмысында әртүрлі заманауи білім беру педагогикалық технологияларын шебер, сауатты үйлестіре отырып ғана қол жеткізуге болады. Ал оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ерекшеліктерін және оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелерін ескере отырып әзірленетін, нәтижелі болатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сағымбаева А.Е., Заславская О.Ю., Авдарсоль С. Критериальный подход к оцениванию учебных достижений в Республике Казахстан // Сборник XI Международной научно-практической конференции Шамовские педагогические чтения научной школы Управления образовательными системами «Современные векторы развития образования: актуальные проблемы и перспективные решения». Сборник статей XI Международной научно-практической конференции. В 3-х частях. –Москва, 2019. С. 515-519.

2 Авдарсоль С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы критериалды бағалаудың рөлі. //Вестник-Хабаршы, №2 (62), Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы. 2018. Б 181-187.

3 Караев Ж.А. Трехмерная методическая система обучения – основа формирования функциональной грамотности учащихся // Международный журнал экспериментального образования. 2013. № 11-2. С. 19-25;

4 Басова Е.А. Формирование у подростков функциональной грамотности в сфере коммуникации (на материале гуманитарных предметов): дис. ... канд. пед. наук / Е.А. Басова. – СПб., 2012. – 221 с.

МРНТИ 20.01.45
УДК 004

А.Е. Сағымбаева[1], Н.А. Ниетбаева[1]

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПТЕ ПРОГРАММАЛАУ НЕГІЗДЕРІН ҚОСЫМША ОҚЫТУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада орта білім беру, негізгі орта білім беру және бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұн бойынша типтік оқу бағдарламасы қарастырылған. «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» және «Информатика» пәндері бойынша оқу бағдарламасының «Компьютерлік ойлау» тарауында берілген алгоритмдер мен программалау тақырыптарына талдау жасалған. Аталған тарауларда алгоритмдерді, алгоритмдік құрылымдарды қарастырумен және программалау тілінде қарапайым алгоритмдерді жүзеге асырумен ғана шектелгендігі. Оқушыларды программалауға, оның ішінде қазіргі заманғы программалау технологияларына тереңдетіп оқыту үшін қосымша білім беру шарттарын қолданылуы керектігі туралы айтылған. Қосымша білім беру мекемелері орта мектеп буынының оқушыларына программалауды оқытуды қарастыра отырып, программалауды оқытуды ұйымдастыру кезінде негізгі орта білім берудің оқу бағдарламасының құрылымында іске асыру мүмкін емес бірқатар проблемалар бар екендігі туралы мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: жаңартылған мазмұн, оқу бағдарламасы, программалау, программалау тілі, қосымша білім беру, оқушылар.

Аннотация

А.Е. Сагимбаева[1], Н.А. Ниетбаева[1]

[1] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

НЕОБХОДИМОСТЬ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ ОСНОВАМ ПРОГРАММИРОВАНИЯ В ШКОЛЕ

В статье рассмотрены типовые учебные программы уровня основного среднего образования и начального образования по обновленному содержанию. По предметам «Информационно - коммуникационные технологии» и «Информатика» проведен анализ содержания тем «Алгоритмы и программирование» раздела учебной программы «Компьютерное мышление». В данных разделах ограничено лишь рассмотрением алгоритмов, алгоритмических структур и реализацией простых алгоритмов на языке программирования. Было отмечено, что для углубленного обучения учащихся программированию, в том числе современным технологиям программирования, должны применяться дополнительные образовательные условия. При организации обучения программированию учащихся среднего звена учреждений дополнительного образования представлена информация о наличии ряда проблем, реализация которых невозможна в структуре учебной программы основного среднего образования при организации обучения программированию.

Ключевые слова: обновленное содержание, учебная программа, программирование, язык программирования, дополнительное образование, учащиеся.

Abstract

THE NEED FOR ADDITIONAL TRAINING IN THE BASICS OF PROGRAMMING IN SCHOOL

SagimbayevaA.E. [1], Nietbaeva[1] N.A.

[1]The Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article considers a typical curriculum for the updated content of secondary education, basic secondary education and primary education. The subject "ICT" and "computer science" the analysis on "Algorithms and programming" in the "Computer thinking" curriculum. In these sections is limited only by consideration of algorithms, algorithmic structures and implementation of simple algorithms in a programming language, should apply the conditions of additional education for advanced training students programming, including modern technologies of programming, providing programming training of students of middle level institutions of additional education, the organization of teaching programming presents information about the presence in the structure of curricula of basic secondary education of a number of problems, the implementation of which is impossible.

Keywords: updated content, curriculum, Programming, programming language, additional education, students.

2017 жылы елімізде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы цифрлық технологияларды пайдаланып, еліміздегі әрбір қоғам мүшесінің тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды да, кешенді бағдарлама болып табылады. Аталған бағдарламның «Адами капиталды дамыту» атты бөлімінде орта мектептердің бастауыш сыныптарына программалау негіздерін енгізу, сонымен қатар, Java, C, Python, Rust және т.б. программалау тілдерін пайдалану арқылы мектептегі «Информатика» пәнінің мазмұнын жаңарту деп атап көрсетілген [1].

Осыған орай, қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектептердің білім беру бағдарламаларына ғылыми, технологиялық, инженерлік және математикалық бағыттағы оқу пәндері белсенді түрде енгізілуде. Сонымен қатар, оқушыларды программалау негіздеріне оқыту қажеттілігі туралы мәселе ғылыми және ғылыми әдістемелік әдебиеттерде бірнеше жылдан бері ғалымдар, мұғалімдер және ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар арасында жан-жақты талқылануда.

Әлем елдері сияқты, Қазақстанда да қолданбалы ғылыми пән ретінде программалауға және орта мектепте оқушыларды программалауға оқыту мәселесіне қоғамның қызығушылығының айтарлықтай өсуі байқалады. Сонымен қатар, программалау үдерісі оқушылардың ойлау қызметімен байланысты. Программалау оқушылардың өз білімдерін жүйелеуге, оларды накты міндеттерді шешуде қолдануға, алған нәтижелерді бағалауға және талдауға, оның алдында тұрған міндеттерді ескере отырып және шешім қабылдаудың ықтимал салдарларын қадағалай отырып, ойлаудың операциялық стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді [2]. Қазіргі уақытта ойлаудың операциялық компоненті талдау, жинақтау, салыстыру, қорыту, жіктеу және жүйелеуден тұратын ойлау амалдарының жиынтығы болып табылады.

Оқушының операциялық ойлау стилін қалыптастыруға дайындығы 11-12 жас аралығында қаланады. Пиаженің тұжырымдамасына сәйкес, дәл осы жаста оқушы формальды операциялардың даму сатысына кіреді және оның ойлау үдерісінің айтарлықтай өзгеруі, жүйеленуі және формальдануы байқалады [3].

Формальды операциялар деңгейінде ойлау болжамын қалыптастыру, тексеру және бағалау қабілетін талап етеді. Кейбір жасөспірімдер мен ересектер өздерінің зияткерлік қабілеттерінің шектелуіне немесе дамуына байланысты формальды операциялардың жоғарғы сатысына жете алмайды. Алгоритмдер мен программаларды дайындау ойлаудың осы даму сатысына кіруге көмектеседі, өйткені бұл ретте жобаларды ұсыну, оларды зерттеу және тәжірибелік тексеруді жүзеге асыру біліктілігі қалыптасады.

Сонымен қатар, М.А. Лукоянованың пікірі бойынша тапсырмаларды орындау және программаларды ретке келтіру кезінде бастама (жаңа ақпаратты өз бетімен табуға ұмтылу), өзін-өзі реттеу (өз зияткерлік қызметін еркін басқара білу, басталған әрекетті аяғына дейін жеткізу, басталған өзін-өзі оқыту үдерісін мақсатты түрде құру), құзыреттілік (осы пәндік қызмет саласында тиімді шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін білімді ұйымдастыру түрі), шығармашылық (өнімді бірегей идеяларды тудыру қабілеті) және ақыл қоймасының бірегейлігі дамиды (болып жатқан адамға жеке-өзіндік қатынас тәсілдері) [4].

Программалауды меңгере отырып, оқушылар компьютер жұмысының мәнін, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін жақсы түсінеді. Программалау оқушыларға ойлау дағдыларын, сондай-ақ ұқыпты жұмыс істеу әдетін дамытуға көмектеседі. Еліміздегі жалпы білім беретін мектептерде информатиканы оқытудың курсы негізгі орта білім беру деңгейде бес жылды және жалпы орта білім беру деңгейінде екі жылды құрайды.

Жаңартылған білім мазмұны аясында 2018 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептің 3-сыныптарында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқтыла бастады.

Ал, 2020 жылдан бастап «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні 1-сыныптан бастап енгізіледі деп жоспарлануда. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту мақсаттарының жүйесі 1-сыныптан бастап алгоритм және орындаушымен таныстыруды көздейді. Бұл мақсат үшін осы жастағы оқушыларға арналған білім беру роботтары, конструкторлық жинақтар және ашық білім беру сандық ресурстары сияқты қолжетімді құралдар мен тәсілдер пайдаланылады [5].

Негізгі орта білім деңгейінде жаңартылған мазмұндағы «Информатика» пәнінен оқу бағдарламасы: «Компьютерлік жүйелер», «Ақпараттық процестер», «Компьютерлік ойлау» және «Денсаулық пен қауіпсіздік» бөлімдерін қамтиды [6].

«Компьютерлік ойлау» бөлімінде алгоритмдерді, алгоритмдік құрылымдарды қарастырумен және программалау тілінде қарапайым алгоритмдерді жүзеге асырумен ғана шектеледі.

Негізгі ұсынылған жаңартылған мазмұнды оқу бағдарламасының «Компьютерлік ойлау» бөлімдерінің мазмұнын салыстырмалы талдау кестеде келтірілген (1-кесте).

3-4 сыныптарға арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен оқу жылында 34 сағат, оның ішінде Алгоритмдер және программалау бөліміне 8 сағат бөлінген. «Информатика» пәнінен 5-сыныпқа оқу жылына 34 сағат, оның ішінде Алгоритмдер, Программалау, Жобаны әзірлеу бөлімдеріне 18 сағат бөлінген. 6 сыныпқа оқу жылына 34 сағат, оның ішінде Компьютерлік ойындарды әзірлеу және Компьютерлік ойындарды құру бөлімдеріне 10 сағат бөлінген. 7-сыныпқа оқу жылына 34 сағат, оның ішінде Шешімдерді программалау бөліміне 10 сағат, 8-сыныпқа оқу жылына 34 сағат, оның ішінде Программалар құрудің кіріктірілген орталары және Программа құрудың кіріктірілген ортасында тапсырмаларды шешу бөлімдеріне 10 сағат, 9-сыныпқа оқу жылына 34 сағат, оның ішінде Деректер ауқымы бөліміне 18 сағат, 10-сыныпқа оқу жылына 68 сағат, оның ішінде Қосымшаларды әзірлеу бөліміне 16 сағаттан бөлінген. Бұдан «Алгоритмдер және программалау» бөлімін оқуға арналған сағат көлемі аталған тақырыптарды мектеп курсында толық көлемде оқуға мүмкіндік бермейтінін байқауға болады.

Кесте 1. «Компьютерлік ойлау» бөлімінің мазмұнын салыстырмалы талдау

Сыныбы	**Қарастырылатын такырыптар**	**Сағат саны**
3-сынып	*Біздің өміріміздің қайталануы; Циклдар; Кейіпкердің қозғалысы; Қарым-қатынас желісі.*	*8 сағат*
4-сынып	*Айнымалылар; Кейіпкердің костюмін өзгерту; Өз ойынының сценарийі; Логикалық операторлар; Салыстыру операторлары; Өз ойыным; Өз ойыным. Жоба құру.*	*8 сағат*
5-сынып	*Алгоритм ұғымы; Алгоритм түрлері; Орындаушылар және олардың командалары; Лабиринт, виртуалды лабиринттен шығу алгоритмін құру; Менің алғашқы программам; Scratch ойын программалау ортасы; Анимациялық графиканы құру; Scratch ойын программалау ортасындағы блоктар; Ойын программалау ортасында нысандар мен оқиғалар анимациясын құру; Жобаға дыбыс әсерлерін қосу; Ойын программалау ортасында диалог құру; Сызықтық тармақталған және циклдық командаларды ойын программалау ортасында қолдану; Жобаның презантациясы; Сызықтық тармақталған және циклдық командаларды ойын программалау ортасында қолдану; Жаңа нысан және костюм құру.*	*18 сағат*
6-сынып	*Ойынның идеясын анықтау; Ойынның сценарийін жасау; Сахна мен кейіпкерлерді бейнелеу; Практикум. Программалаудың ойын ортасында жобаны безендіру; Сценарийді жүзеге асыру; Ойынды дыбыспен сүйемелдеу; Практикум. Түрлі компьютерлік ойындарды құру; Ойынның бастапқы бетін құру; Практикум. Түрлі компьютерлік ойындарды құру.*	*10 сағат*
7-сынып	*Программалау тілдері; Программалау жүйелері; Деректер типтері; Жобаның интерфейсі; Сызықтық алгоритмдерді программалау; Тармақталу алгоритмдерін программалау; Құрамды шарттарды программалау; Кіріктірілген шарттарды программалау; Құрамды шарттарды программалау.*	*10 сағат*
8-сынып	*Программалық қамтамасыз етудің жіктелуі; Программа жасаудың кіріктірілген ортасының құрамдас бөліктері; Таңдау операторы; Параметрлі цикл; Соңғы шартты цикл; Алғы шартты цикл; Жолтарту алгоритмі; Проблеманы анықтау; Алгоритмді құру; Алгоритм құрастыру. Практикум; Алгоритмді программалау; Алгоритмді программалау практикумы; Алгоритмді программалау тестілеу.*	*18 сағат*
9-сынып	*Бірөлшемді массив; Белгіленген сипаттары бар элементті іздеу; Элементтердің орнын ауыстыру; Екіөлшемді массив; Сұрыптау; Элементті жою және кірістіру; PyGame (пайгейм) кітапханасы; PyGame (пайгейм) кітапханасы дайын модульін пайдалану; Артқы фон мен ойын кейіпкерлері; Кейіпкерлерді анимациялау; Шарттарды программалау.*	*18 сағат*
10-сынып	*Пайдаланушы функциялары мен процедуралары. Практикум; Пайдаланушы функциялары мен процедуралары; Пайдаланушы функциялары мен процедуралары. Функциялар; Практикум. Функцияларды пайдаланып, программалау тілінде код жазу; Жолдармен жұмыс жасау; Жолдарды өңдеу; Практикум. Жолдарды өңдеу; Файлдармен жұмыс жасау; Практикум. Ақпаратты оқу және жазу үшін файлдарды пайдалану; Сұрыптау әдістері; Практикум. Сұрыптау әдістері; Графтардағы алгоритмдер; Практикум. Графтардағы алгоритмдер.*	*16 сағат*

Бастауыш және негізгі мектепте «Алгоритмдеу және программалау» базалық курсын білім алушылар бес жыл бойы оқу материалының күрделілігінің өсуімен спиральді оқыту принципі бойынша оқиды, ал курсты одан әрі жалғастыру, оның ішінде бейіндік мектепте (10-11 сынып) «Компьютерлік ойлау» мазмұнын таңдау бойынша жүзеге асырылады. Қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейіндік мектепте білім алушылар пәнді тереңдетіп оқытуды таңдауға құқылы. Жаратылыстану-математикалық бағытты таңдаған бейіндік мектептің білім алушылары программалауды тереңдетіп оқытуды жалғастырады. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламаларына «Алгоритмдеу және программалау» бойынша мазмұнын қосу, компьютерлік ойлауды дамытуға ықпал ететін сандық дағдыларды қалыптастыру бойынша мәселелерді шешуге оң әсер етеді.

Осыдан, нормативтік құжаттарды талдау (орта білім беру, негізгі орта білім және бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұн бойынша типтік оқу бағдарламасы) міндетті «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» және «Информатика» пәндерінде оқушыларды программалауға оқыту алгоритмдерді, алгоритмдік құрылымдарды және программалаудың белгілі бір, көбінесе құрылымдық тілін оқумен шектелетінін көрсетті.

Негізінен мектеп бағдарламалары орта оқушыға есептелген және оқытуды әр оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағдарлай алмайды. Ақпараттық технологиялар арқылы іске асырылатын оқушылардың шығармашылық қабілеті мамандандырылған оқу орындарында немесе қосымша жалпы білім беру бағдарламалары шеңберінде дамуы тиіс.

Қосымша білім беру міндетті білім беруде тақырыптары мүлдем қарастырылмайтын мектеп курсының бөлімдерін тереңдетіп оқыту үшін қарастырылған. Негізгі жалпы білім берудің «Информатика» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндерінде «Компьютерлік ойлау» бөлімдерін оқу алгоритмдердін, алгоритмдік құрылымдарды қарастырумен және программалаудың құрылымдық тілінде қарапайым алгоритмдерді жүзеге асырумен ғана шектеледі. Демек, оқушыларды программалауға, оның ішінде қазіргі заманғы программалау технологияларын тереңдетіп оқытуға баулу үшін қосымша білім беру шарттарын қолданған жөн.

Қосымша білім беру мекемелері орта мектеп буынының оқушыларына программалауды оқытуды қарастыра отырып, программалауды оқытуды ұйымдастыру кезінде негізгі орта білім берудің оқу бағдарламасының құрылымында іске асыру мүмкін емес бірқатар мәселелердің бар екендігі анықталды. Қосымша білім беру мекемелерінде информатиканың базалық курсын оқып-үйрену барысында оқушы үшін анықталған, бірақ ерекшелікке байланысты толық көлемде орындай алмаған білімдер іске асырылуы тиіс [7].

Ғалымдар зерттей келе, оқушының ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру құралдары мен шарттары, мектеп және қосымша білім беру нысандарының мазмұндық және ұйымдастырушылық сабақтастығын негіздейтін және программалау тілін қолдана отырып, практикалық тапсырмаларды шешуде білім алушының жеке іс-әрекетін құруға бағытталған жүйе дайындады.

Бейіналды дайындықты ұйымдастыру үшін қосымша мүмкіндіктер ретінде факультативтер, үйірмелер, клубтар, студияларда қосымша білім беру ресурстарын мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлау, олардың бейінін таңдауға, олардың жеке білім алу мүдделерін қанағаттандыруға «жақындату» мақсатында пайдалану ұсынылады.

Қосымша білім беру жүйесінде мынадай міндеттер жүзеге асырылады: оқушылардың бейініне, жеке ерекшеліктері мен мүдделеріне сәйкес келетін болашақ оқу бейінінің саналы таңдауын қалыптастыру; белгілі бір бейін бойынша оқуға оқу мотивациясының деңгейін арттыруға жоғары мектепте оқу бейіндерін таңдауға бағытталған іс-әрекеттің практикалық тәжірибесін қалыптастыру және т. б. [8].

Қосымша білім беру жүйесінде программалауды оқыту кезінде жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру оқылатын объектілер мен процестерді визуализациялау, ойын және модельдік қосымшаларды құру бойынша оқу жобаларын әзірлеу жолымен оқу мотивациясын арттыру кезінде мүмкін болады. Бұл интеграцияланған визуалды орталарда (Delphi, C++ Builder ,Visual Basic, Visual Studio.Net, Python және т. б.), объектілі-бағдарланған тәсілді іске асыруға және бағдарламалаудың құрылымдық элементтерін визуализациялауға негізделген.

Сонымен қатар, информатика бойынша қосымша білім беру пән бойынша білімді кеңейтуге ықпал етеді, оқушылардың шығармашылық үдеріске деген қызығушылығын арттырады және әртүрлі деңгейдегі білім беретін оқушыларды оқыту жағдайында практикалық міндеттерді өз бетінше шешуге қызығушылығын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. https://digitalkz.kz/kz/razvitie-chelovecheskogo-kapitala/

2 Алексеев А.В. Методическая система организации внеклассных мероприятий по информатике: дисс. ... канд. пед. наук. - Красноярск, 1998. -177 с.

3 Пиаже Ж. Речь и мышление ребёнка, 1966.

4 Лукоянова М.А. Образовательный проект «Школа компьютерной грамотности» - система обучения информатике детей и подростков.// Материалы межрегиональной научно-практической конференции «Молодежь Поволжья: проблемы, перспективы». - Казань, 2001. - с. 167-168.

5 «Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша 1-4-сыныптары үшін жаңартылған мазмұны бойынша бастауыш білім беру деңгейінің типтік оқу бағдарламасы. ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрығы 17.10.2018.№576

6 «Информатика» пәні бойынша 5-9 сыныптар үшін жаңартылған мазмұны бойынша негізгі орта білім типтік оқу бағдарламасы. ҚР білім және ғылым министрлігінің бұйрығы 17.10.2018.№576

7 Петухов А.Ю. Формирование информационной компетенции школьников в системе дополнительного образования на примере «программирования»: дис. ... кандидата педагогических наук. - Бийск, 2006. -127 с.

8 Саблукова Н.Г. Методические подходы к обучению программированию в визуальных средах в условиях дополнительного образования: дис. ... кандидата педагогических наук.- Москва, 2012. – 137 с.

МРНТИ 20.51
УДК 334.012.42:004

А.К. Сарбасова[1]

[1] *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ИНТЕРНЕТ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Ғылыми-техникалық прогрестің дамуы ақпараттық жүйелерді, Интернетті кеңінен таратуға әкеледі, олар соған байланысты жаңа түсініктер мен технологияларды қалыптастырады. Мысалы, электронды коммерция, электрондық коммерция, желілік экономика, интернет-экономика сияқты ұғымдар. Электрондық коммерция бизнесті ұйымдастырудың жаңа түрлерін, сонымен қатар бизнесті жүргізудің жаңа формаларын ұсынады. Ол тікелей пайда алу үшін тауарлар мен қызметтерді сатумен тікелей байланысты шаруашылық операцияларды ғана емес. Көбіне бұл тұжырымдама пайда табуды қолдауды қамтиды: мысалы, тауарлар мен қызметтерге сұранысты құру, сатудан кейінгі қолдау және клиенттерге қызмет көрсету, сонымен қатар іскери серіктестердің өзара әрекеттесуін жеңілдету. Сонымен қатар, электрондық желілердегі коммерциялық белсенділік кейбір физикалық шектеулерді алып тастайды. Интернеттегі компьютерлік жүйелер клиенттерге тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн қызмет көрсете алады. Өнімдерге тапсырыс кез келген уақытта кез келген жерден қабылданады. Бұл мақала Интернет-экономика жұмысына, Қазақстан Республикасындағы цифрландырудың бөлігі болып табылатын электрондық коммерцияның кейбір мәселелеріне арналған. Мұнда Интернет-экономика қағидалары келтірілген

Түйін сөздер: лектрондық коммерция, Интернет-экономика, қағидалар, қызмет ету, ақпараттық жүйелер.

Аннотация

А.К. Сарбасова[1]

[1]*Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

О НЕКОТОРЫХ ПРИНЦИПАХ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ИНТЕРНЕТ-ЭКОНОМИКИ

Развитие научно-технического прогресса ведет к повсеместному распространению информационных систем, Интернет, которые соответственно порождают связанные с ними новые понятия и технологии. Например, такие понятия, как электронная коммерция, электронная торговля, сетевая экономика, Интернет-экономика. Электронная коммерция предлагает новые формы организации предприятий, а также новые формы ведения бизнеса. Она включает в себя не только деловые операции, которые напрямую связаны с куплей-продажей товаров и услуг для непосредственного из влечения прибыли. Часто в это понятие входит и поддержка извлечения прибыли: например, создание спроса на товары и услуги, предложение послепродажной поддержки и обслуживания клиентов, а также облегчение взаимодействия между деловыми партнерами. При этом коммерческая деятельность по электронным сетям снимает некоторые физические ограничения. Компьютерные системы в Интернете способны обеспечивать поддержку клиентов 24 часа в сутки, семь дней в неделю. Заказы на продукцию могут приниматься в любое время из любого места. Статья посвящена работе Интернет-экономики, некоторым вопросам электронной коммерции, которые являются частью проводимой цифровизации на территории Республики Казахстан. Здесь рассмотрены принципы функционирования Интернет-экономики.

Ключевые слова: электронная коммерция, Интернет-экономика, принципы, функционирование, информационные системы.

Abstract

ABOUT SOME PRINCIPLES OF FUNCTIONING OF THE INTERNET ECONOMY

Sarbassova A.K.[1]

[1]*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

The development of scientific and technological progress leads to the widespread dissemination of information systems, the Internet, which accordingly generate new concepts and technologies associated with them. For example, concepts such as e-commerce, e-commerce, network economy, Internet economy. E-commerce offers new forms of business organization, as well as new forms of doing business. It includes not only business operations that are directly related to the sale of goods and services for the direct profit. Often this concept also includes profit-making support: for example, creating demand for goods and services, offering after-sales support and customer service, as well as facilitating interaction between business partners. At the same time, commercial activity on electronic networks removes some physical limitations. Computer systems on the Internet are able to provide customer support 24 hours a day, seven days a week. Orders for products can be accepted at any time from anywhere. This article is devoted to the work of the Internet economy, some issues of electronic commerce, which are part of the ongoing digitalization in the Republic of Kazakhstan. Here are the principles of the Internet economy

Keywords: e-commerce, Internet economy, principles, functioning, information systems

Электрондық коммерция Интернет-экономиканың құрамдас компоненті болып табылады. Бұл – Интернет деп аталатын бірегей жаһандық сатылы ұйымдасқан жүйеге негізделген қарқынды дамушы экономика. «Интернет-экономика» терминіне арнайы әдебиеттерде *Желілік экономика*, *Цифрлық экономика*, *Жаңа Экономика* сияқты синонимдық ұғымдар сәйкес келеді [1, 2]. Бірақ негізінен «Интернет-экономика» терминіне артықшылық беріледі. Келесіде Интернет-экономика жиі қолданылатын терминін пайдаланатын боламыз. Бүгінгі күнде бұл ұғымның әртүрлі түсіндірмесі бар. Ең қолайлысы ретінде келесі анықтаманы айтуға болады.

Интернет-экономика. Интернет-экономика экономикалық субъектілер арасындағы өзара ықпалдың желілік жүйелі ұйымдасқан кеңістік құрылымын білдіреді. Ол жаңа ақпараттық технологиялар және өнімдер, телекоммуникациялық қызметтер, электрондық бизнес, электрондық коммерция, электрондық нарық, телебанкинг, және басқа құрамдас компоненттерден пайдалану және құру индустриясынан тұрады [3]. Интернет-экономикның (желілік экономиканың) пайда болуы көптеген компьютерлердің енгізілуімен ғана емес, ал осы компьютерлердің байланысымен байланысты. Көптеген компьютердің бір бүтін бірігуі арнайы Желіні құрайды. Бұл Желі дәстүрлі экономика үшін сипатты принциптерден айтарлықтай өзгеше принциптер негізінде жұмыс істейді.

Принциптер кез келген ғылым теориясының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. «Принцип – қандайда бір теорияның, ілімнің, бағдарламаның бастапқы, негізгі қалып» [4, с.542]. Бірақ бұл анықтамада «бастапқы қалып» негізінде тұжырымдалған алғашқы мағлұмат көздері жоқ. «Принцип» ұғымының келесі тұжырымдамасы ең ыңғайлы түрде көрсетілген: «принцип – бұл жалпыланған тәжірибеленген мәліметтер, байқаудан табылған көріністер заңдылығы. Сондықтан олардың шындығы тек қана жорамалмен ғана емес, фактілермен ғана байланысты» [5, с.15]. Желілік экономикада компаниялардың тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға байланысты теориялық және әдістемелік мәселелер қатары Интернет-экономиканың жұмыс істеуінің негізгі принциптерін анықтаумен байланысты.

Осындай экономиканың жұмыс істеу принциптерінің мазмұны және құрамын анықтау үшін [3] көңіл бөлу керек.

Оң кері байланыс принципі. Интернет-экономиканың пайда болуы екі негізгі процесстердің резонансі және өзара ықпалды қамтамасыз етумен байланысты, атап айтқанда: чип мөлшерінің кемуімен (және баға төмендеуімен сәйкес) және олардың арасындағы байланыстардың бірнеше рет санының артуымен байланысты. Дербес компьютерлер нейрондық желідегі «телекосмоса» арқылы бір бірімен байланысып дүниежүзілік өрмек құрды. Желі – бұл топтық талшық және ауа арқылы триллион объектілерді бірге байланыстыратын көптеген дербес компьютерлердің ұжымдық өзара әрекеті.

Толықтық принципі. Интернет-экономикада тауар (қызмет) құндылығы артық ұсыным және барлық жерде (нақтырақ – әлемдік масштабта) оны тарату шартына ие. Басқадай айтқанда «факс эффектісі» туындағаны орын алады. Ол мынаны білдіреді: желіде қанша көп тауар болса, соншалықты ол құнды болып табылады. Бірақ бұл принцип дәстүрлі экономика заңдылықтарына сәйкес көрсетілген белгілі аксиомаларға қарама қайшылық етеді. Бірінші аксиома: тауардың құны оның сиректігімен анықталады (алмаздар, алтындар, раритеттер және т.б.), себебі олардыі саны шектеулі. Екінші аксиома: тауарды артық өндіру (мысалы артық сұраныс) оның құндылығын айтарлықтай жоюға әкеледі. Сондай ақ Интернет-экономикада құндылық ұсынымның артықшылығы және барлық жерде (масштабта) тауар және қызметтің таралуымен айқындалады.

Интернет-экономиканың даму қарқыны әрбір жыл web-серверлердің санының өсуімен сипатталады [3, 6].

Web-сервер — бұл web-браузердің сұрауына жауап беретін және web-түйінде мәліметтерді басқаратын, осы мәліметтерге рұқсатын қадағалайтын бағдарламалық жасақтама.

Web-браузер — бұл дүниежүзілік өрмекте сәйкес файлдарға және HTML-құжаттарға рұқсат алу үшін сервермен байланысатын бағдарламалық жасақтама, сонымен қатар құжаттан құжатқа немесе беттен бетке тізбекпен жүру болып табылады.

HTML (Hyper Text Markup Language) - web-құжаттарды құру үшін қолданылатын стандартты кодтар жиынтығы.

Экспонента принципі. Соңғы бірнеше жыл ішінде Интернет-экономиканың дамуы экспоненциалдық заңдылық бойынша болған, оның элементтерінің құрамдас қатарының шығуы сызықтық емес сипатпен байланысты. Экспоненциалдық өсу, мысалы Желідегі байланыстар (түйіндер) санының тез өсуімен туындаған. Ең алғашында компьютерлік өрмек деп аталатын пайда болған, содан соң Желінің өзі пайда болды.

Өзгерісті нүктелер принципі. Желідегі түйіндердің белгілі санының жетуіне байланысты оның ары қарайғы дамуы автоматты түрде жүзеге асады, өсуді ынталандыру бойынша қосымша әрекет қылу қажет емес. Бұл принципке сәйкес Интернет-экономиканың көлемі әрбір жарты жыл сайын екі еселеніп отырады.

Өскелең нәтижесінің принципі. Интернет-экономикаға жаңа қатысушылар келуімен Желі өлшемдерінің артуына әкеледі. Желі көлемінің артуының арқасында оған көптеген кәсіпкерлер және саудагерлер қатысады. Нәтижесінде тауар (қызмет) сату көлемі артады және ол бизнес-процесстердегі барлық қатысушыларға алатын пайдаларының көлемінің өсуіне әкеледі. Айта кетсек, Интернет-экономика дәстүрлі экономикаға қарағанда бірқатар принципті айырмашылықтарына ие (кей кезде индустриалды деп аталады). Біріншіден, егер дәстүрлі экономикада нарыққа тауардың жеткізілуінің өсуі сызықтық заңдылық бойынша болса, ал Интернет-экономикада жоғарыда айтылғандай экспоненциалдық заңдылық бойынша жүзеге асырылады. Екіншіден, егер дәстүрлі экономикада өнімнің өзіндік құнын төмендетуге байланысты шектелген санды компаниялар (немесе біреу) ұтады (қосымша пайда табу есебінен за счет получения дополнительной прибыли), онда Интернет-экономикада экономикалық пайданы барлық қатысушылар алады және олар өзара жасалған пайданы сәйкесінше бөледі. Барлығы бірдей табыс бөлігін алмайтыны әбден түсінікті. Бірақ оның айтарлықтай бөлігі міндетті түрде Желінің дамуына инвестицияланады.

Кері баға белгілеу принципі. Оның мағынасы мынады: Интернет-экономикадағы кездесетін барлық жақсы тауарлар мен қызметтердің бағасы жылдан жылға төмендеудің айқын үрдісіне ие. Кейбір тауарлар пайдаланушыларға тегін таратылады. *Sun* компаниясы «Java» тілін жасап шығарды және оны барлығына тегін қолдануға берді. Вирусқа қарсы жабдықтама бағдарламасының миллион көшірмесі тегін таратылатыны бәріне белгілі.

RealNetwork компаниясы Интернетте цифрлық музыканы тегін таратады.

Сондықтан мамандардың болжамды бағалауы бойынша жүз миллион доллар тұратын стандарт енгізіліп жатыр. Осыған ұқсас мысалдардың тізімін жалғастыра беруге болады. Интернет-экономикада тауар (қызмет) бағасы тікелей оның таралу масштабына пропорционалды. Сондықтан пайдаланушыларға көшірмелерді (мысалы, бағдарламалық өнімдер) пайдалануға беру санының өсуі оның әрбірінің бағасының артуына әкеп соғады. Содан кейін өнімнің жетілдірілген нұсқаларын және оған қосымша сервистік қызмет көрсетуді сату арқылы Интернет-компаниялар тұрақты және жеткілікті жақсы ақша табады. Сонымен қатар ол өнімнің алғашқы версиясын тегін тарата беруін жалғастырады.

Мысалы, *Sun* Интернет-компаниясы «Java» тілінің бағдарламасын тегін бере отырып, осы тілдің қондырмасын болашақта өндіруді күшейту мақсатында жұмыс жасап, ақырында серверлерді табысты сатты. Ал *Netscape* компаниясы коммерциялық серверлер үшін математикалық жасақтаманы сату арқылы пайдаланушыларға «браузерларды» тегін таратты. Жоғарыдағы келтірілген материалдарға сәйкес келесі ұсынымдарды қалыптастыруға болады.

Желідегі Интернет-компанияның өміршеңдігі және өркендеу негізі келесідей тәртіп ережелерін сақтау болып табылады.

1. Интернет-нарыққа тегін қызметтер, өнімдер (мысалы, бағдарламалық), жетілдірілген бір атаулы өнімді болашақ сатып алушыларға тегін жіберу қажет.

2. Бір өнімді тегін бере отырып, біруақытта бсқа өнімдердіде сатады.

3. Белгілі өнімге қажетті сұраныс көлемін болашақта қалыптастыру үшін кәсіпкер қызыққан сатып алушыға осы өнімнің алғашқы версиясын тегін қолдануына жағдай жасауы қажет.

Интернет-экономика негізінде Интернет-компаниялардың табысты жұмыс істеуі және нарықта тұрақты қатысуын қамтамасыз ету үшін жоғарыда келтірілген ережелерді ұстану негіз болып табылады. Жоғарыда айтылғандарға жарқын мысал ретінде *Microsoft* (оның ішінде және Желіде) компаниясы болып табылады, олар дүниежүзіндегі пайдаланушыларды сендірді және «Windows 95» олардың маңызды, жалғыз қажеттілігі болып табылады. Нәтижесінде «Windows 95» пайдаланушылар саны дүниежүзілік масштабта жүз миллионға жетті. Әрине, олар «Windows 95» базасында жасалатын кез келген қосымшаларға автоматты түрде әлеуетті сатып алушылар болып табылады. Бұл – ойындық және мультимедиялық бағдарламалар, мәтінді жобалау жүйесі, бухгалтерлік есеп және т.б. «Windows 95» және оның модификациясының пайдаланушылар саны күрт өсті. Сонымен қатар осы платформалар үшін қосымшаларғада сұраныстар өсті. Сонымен қатар, Интернет-экономикада тауар және қызметтер нарығы субъективті қажеттілігін сендіріп дәлелдеу негізінде қалыптасады және сол немесе басқа тауар, сол немесе басқа қызмет барлығы міндетті.

Бұлжымастық (ниеттестік) принципі. Белгілі Интернет-компанияның сатып алушыларының бұлжымастығы біруақытта Желіге және желілік платформағада берік болып табылады. Басқадай айтқанда, жақсы жұмыс жасайтын Интернет-компаниялардың дәстүрлі көңілі өндірілген өнімдерді тұрақты жетілдіру Желінің бүтіндей дамуына ауысады. Егер дәстүрлі экономикада әрбір азаматтың өмір сапасының деңгейі ұлттық экономиканың тиімді жұмыс істеуіне байланысты болса, онда Желіде бәрі керісінше болады. Желіде жұмыс жасайтын азаматтың ауқаттылығы оның өркендеу деңгейімен анықталады. Бұдан шығатын қорытынды: әрбір азаматтың өмірінің максималды жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін Желіні жетілдіруге және кеңейтуге жағдай жасау қажет.

Құндылықтарды қайта бағалау принципі. Ақпараттық құндылықтар білімдер жүйесінің материалдық құндылықтарының орнын біртіндеп басып жатыр. Қазіргі тауарлардың құнына ақпараттық құрамдас құнының бөлігіде тұрақты түрде өсіп келеді. Осы принципке сәйкес Интернетке өнімді жіберушілер сатып алушылардың нақты тобының (немесе нарық сегменті) ұсынысын ескере отырып өзінің каталогтарын жасайды. Қазіргі ақпараттық жүйенің негізгі элементі электрондық чип болып табылады. Өндірушілер барлық техникалық қиын бұйымдар үшін чипті максималды түрде қолдануға тырысады. Жапондық және детройттық автомобиль компаниялары максималды чиптермен жабдықталған болашақ автомобильдерді жасап шығарды. Осындай автомобильдерді құдіретті дүниежүзілік желілер басқаратын болады. Бұйымның өзіндік құнының материалдық құрамының орнын ақпараттық жүйелер басатынын айтуға болады. Аналогиялық түрде Интернет-компанияның бағасын бағалау жайындада осындай жағдай бар. Интернет-компанияның тұтынушылық бағасы материалдық активтердің бағасымен емес, материалдық емес компоненттер бағасымен анықталады. Атап айтқанда қолдағы ақпараттық қорлар көлемі, жаңа ғылыми идеялар және зерттемелер (мысалы, жаңа ақпараттық технологиялар, бизнес-модельдер), кадрлық потенциал және т.б.

Атап өтейік, Интернет-компанияның бағасы дәстүрлі экономикалық құрамында жұмыс жасайтын аналогиялық компаниямен салыстырғанда айтарлықтай тез өседі және жиналған материалдық құндылықтардың көлемі немесе осында жұмыс жасайтын қызметкер саны өзгермейді.

Yahoo! Интернет-компаниясының нарықтық бағасы екі жылдың ішінде материалдық активтері айтарлықтай өспеседе 12 есеге артқан ($400 млн-нан $5 млрд-қа). Сонымен қатар, бұл компанияның құнының материалдық емес бағасы оның жалпы нарықтық бағасындағы салыстырмалы салмағы асып түседі.

Жаһандық принципі. Интернет-экономика әлемдік масштабтағы нарықтардың бір бірімен тығыз байланысу жиынтығын көрсетеді. Интернет-компанияның георграфиялық орналасуының принципиалдық айырмашылығы болмайды. Желідегі кез келген бизнес барлық әлем елдеріне бірдей таралады. *Amason.com* американдық Интернет-компаниясы үш жыл ішінде Сиэтл қаласында (АҚШ) орналасқан бір офистен ғана әлемнің 160 елінің сатып алушыларына 1,5 млн кітап сатты.

Әртүрлі қауіптердің өсуіне байланысты бәсекелестерде пайда болады. Телекоммуникация сферасында бизнеспен айналысатын мықты американдық Интернет-компанияларға Европаның кейбір елдеріндегі және Израилдің аналогиялық компаниялары бәсекелес болып тұрады.

Хаос принципі. Оның мағынасы мынада: Интернет-экономикадағы компаниялардың өмірге қабілеттілігі әркелкі жағдайдың жиі туындауы жеткілікті және периодты болуымен қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайдың пайда болуымен ескі Интернет-бизнес (бәсекелес емес) жойылып, бір уақытта жаңа, өте тиімді бизнес тууы үшін жақсы жағдай жасалады. Желідегі жаңа бизнестің тіршілік мерзімі дәстүрлі экономикаға қарағанда айтарлықтай (шамамен үш есе) аз. Сонымен қатар ескі жұмыс орындарының жойылуымен жоғары еңбек төлеу деңгейі бар жаңа жұмыс орындары көптеп ашылады. Көптеген мамандардың ойы бойынша Интернет-экономика әдетте периодты хаос басталатын жағдайда жұмыс істейді. Хаос Интернет-экономиканың динамикалық дамуының негізгі қозғалтқыштарының бірі болып табылады.

Анархия принцип. Анархия – бұл белгілі «тәртіп түрі», Интернет-экономиканың тіршілігінің негізгі әдісі. Мұнда Желідегі барлық қатысушылардың қызметінің негізгі бағытын көрсететін және үйлестіретін орталықтандырылған жоспарлық ұйым жоқ. Интернет-экономика реттеуге мүлдем көнбейді. Энди Грува (экс-президента компании *Intel)* докторының сөзі бойынша, оның ерекше ролі *бар екенін көрсетеді.*

Клондау принципі. Интернет-экономикада жылдан жылға сатып алушылар саны жоғары қарқынмен артып келеді, біртекті топтар нарықтың жаңа сегменттерін құрайды. Сонымен қатар сауда шекаралары жойылып кетеді. Әлемдік масштабта Интернет-сауда процессі еркін түрде жүргізіледі. Егер телевизияға 50 млн адам тұрақты пайдаланушыларын қалыптастыру үшін 13 жыл қажет болса, радиоға - 38 жыл қажет, ал Интернетке - барлығы 5 жыл ғана қажет болды.

Интернет-экономика негізіндегі компаниялардың қызметін және ұйымдастыру туралы жоғарыда айтылған принциптері олардың тиімді жұмыс жасауына жағдай жасайды, сонымен қатар Интернет-нарықта тұрақты қатысуына жағдай жасайды [3, 7]. Содан басқа электрондық коммерция жүйесінің құру принциптерін жасауда Желілік экономиканың жұмыс істеуінің негізгі принциптерін ескеру қажет және оларға қарама қайшылық болмауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Балабанов И.Т. Электронная коммерция. – СПб.: Питер, 2001.*
2. *Гитомер Дж. Бизнес в социальных сетях. – СПб.: Питер, 2014. – 192 с.*
3. *Царев В.В., Канторович А.А. Электронная коммерция. - СПб.: Питер, 2002. – 320 с.*
4. *Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений. – М.: ИТИ Технологии, 2007. – 944 с.*
5. *Спицнадель В.Н. Основы системного анализа. - СПб.: СПбГТУ, 1998.*
6. *Прокушев А.П., Липатникова Т.Ф., Колесникова Н.А. Информационные технологии в коммерческой деятельности. - М.: Дашков и К, 2005.*
7. *Сарбасова А.К. Электрондық коммерция жүйусінің инфрақұрылымы // Вестник КазНПУ. Физико-математические науки, 2017. №4 (60). - С.310-316.*

МРНТИ 20.01.07
УДК 378.147:004

М. Серік[1], Д.Б. Баумуратова[2]

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
[2] М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., Қазақстан

БҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУ

Аңдатпа

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» мен «Ақпараттық жүйелер» мамандықтарының оқу үрдісінде бұлттық шешімдер туралы оқыту қарастырылған. Мемлекеттік білім беру бағдарламалары, олардың жаңаруы мен оқу үрдісіне ендіруді жүзеге асыру жолдары туралы мәліметтер келтірілген. Бұлттық технологияларды оқу үрдісіне ендіру мен тиімді пайдаланудың теориялық және практикалық негізгі мәселелері және проблемалары қарастырылған. Сонымен қатар бұлт жұмысының негізгі принциптері мен IT-мамандарын даярлаудағы ғылыми-зерттеу салаларын басқару жүйесін дамыту бағыттары мен ғылыми-техникалық жаңалықтарды жеделдетіп енгізудің маңыздылығы туралы айтылған. Бұлттық технологиялардың қызмет көрсету моделі ұсынылып оның ақпаратқа қол жеткізудегі мүмкіндіктерін ашады. Мақалада MapReduce таратылған есептеулер моделі туралы және оны қолдану туралы мәлімет қарастырылған. Бұлттық технологияларды болашақта кәсіби түрде игеру мен қолдану жолдары туралы деректер келтірілген.

Түйін сөздер: техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі; колледждегі оқу үрдісі; оқу үрдісіндегі бұлттық технологиялар.

Аннотация

М. Серік[1], Д.Б. Баумуратова[2]
[1] Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
[2] Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Әуезова, г. Шымкент, Қазақстан

ОБУЧЕНИЕ ОБЛАЧНЫМ ТЕХНОЛОГИЯМ В СИСТЕМЕ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В статье рассматариваются вопросы изучения облачных вычислений в учебном процессе по специальностям: «Вычислительная техника и программное обеспечение» и «Информационные системы» в системе технического и профессионального образования. Представлены пути обновления образовательных программ и их внедрения в учебный процесс. Проведен анализ теоретических и практических вопросов внедрения и эффективного использования в учебном процессе облачных технологий. Также рассматриваются основные принципы работы в облаке, важность разработки системы управления областью исследований для подготовки ИТ-специалистов и ускоренного внедрения научно-технических инноваций. Предложена модель обслуживания облачных технологий и возможности доступа к информации. В статье исследуется модель распределенных вычислений MapReduce и возможности ее использования. Приведены данные по возможностям использования в будущей профессиональной деятельности облачных технологий.

Ключевые слова: техническая и профессиональная система образования; учебный процесс колледжа; облачные технологии в учебном процессе.

Abstract

LEARNING CLOUD TECHNOLOGIES IN THE SYSTEM TECHNICAL AND PROFESSIONAL EDUCATION

Serik M.[1], Baumuratova D.B.[2]
[1] Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Nur-Sultan, Kazakhstan
[2] South Kazakhstan State University named by M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan

The article discusses the study of cloud computing in the educational process in the specialties: "Computer Engineering and Software" and "Information Systems" in the system of technical and vocational education. The ways of updating the State educational programs and their implementation in the educational process are presented. The analysis of theoretical and practical issues of implementation and effective use of cloud technologies in the educational process. It also discusses the basic principles of working in the cloud, the importance of developing a research area management system for training IT specialists and accelerating the implementation of scientific and technological innovations. A model for servicing cloud technologies and the ability to access information is proposed. The article explores the MapReduce distributed computing model and the possibilities of its use. Data on the possibilities of using cloud technologies in future professional activities are presented.

Keywords: technical and professional education system; college learning process; cloud technology in the learning process.

Республикадағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларға байланысты әулетін оның ұлттық экономиканы арттыруға қосатын үлесіне сай пайдалану бұл саланың әлі де жетілдірілуін қажет етеді, ол заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандарын уақыт талабынан қалып қоймай жоғары дәрежеде даярлаумен ұштасады. Аталған саланың мемлекеттік тұрғыда басқару жүйесін құру қажеттігі туындап, ондай шаралардың біразы жүзеге асырылып жүргенін күнделікті өмірден байқап та жүрміз. Сондықтанда IT-мамандарын қазіргі кездегі техника мен технологияларға даярлау үрдісі үнемі білім мазмұнынан жаңашылдықты қажет етеді.

IT-мамандарын даярлаудың ғылыми-зерттеу салаларын басқару жүйесін дамыту 1990-жылдардың басында ғылым және жаңа технология министрлігін құрудан-ақ бастап қолға алына бастады. Сол кездің өзінде-ақ нарықтық жағдайға бейімделу және Қазақстанның Одақ тарағанға дейінгі ғылыми-техникалық әлеуетін сақтау және дамыту қажеттігі тұрды. Ғылыми-техникалық саясаттың маңызды бағытының бірі - отандық және шет ел нарығында сұраныс табатын ғылыми сыйымды өнім алуға бағытталған, қорларды зерттеу және жаңа технологияларды жасау болды. Сонымен қатар ғылыми-техникалық жаңалықтарды жеделдетіп енгізу мақсатында ғылым мен өндірісті интеграциялауды қамтамасыз ету және де ғылыми-техникалық үрдісті экономикалық ынталандыру, шет елдермен біртектес ғылыми-техникалық кеңістік жасау және біртектес ақпараттық инфрақұрылымды үйлестіруді қамтамасыз ету қажет болды [1].

Елімізде тарихи қысқа мерзім ішінде білім беру саласы, мамандарды даярлауда әлеуметтік жеңілдіктердің кең жүйесін жасау арқылы орта, кәсіптік орта және жоғары білім алуға кең жол ашты. Оқу орындарын бітірушілердің білім деңгейінің жоғары сапасына қол жеткізіліп келеді. Соның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандарды даярлау орталықтан басқарылып, ғылыми және әдістемелік негіздерін табуда.

Кәсіптік әрі жүйелі білім беру мемлекеттік бағдарламаларға, мамандықтың типтік оқыту жоспарларына, оқу орындарының оқу жоспарларына, оларда көрсетілген оқыту пәндеріне, сағат көлеміне, курстық, өзіндік жұмыстарға, практикаларға байланысты. Ақпараттық қоғамда компьютерлік техника, жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуы да жүйелі кәсіптік білім берудің негізі мен басты құралына айналды.

Білім мазмұнын, оқыту процесін, оқу бағдарламалары мен жоспарларын және оқу құрылымын тиімділеу республика бойынша кәсіптік орта, жоғары оқу орындарында мамандық бойынша кәсіптік міндетті жалпы білім стандарттары бектілгеннен кейін жаңаша көзқарасқа ие болды. Жаңа ақпараттық технологиялардың оқу үрдісіне енуіне байланысты оқу орындарында арнайы пәндер өзгеріскерге ұшырап, білім мазмұнында біраз өзгерістер әкелді [2].

Осы мәселе біздің зерттетуімізде де негізделеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №503 (01.12.2011ж.) "Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі" [3] Бұйрығының 2-бабында Стратегиялық жоспарлау және ақпараттық технологиялар департаментінің құжатында "Ақпараттық жүйе - қорландыру, сақтау, арнаулы өзгеріс және деректерді қашықтықтан жіберуді қамтамасыз ететін (бейінді мамандар мен автоматтық техникалық құралдардың бірге қатысуын болжамдайтын) автоматтандырылған өңделу жүйесі" деп анықтама берген.

Білім беруді модернизациялау стратегиясы барлық деңгейлерде оқытудың әдістері мен технологияларын жаңашылдыққа өзгертуге, соның ішінде қашықтықтағы серверлерде орналасқан деректерді жіберу мен өңдеуді қамтамасыз етуге үйрету талаптарын қарастырады. Колледж студенттерінің 1304000-"Есептеу техникасы мен бағдарламамен қамтамасыз ету" және 1305000-"Ақпараттық жүйелер" мамандықтарының оқу үрдісіне ендірілген жаңа оқу мазмұны осы мәселе бойынша теориялық материалдарды игерумен қатар практикалық дағдыларын қалыптастыруға, студенттердің өзіндік жұмысын ынталандыруға, жауапты қызмет тәжірибесін жетілдіру қажеттілігін қалыптастырады.

Қазіргі кездегі жаңалықтардың бірі ретінде бұлттық технологияларды оқу үрдісіне ендіру мен тиімді пайдаланудың теориялық және практикалық негізгі мәселелері талқыланады. Соның ішінде мынадай проблемалар да жоқ емес:

- оқытушылардың қолданыстағы бұлттық технологиялар мен оларды қазіргі жағдайда білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігі туралы ақпараттарының жеткіліксіздігі;
- студенттердің жалпы бұлттық шешімдер бойынша өздігінен білім алу және білімдері жетіспейтін жағдайларда олардың қажет қызметтерді пайдалануға толық дайын еместігі;
- оқытушылардың оқу үрдісінде бұлттық шешімдерді пайдалануында жүйеліліктің болмауы.

Бұлттық шешімдер, бұлттық технологиялар, т.б. ұғымдар, олардың колледждердің оқу процесінде қолданылуы туралы ақпараттар жиі кездеседі.

«Ақпараттық Қазақстан - 2020» бағдарламасының бір міндеті болып барлық тіршілік әрекеті өрісін жоғары деңгейлі электронды қызметпен қамту болып табылады. Қазақстан ауқымды және кешенді түрде бұлттық есептеу технологияларын енгізуді жоспарлағаны көрсетілген.

Инвестиция тиімділігін көтеру мақсатында, республикада, мемлекеттік органдарда бұлттық платформаға ауысуымен, ақпараттандыру қызметін енгізу жобалары жасалған. Қазақстандық осындай және т.б. бағдарламалар мен жобаларды негізге алып, оқу орындарында іске асыру жүргізілуде [4].

Қазақстанда "SMART-педагог Өрлеу" бағдарламасы бойынша Microsoft компаниясының қолдауымен конкурстар ұйымдастырылып тұрады. Аталған шарада заманауи технологиялар бойынша үлкен шаралар қарастырылып отырады. Оған колледждердің студенттері де белсенді қатысатыны белгілі.

"Бұлтты технологиялар - бұл жиі қолданылып келе жатқан және қарқынды дамып келе жатқан технологиялар, сондықтан бұл тақырып әзірше жеткіліксіз түсініледі және өзекті мәселе болып тұр. Осыған байланысты қызықтыратын бірқатар сұрақтар туындайды: «бұлт» ұғымы деген нені білдіреді, «бұлттардың» белсенді қолданушысы кім, бұлтты технологиялар колледжде қолданылады ма және «бұлттың» артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?"

Бұлт жұмысының принциптері туралы түсінікті қалыптастыратын және оларды қолданушылардың пайдалануына негіз болатын үш құрылым бар:

- қызмет ретіндегі инфрақұрылым (IaaS);
- платформа қызмет ретінде (PaaS);
- бағдарламалық жасақтама қызмет ретінде (SaaS).

ЮНЕСКО-ның ақпараттық технологиялар институтының зерттеушілері заманауи оқу орындарында әртүрлі компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыздандыруды сатып алу және оларға қызмет көрсету үнемі үлкен қаржылық салымдар мен білікті мамандарды тартуды қажет ететіндігін айтады.

Қазіргі уақытта шығындарды үнемдейтін технология ретінде бұлтты есептеу және есептеу платформасын виртуализациялау қолданылады.

Бұлттық технологиялар сонымен бірге қашықтықтан оқыту формасында қолданылады. Колледжердің оқыту үрдісінде қолданылып та жүр. Мысалы, оқытушылар колледждің веб-сайтында «бұлтта» өзіндік жұмыстарды студенттерге орындау үшін орналастырады, ал студенттер өз жұмыстарын электрондық пошта арқылы тексеру үшін оқытушыға жібереді. Студенттердің бірлескен жобалық жұмыстары үшін бұлтты технологияны пайдалану ыңғайлы, сонымен қатар колледждегі информатика оқытушыларының бірлескен жұмысында (бағдарламалар, жоспарлар, есептер және т.б.) «бұлттар» қолданылады [5].

Келесі бір еңбектерде бұлттық технологиялардың қызмет көрсету моделі бойынша төмендегідей сыныптамасы келтірілген (кесте 1) [6].

Кесте 1. Бұлттық технологиялардың қызмет көрсету моделі

Қызмет көрсету моделі бойынша	*Инфрақұрылымы бойынша*
Деректер қоры сервис ретінде • сақтау сервис ретінде	*Жеке меншік бұлт*
Үрдісті басқару сервис ретінде • ақпарат сервис ретінде	*Көпшілік бұлт*
Платформа сервис ретінде • қосымша сервис ретінде	
Қауіпсіздік сервис ретінде • интеграция сервис ретінде	*Гибридті бұлт*
Әкімшіліктендіру және басқару сервис ретінде	
Тестілеу сервис ретінде • инфрақұрылым сервис ретінде	*Қоғамдық бұлт*

Бұлттық технологиялар ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетеді, білім беру іс-әрекетінің өзгермелілігі, оны дараландыру және саралау мүмкіндіктерін ашады және оқытушы мен студенттердің өзара әрекетін ұйымдастырудың жаңа жолын ұсынады. Оқу процесіне бұлттық шешімдердің түрлерін енгізу оқу процесін жандандыруға, оқытуды дамыту идеяларын жүзеге асыруға, сабақтың қарқынын арттыруға, студенттердің өзіндік жұмыстарының көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан оқу үрдісінде бұлттық технологияларды пайдалану қазіргі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Оқыту үрдісінде бұлттық технологияларды қолдану мынадай жағдайларға ықпал етеді: студенттерге жеке және сараланған тәсілді жүзеге асыруға; өздігінен білім алу дағдыларын игеру саласындағы оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға; студенттің жеке тұлғалық дамуына және ақпараттық қоғамның кез келген саласында қызмет етуіне ықпалын тигізеді.

Қашықтықта орналасқан серверлердегі деректерді алу, сақтау, өңдеу, т.б. идеясын іске асыру үшін колледжде ақпараттық технологияларды, компьютерлік тестілеуді, студенттер мен оқытушылардың жеке жұмысын қолдана отырып, оқу пәндері бойынша сабақ өткізуге арналған заманауи техникамен жабдықталған компьютерлік технологиялар кабинетері бар. Колледжде компьютерлер жергілікті желіге қосылған және Интернетке қол жетімді. Сондай-ақ, электронды оқу құралдары, оқу-әдістемелік кешендерден тұратын ақпараттық қор бар.

Қазіргі заманғы бұлттық технологиялар негізінде жеке тұлғаға бағдарланған білім беру принциптерін жүзеге асыратын оқытудың жаңа моделі қажет болды. Зерттелетін кез-келген пәнге деген қызығушылықтың пайда болуына ықпал ететін шарттардың ең маңыздысы - студенттердің оқу және танымдық іс-әрекетінің мотивациясы, сонымен қатар олардың материалды игеруге бағытталған белсенді және саналы әрекеттер.

М. Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің 1304000-"Есептеу техникасы мен бағдарламамен қамтамасыз ету" және 1305000-"Ақпараттық жүйелер" мамандықтарының оқу үрдісінде осы аталған іс-әрекеттер жүзеге асырылуда.

Техникалық және кәсіптік білім беру жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы, соның ішінде бұлттық технологиялардың қолданылуы жүйелі кәсіптік білім берудің негізі мен басты құралына айналуда. Төменде бұлттық технологиялардың қолданылуы мен ерекшеліктеріне тоқталып өтеміз.

Бұлттық технологиялардың қызмет көрсетуінің бірнеше моделі бар. Олардың артықшылықтарын танымалдығы бойынша атап көрсетсек, олар [7]:

- «Есептеу икемділігі» - қол жетімді аппараттық құралдар қорынан есептеу ресурстарын автоматты түрде масштабтау мүмкіндігі;
- «Ресурстық биллинг» - пайдаланушылардың есептеу ресурстарын тұтынуын ескеру мүмкіндігі;
- «Пайдаланушының сұранысы бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету» - пайдаланушының өтініші бойынша автоматты күйде конфигурациялармен қарапайым тапсырмаларды орындау мүмкіндігі.

М. Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің жоғарыда аталған ақпараттық технологияларға байланысты мамандықтарының оқу үрдісінде бұлттық технологиялардың көрсетілген үш моделі де қолданыс табуда. "Есептеу икемділі" моделі бойынша Интернетке қосылған кез келген құралды пайдалану.

Мысалы, офистік қосымшалармен жұмыстар жасауды айтуға болады. «Ресурстық биллинг» моделінің қолданылуы Microsoft Azure компаниясының академиялық бұлттық сервистерін пайдалануда жүзеге асырылуда. Студенттерге тегін қолдануға мүмкіндік берілген (басқаша жағдайда пайдаланушылардың есептеу ресурстарын тұтынуы ескеріліп, ақы төлеу арқылы қолданады). Ол web-қосымшалар құруда, деректер базасымен жұмыс істеуде жүзеге асырылады.

Мысал ретінде төмендегі келтірілген бет арқылы студенттердің қосымша құру мүмкіндігін көрсетуге болады (сурет 1):



Сурет 1. Студенттерге Microsoft Azure порталының академиялық бұлттық сервистерін пайдалану мүмкіншілігі бетінен көрініс

Техникалық ғылымның заманауи тенденциялары атты еңбекте "бұлттық есептеуге" анықтама бере отырып, автор [8] мынадай ерекшеліктерін атап өтеді:

- біріншіден, локальды компьютердегі автономды есептеулер;
- екіншіден, бұл "қызметтік есептеу (utility computing)", яғни күрделі есептеулерді орындауға немесе деректер массивтерін сақтауда қызмет көрсетуге тапсырыс берілген кездегі «қызметтік есептеу»;
- үшіншіден, ұжымдық (таратылған) есептеулер (grid computing).

Автор әрі қарай іс жүзінде есептеулердің барлық түрлерінің арасындағы шекара жеткілікті бұлыңғыр екенін атап өтіп, дегенмен, бұлттық есептеулердің болашағы қызметтік және таратылған жүйелерге қарағанда айтарлықтай үлкен екенін атап өтеді.

Негізгі ерекшеліктердің бірі - қызметтерге қашықтықтан қол жеткізу мүмкіндігі екенін, ол деректерді сақтау мәселесінен туындайтынын көрсетеді. Бұлттық есептеулердің мұндай формасын пайдалану кезінде сол серверлерде сақталатын ақпарат сол елдің заңына бағынатыны туралы айтылады. Осыған байланысты сарапшылар мемлекеттерді бұлт жүйелерінің құқықтық аспектілерін шешу туралы ойлана бастауға шақырады.

Біз зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген жоғарыда аталған колледжде бұл мәселе ескерілген, яғни қашықтықта орналасқан серверлерде жеке меншік дискілік кеңістік ұйымдастырып, сол жерде деректер қорын құрып, оқу үрдісінде жүзеге асырып жүрміз.

Мысалы, Microsoft Azure порталының сервистерін және деректерін академиялық тұрғыда қарастырып жүргеннен кейін, кішігірім ресурстары пайдаланғандықтан, заңдылық тұрғыда әңгіме көтерілген жоқ. Тек кейбір кездерде Microsoft Azure-нің қолданылған ресурстарын, алынған ақпараттарын ақылы түрде пайдаланып та жүрміз.

Сонымен бірге автор дамудың келесі маңызды факторларын атап өтеді:

- IT-сервистерін қолданудың экономикалық модельдерін құру;
- құқықтық және экономикалық аспектілерден басқа, назар аударуды қажет ететін бір қатар техникалық проблемалар бар екенін;
- қауіпсіздік мәселесі маңызды болып саналатынын; осы тақырыптағы дау-дамайлар ұзақ уақыт бойы жалғасып келетінін, бірақ әзірге бәріне сәйкес келетін консенсус жоқ екенін;
- сонымен қатар, икемді масштабталуды қамтамасыз ететін басқару жүйесін, деректерді сақтау мен сақтауды жақсартуды және т.б.

Батура Т.В., Мурзин Ф.А., Семич Д.Ф. "Облачные технологии: основные модели, приложения, концепции и тенденции развития" атты еңбектерінде бұлттық технологиялардың ерекшеліктері, мүмкіншіліктерін атап өте отырып, үлкен көлемді деректерді өңдеу мен кейбір есептеріне көңіл бөлген. Әртүрлі пәндік облыстарда модельдеуде нысандар мен үрдістердің динамикасын бейнелеуде графтар кең қолданылады. Әртүрлі қосымшалардағы үнемі өсіп келе жатқан мәліметтер графикалық талдау үшін масштабталатын платформалар мен параллельді есептеу архитектураларын қолдануды қажет етеді. Бұлттық есептеулер бірқатар пәндік бағыттардағы мәселелерді шешу үшін қолданылады: семантикалық іздеу, әлеуметтік желілер, білім қорлары, фотонды кристалдарды модельдеу, ДНҚ тізбегін іздеу, т.б. Графтарға байланысты емес есептерді шешуде біраз проблемалар болады.

Мысалы, ресурстарды тарату мен пайдалану туралы есепті қарастырсақ. Бұлттық инфрақұрылымы бар желілерде есептеу процестерін ұйымдастыру кезінде объектілері, позициялары және сипаттамалары мыналар болып табылады (кесте 2):

Кесте 2. Бұлттық инфрақұрылымы бар желілерде есептеу процестерін ұйымдастыру кезінде объектілері, позициялары және сандық сипаттамалары

Объектілері	*Позициялары*	*Сандық сипаттамалары*
- *виртуалды машиналар;* - *сервистер;* - *бағдарламалар;* - *деректер тобы;* - *өтініштер.*	- *есептеу тораптары;* - *жады құралдары;* - *орындалуға жіберілетін кезекке қойылатын орындар.*	- *кіретін сұраулардың қарқыны;* - *орталық құрылғылардың жүктеме дәрежесі;* - *желілік адаптерлер арқылы машиналар арасындағы өзара әрекеттесу қарқындылығы;* - *және т.б.*

Сонымен қатар индикатор типінің сипаттамалары ескеріледі, мысалы, осы есептеу торабында қажетті пакеттің болуы сияқты сұрақтар. Бұдан әрі, ресурстарды бөлу мен пайдалануға және жоспарлауға байланысты графтарда оңтайландыру проблемалары туындайды. Авторлар сонымен бірге MapReduce таратылған есептеулер моделін қарастырады. Бұл модельді Google компаниясы үлкен көлемді деректерде параллель есептеулер үшін қолданады.

MapReduce – ол таратылған жүйелерде нодтар деп аталатын компьютерлердің үлкен санынан тұратын есептеу үрдістерін ұйымдастыратын фреймворк. MapReduce қызметі екі қадамнан тұрады: Map және Reduce. Map қадамында енгізілген деректерді алдын ала өңдеу жүргізіледі. Ол үшін Негізгі торап (master node) деп аталатын негізгі компьютер енгізілетін деректерді қабылдайды, оларды бөліктерге бөліп, жұмысшы тораптар (worker node) деп аталатын басқа компьютерлерге алдын ала өңдеуге жібереді. Reduce қадамда алдын-ала өңделген деректердің жинақталуы орын алады.

Негізгі торап жұмысшы тораптардан жауап алып, соңында нәтиже шығарады, яғни есептің шешуін алады [9].

Біздің жағдайда виртуалды машина орнату арқылы оқу үрдісінің практикалық сабақтарында оңтайлықта көз жеткіздік. Виртуальды машинада Hyper-V рөлін орнату мен жүзеге асыруда эксперименттік жұмыстар жүргіздік, негізгі операциялық жүйе өз жұмысын орындап тұра береді де, әртүрлі эксперименттік жұмыстар виртуалды машинада орындалды және бұлт ретінде қолданылды, аудиториялардағы компьютерлердің, ноутбуктердің аппараттық-бағдарламалық негіздеріне сүйендік. Бұл келтірілген деректер мен сұрақтар колледждің біз эксперимент жүргізіп отырған мамандықтарының оқу үрдісінде бұлттық шешімдер бойынша теориялық материалдарды игеруде және практикалық сабақтарда жүзеге асыруда қарастырылады.

М. Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің ақпараттық технологияларға байланысты мамандықтарының зерттеу жұмыстары бойынша эксперименттік жұмыстар жүргізіліп жүрген мамандықтарында виртуалды машинаны орнатудан көрініс (сурет 2):



Сурет 2.Оқу үрдісінде виртуалды машинаны қолдану мысалынан көрініс

Жұмыста келтірілген материалдар колледж студенттерінің бұлттық шешімдер бойынша білімін, білігін және дағдысын анықтау үшін тәжірибелік жұмыстың компоненттері, көрсеткіштері және критерийлері ретінде ескерілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Раев Д.С. Әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің үйлесімділік мәселелері. – Алматы, 1994. – 157 б.*

2 *Серік М. Ақпараттық қоғам шартында студенттерді кәсіптік даярлаудың педагогикалық негіздері. - Астана, 2013. - 154 б.*

3 *Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі. Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігінің №503 (01.12.2011ж.) Бұйрығы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007363*

4 *Серік М., Садвакасова А.К., Далабай С. Бұлттық технологиялар негіздері. Оқу құралы. – Астана:ЕҰУ, 2018. - 111 б.*

5 *Селиверстова И.В., Ревенко Ю. Облачные технологии. Инфоурок: библиотека материалов. ГБПОУ «Поволжский государственный колледж». https://infourok.ru/statya-po-teme-oblachnie-tehnologii-2186241.html -*

6 *Грибцова Ю.В., Аксёнов Д.В. Облачные технологии или кто не в "облаках"? - Липецк: Государственное областное автономное профессиональное образовательное учреждение "Липецкий колледж транспорта и дорожного хозяйства", 2016. - 19 с.*

7 *Третьяков Д.В. Использование облачных технологий для формирования электронной образовательной среды колледжа. ТОГБПОУ «Железнодорожный колледж им. В.М.Баранова». http://zdcollege.ru/docs/metodika/2017prizvanie-tretiakov.pdf, 06.08.2019*

8 *Широкова Е. А. Облачные технологии [Текст] // Современные тенденции технических наук: материалы Междунар. науч. конф. (г. Уфа, октябрь 2011 г.). — Уфа: Лето, 2011. — С. 30-33. — URL https://moluch.ru/conf/tech/archive/5/1123/, 06.08.2019*

9 *Батура Т.В., Мурзин Ф.А., Семич Д.Ф. Облачные технологии: основные модели, приложения, концепции и тенденции развития. Software & Systems. Программные продукты и системы. - 2014. - № 3 (107). - С.64-72.*

МРНТИ 14.25.09
УДК 373.1.02:372.8

И.Т. Сәлғожа[1]*, Т.Т. Тойшыбек*[1]

[1] *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан*

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі қоғам үшін жаңа білім алу, жаңа технологияларды, қоғамдық және ғылыми процестерді басқару әдістерін игеру аса маңызды. Бұл ақпарат пен ғылыми білім қоғамның жалпы стратегиялық әлеуетін айқындайтын факторларға айналғандығы, бүгінгі күні оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыруға көп көңіл бөлу қажет. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде өз бетінше іс-әрекет жасайтын, білімді шығармашыл, ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан тұлға дайындау қажеттігі туралы баяндалған. Ақпараттық құзырлылық ұғымы мен оқушының ақпараттық құзырлылығының мазмұны мен құрылымы қарастырылады. Ақпараттық құзырлылықтың технологиялық рефлексиялық-бағалау, ынталандыру-құндылық үш құрауышын қалыптастыру қажеттігі айтылған. Бұл құрауыштарды анықтау информатиканы оқытуда оқушылардың ақпараттық құзырлылылығының қалыптасуына объективті баға беру үшін, сондай-ақ ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қажет болады.

Түйін сөздер: құзырлылық, ақпараттық құзырлылық, информатика, оқушының ақпараттық құзырлылық құрауышы.

Abstract

FORMATION OF INFORMATION COMPETENCE OF STUDENTS WHEN TEACHING COMPUTER SCIENCE

Salgozha I.T. [1]*, Toyshibek T.T.* [1]

[1] *Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

For modern society, it is important to acquire new knowledge, learn new technologies, and manage social and scientific processes. This information and scientific education have become factors that determine the overall strategic potential of society. today, it is necessary to pay great attention to the formation of information competence of students. The article describes the need to prepare a person who functions independently in the modern education system, educated by creative, information competence. The concept of information competence and the content and structure of the student's information competence are considered. The necessity of forming three components of value is emphasized: technological reflection and evaluation, motivation of information competence. The definition of these components is necessary for an objective assessment of the formation of information competence of students in teaching computer science, as well as for the effective organization of the process of formation of information competence.

Keywords: competence, information competency, computer science, information component of student competence

Аннотация

И.Т. Салгожа[1]*, Т.Т. Тойшыбек*[1]

[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНФОРМАТИКЕ

Для современного общества важно получение новых знаний, освоение новых технологий, методов управления общественными и научными процессами. Эта информация и научное образование стали факторами, определяющими общий стратегический потенциал общества, на сегодняшний день необходимо уделять большое внимание формированию информационной компетентности учащихся. В статье изложена необходимость подготовки личности, самостоятельно функционирующей в современной системе образования, образованной творческой, информационной компетентностью. Рассматривается понятие информационной компетентности и содержание и структура информационной компетентности учащегося. Подчеркивается необходимость формирования трех компонентов информационной компетентности – ценностно-технологической, рефлексивно-оценочной, мотивационной. Определение этих компонентов необходимо для объективной оценки формирования информационной компетентности учащихся в обучении информатике, а также для эффективной организации процесса формирования информационной компетентности.

Ключевые слова: компетентность, информационная компетентность, информатика, компонент информационной компетентности студента.

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында маңызды міндет тұр: тез өзгеріп тұратын әлеуметтік–экономикалық ортаға бейімделе алатын, өз бетінше іс-әрекет жасайтын білімді шығармашыл тұлға дайындау. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер оны әлемдік білім беру жүйесіне интеграцияланған экономикада, елдің әлеуметтік өмірінде болып жатқан өзгерістерге неғұрлым бейімделген етуге бағытталған. Бүгінгі күні адамның табыстылығы көбінесе жаңа технологияларды меңгеру, өзгермелі еңбек жағдайларына бейімделу, яғни оның құзырлылығына байланысты [1].

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде «құзырлық», «құзыреттілік», «құзырлылық» ұғымдарын беттерінен жиі кездестіреміз. Латын тілінен аударғанда - құзырлылық (құзыреттілік) - бұл адамның бірқатар мәселелерді шешуге қабілетті, білімді, білімі мен тәжірибесі бар екендігін білдіреді. Құзыретті адам белгілі бір аумақта тиісті білімі бар және болып жатқан жағдайға сәйкес тиімді әрекет етіп, бағалауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғам үшін жаңа білім алу, жаңа технологияларды, қоғамдық және ғылыми процестерді басқару әдістерін игеру аса маңызды. Қызметтің кез келген түрі ақпаратты жинаумен, оны талдаумен, басым міндеттерді таңдаумен, осы міндеттерді шешудің оңтайлы нұсқаларын табумен, ойланған мақсаттарды жүзеге асыруға тәсілдерді қалыптастырумен тікелей байланысты белгілі бір кезеңдерден өтуі тиіс. Осыған байланысты кәсіби құзырлылықтың маңызды құрылымдық компоненттерінің бірі ретінде тұлғаның ақпараттық құзырлылығына қойылатын талаптар күрт өсті. Адамға ақпараттық ортада ақпараттық мәдениет пен мінез-құлық мәдениетінің деңгейіне сай ақпараттық ортамен тиімді өзара қарым-қатынас жасаудың қалыптасқан дағдылары, ұсынылатын мүмкіндіктерді пайдалана білуі қажет. Ақпараттық орта пайдаланушыны өз білімін үнемі бағалауға, білім мен ақпарат моделін сәйкестендіруге итермелейді. Өз кезегінде, бұл жаңа білім алумен аяқталатын үдерістерді ынталандырмауы мүмкін емес. Белгілі бір құзырлылықтарды қалыптастырудағы қандай да бір пәннің рөлі туралы сөз болғанда, ақпараттық құзырлылықты қалыптастыруға информатика пәнінің тікелей байланысты екені белгілі.

Бүгін күні информатиканы оқытуда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Бұл ақпарат пен ғылыми білім қоғамның жалпы стратегиялық әлеуетін айқындайтын факторларға айналды. Мұғалімнің міндеті-балаларды ақпараттық қоғамда табысты өмірге дайындау үшін қажетті білімді өз бетінше іздеу және меңгеруге үйрету. Ақпараттық ағындарды ұлғайту және қоғамды ақпараттандыру жағдайында басты акцент компьютерді жұмыс құралына айналдыру үшін жасалуы тиіс.

Заманауи сабақтарда ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданбау мүмкін емес. Күн сайын мұғалімдердің интернет-қоғамдастығы жаңа есімдермен толығады, желіде жаңа білім ресурстары пайда болады, мектептерге жаңа бағдарламалық құралдар келеді. Мұғалім осы процестерден тыс бола алмайды. Ақпараттық технологияларды енгізу әрбір мұғалімнің өз пәні шеңберінде әдістемелік материалдарды өз тәжірибелерінде пайдалану арқылы өтеді. Қазіргі уақытта мұғалім кез келген пән бойынша сабақта ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға мүмкіндігі бар. Ал, қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сай оларды тек пайдаланып қана қоймай, оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Құзырлылық мәселесін зерттеген көптеген ғалымдар күнделікті тәжірибеде туындаған шынайы жағдайлар мен мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін ерекше біліктілік деп түсіндіреді, ал И.А. Зимняя, О.Б. Зайцева, Дж. Равен, А.В. Хуторский, Ә.М. Мұханбетжанова, Ш.Т. Мұқанбетова және т.б педагогтар құзырлылықты білім беру нәтижесі ретінде қарастырған.

А.В. Хуторский құзырлылықты: құндылық-мағыналы; жалпы мәдени; оқу-танымдық; ақпараттық; коммуникативті; әлеуметтік-еңбек; тұлғаның өзін-өзі жетілдіру құзырлылығы деп жіктеп көрсетеді [2].

«Ақпараттық құзырлылық» түсінігін зерттеген ғалымдар жеке тұлғаның ақпартты өз бетімен іздей, таңдай, талдай, ұйымдастыра білу, ұсына білу, тасымалдай алу қабілеті ретінде қарастырады. Мысалы, О.Г. Смолянинова ақпараттық құзырлылықты «ақпартты іздеудің, өңдеудің, ұсыну мен тасымалдаудың, жалпылаудың, жүйелеу мен ақпартты білімге түрлендірудің, әмбебап тәсілдері» деген [3]. Л.Г. Осипова ақпараттық құзырлылық деп «практикалық және ғылыми-зерттеу мәселелерін шешу үшін қарқынды дамып келе жатқан және әркез жаңарып отыратын ақпарат саласынан қолдануға қажетті ақпаратты жылдам табу және оларды өз әрекеттерінің жүйесінде пайдалану» түсінеді. В.И. Назаров пен Л.В. Куклина: «ақпараттық құзырлылық – үлкен көлемдегі ақпаратты қазіргі мультимедиалық құралдар көмегімен қабылдай және өңдей алу қабілеті», оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті [4] деген.

Дж. Равеннің «Құзырлылық заманауи қоғамда» (1984 ж.) атты жұмысында құзырлылықтың толықтай түсіндірмесін берді және ол бір біріне тәуелсіз көптеген құрауыштардың жиынтығынан тұратын көрініс деген анықтама берді. Дж. Равен бойынша ол құрауыштардың кейбірі когнетивтік аумаққа, ал басқалары – тиімді мінез-құлықтарды құрайтын және бір-бірін алмастыра алатын эмоционалдық құрауыштардан тұрады [5].

Ақпараттық құзырлылық құрауыштарын зерттен [6-12] ғалымдардың еңбектерінде:

- А.В. Хуторский – құндылық-семантикалық, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбек, өзін-өзі жетілдіру;
- Ш.Х. Құрманалина, Б.Е. Ерболат – әлеуметтік, мотивациялық, функционалдық;
- С.В. Тришина – когнетивтік, құнды-ынталандыру, техникалық-технологиялық, коммуникативті, рефлекстік;
- Э.В. Морковина – ынталандыру-құндылық, когнетивтік, операциялық, рефлекстік;
- А.Л. Семенов - ақпаратты жинау және сақтау, ақпаратты іздеу, ақпаратты қабылдау, түсіну және талдау, ақпаратты ұйымдастыру және түсіну, ақпараттық объекті құру, ақпараттың берілуі, коммуникация, модельдеу, жобалау, басқару;
- А.Н. Завьялов – шынайы-аналитикалық, пәндік-арнайы, әдістемелік, әлемдік көзқарастық;
- А.А. Темербекова – ынталандыру-құндылық, кәсіби-қызметтік; рефлексті-коммуникативтік;
- О.Н. Грибан – кәсіби-қызметтік, техникалық-технологиялық, коммуникативтік, операциялық деп анықтаған.

Авторлар бұл элементтердің өзара байланысты және бір біріне тәуелді екендігін айтады.

Құзырлылық деп нақты білім беру жүйесінде мақсатқа тиімді жету жолына бағытталған меңгерілген білім, білік, дағды және оқудағы іс-әрекетінің жетістігі деп түсінеміз, ал *ақпараттық құзырлылық* - оқудағы іс-әрекетінде меңгерілген білім, білік, дағдыларын және ақпараттық технологияны жан-жақты қолдана білу қабілеттігігі болып табылады [13]. Оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру үшін оның келесі құрауыштарын қалыптастыру қажет деп санаймыз:

1. Технологиялық - ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары мен білімдері. Мұнда мәселені шешу үдерісінде АКТ көмегімен атқарылатын барлық ақпараттық үдерістердің негізгі түрлері, атап айтқанда, анықтау, іздеу, интеграциялау, басқару, бағалау, жасау және ақпарат беру жүзеге асырылады. Оқушылар оларды меңгеруі және орындай алуы керек;
2. Рефлексиялық-бағалау - әртүрлі автоматтандырылған құрылғылардың көмегімен, сондай-ақ көмегінсіз әртүрлі формалар мен қарым-қатынас жолдарын пайдалана отырып, ақпаратпен жұмыс істеуді түсіну және қолдану дағдылары, білім, біліктері;
3. Ынталандыру-құндылық - адамның мотивациялық талаптануын көрсететін құндылық бағдарларын таңдау, сондай-ақ жеке тұлғаның сана сезімі.

Оқушылардың ақпараттық құзырлылық құрауыштарына толығырақ тоқтала кетейік.

Технологиялық – мақсатқа жету үшін ақпараттық әрекеттерді басқару тәсілдерін дамытуды анықтайды; табиғаттағы және қоғамдағы ақпараттық процестер туралы білімдер жиынтығын игеру, әлемнің ішкі ақпараттық көрінісін жасауға және осы әлемдегі өз орнын анықтауға мүмкіндік береді; білім беру қызметін басқару, ақпаратты алу, түрлендірудің және пайдаланудың әмбебап құралдарын қолдану, іс-әрекет әдістерін, әртүрлі сипаттағы ақпаратты іздеу, түрлендіру және пайдалану әдістерін игеру қабілетін қалыптастыру, әр түрлі ақпараттық іс-әрекет әдістерінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді.

Рефлексиялық-бағалау – ақпаратты шығармашылықпен пайдалану - өзін-өзі бақылау, ақпараттық іс-әрекетке қанағаттану, ақпаратпен жұмыс процесінің нәтижелерін көрсету, ақпаратты беру, іс-әрекеттерді бірлесіп ұйымдастыру, сыни талдау барысында белсенді болуға ұмтылу. Рефлексиялық-бағалау құрауышы оқушының шығармашылығының дамуына, өзін-өзі дамытуға, білім беру іс-әрекетінде серіктестермен қарым-қатынас жасау тәсілдерін дамытуға, өз бетінше және топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Ынталандыру-құндылық - жоғары сынып оқушының ақпаратпен жұмыс жасау құндылығы туралы білуі, мазмұнды ақпаратты іздеуге ынтасы, ақпараттық технологияны қолданудың маңыздылығын түсінуі, өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылыс, ақпаратпен жұмыс істеу кезінде мақсат қою, ақпаратпен жұмыс істеу қажеттілігі, оқушының субъективті позициясын қалыптастыру, ақпараттық ортаға бағдарлау, ақпараттық ресурстарды білім көзі ретінде пайдалануға дайын болу. Ынталандыру-құндылық құрауышы ішкі кедергілерді еңсеруге, орта мектеп оқушысының санасын қайта құруға, оның ақпараттық ортада жұмыс істеуге психологиялық дайындығына жағдай туғызумен байланысты. Бұған ақпараттық үдерісте әр түрлі ақпаратты пайдалану кезінде оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы, белсенді ынтасы, белсенділігі артуы арқылы қол жеткізіледі.

Ақпараттық белсенділік процесінде оқушының өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілігі қанағаттанушылық әкелуі керек, белсенді ақпараттық іс-әрекеттегі сабақтарды ұйымдастыруға көп күш жұмсамауы керек. Ынталандыру-құндылық құрауышы мектеп оқушысының ақпараттық-білім беру кеңістігіне енуіне, ақпараттың құндылығын білуге ықпал етеді; оқушының мотивациялық дәрежесін сипаттайды; оқушының ақпараттық іс-әрекетінің құндылық-семантикалық жақтарын атап көрсетеді. Мотив - адамның іс-әрекетін ұйымдастырудың ажырамас, біртұтас тәсілі. Жеке тұлғаның өзегі ретінде мотивация жеке мотивтердің жиынтығы емес, бағыттаушы және ұйымдастырушы тұтас жүйе болуы керек. Бұл құрауыш әлеуметтік сәттіліктің дамуына ықпал етеді, ол орта мектеп оқушысының информатика пәніне деген қызығушылығын және оның ақпараттық әрекетті игеруге деген ынтасын, оны білім беру мәселелерін шешуде пайдалану, сонымен қатар оның ақпараттық құзіреттілігін дамытуға ықпал жасайды.

Ақпараттық құзырлылықты құрауыштарға жіктеу оның қалыптасуына объективті баға беру үшін, сондай-ақ ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қолайлы болады [14]. Оның мазмұны мен құрылымын қарастыру, оны қалыптастыру процесінің жетекші міндеттері мен мазмұнын анықтауға қызмет етеді, бұл оқушылардың өздерін дамыту және өмірлік маңызды мәселелерді шешуге дайын өзіндік тұлға болып қалыптасуы үшін жағдай жасауға бағытталған болу керек. Информатика пәнін оқытуда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үшін оның құрауыштарымен қатар, оқушылардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру және дамыту үшін тиімді шарттарды анықтау және ескеру , оқытуды біртұтас сапасына - оқушыға әсер ететін факторларды жүйелі талдауды қамтиды.

Педагогикалық оқулықтарда тұлға дамуына қатысты бірқатар шарттар берілген:

- Тұлға болып жетілу үшін адам өзіне табиғаттан берілен және өмір мен тәрбие жолында қалыптасқан ішкі қасиеттерін нақты практикалық қызметте аша білуі шарт.
- Оқушы дамуының маңызды жағдаяттарының бірі - оның меншікті өз әрекет - қызметі. Әрқандай іс-әрекет оқушы ықылысымен орындалып, шартты түрде белсенді болуы кажет. Орындаған ісінен шәкірт ләззат және қанағаттануы ләзім. Белсенді іс ешқашан шаршатпайды.
- Оқушыларға берілетін тапсырмалар олардың қызығуларына, өмір талалтарына сәйкес болуы шарт [15].

Оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үшін шарттарды қарастырған кезде, біз басқа жағдайлар (қоғамның, отбасының, өндіріс мемлекетінің әсері және т.б.) бұл үдеріске әсер ететінін ескере отырып, тек нақты пәнді оқытудағы шарттармен шектелеміз. Информатиканы оқытуда оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үшін бірқатар педагогикалық жағдайларды анықтадық, олардың ішінде ең маңыздысы, атап айтқанда:

- оқушы меңгеруі үшін жүйелі жағымды мотивацияны қамтамасыз ету;
- оқушылардың ақпараттық құзырлылық құрауыштарын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жүйесін жасау;
- оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану;

Негізделген қажетті шарттар, біздің пікірімізше жеткілікті шарттар информатика пәнін оқыту барысында оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру үдерісін оңтайландырудың кезекті кезеңі болып табылады.

Ақпараттық құзырлылықтың мазмұны мен құрылымын осылайша анықтау информатиканы сабақтарында оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы, олардың өзін-өзі дамытуы үшін, өмірлік маңызды мәселелерді шешуге дайын өзіндік тұлға болып қалыптасуы үшін жағдай жасайды, ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру процесінің жетекші міндеттері мен мазмұнын айқындауға қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Распутина О.В. Формирование ИКТ компетенций на уроках информатики в соответствии с требованиями ФГОС // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 25. – С. 241–243.

2 Смолянинова О.Г. Развитие методической системы формирования информационной и коммуникативной компетентности будущего учителя на основе мультимедиа-технологий: [Текст] Дис. … д-ра пед. наук. – СПб., 2002.-504 с.

3 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

4 Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация М.: Когито-Центр, 2002. – 396 с.

5 Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты URL: http://www.eidos.ru/journal/2002/0423.htm. – В надзаг.: Интернет-журнал «Эйдос».

6 Құрманалина Ш.Х., Ерболат Б.Е. Колледж жағдайында танымдық және кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасы аясында Қазіргі *жастардың келбеті: перспективасы мен инновациялық тұрғысы атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 27 сәуір 2018 жыл*

7 Тришина С.В. Информационная компетентность как педагогическая категория URL: http://www.eidos.ru/journal/2005/0910-11.htm. – В надзаг. : Интернет-журнал «Эйдос». 22.05.2009.

8 Морковина Э.Ф. Развитие информационной компетентности студен- та в образовательном пространстве Дис. канд. пед. наук, Оренбург, 2005. – 212 с.

9 Семенов А.Л. Роль информационных технологий в общем среднем образовании М. : Изд-во МИПКРО, 2000. 12 с.

10 Завьялов А.Н. Формирование информационной компетентности студентов в области компьютерных технологий (на примере среднего профес- сионального образования), Автореферат кандидатской диссертации / Тюмень, 2005. – 17 с.

11 Темербекова А.А. Информационная компетентность личности учителя как социально-педагогическая проблема, монография М. : Изд-во МГУ, 2008. – 191 с.

12 Грибан О.Н. Методика развития информационной компетентности студентов исторического факультета // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. Челябинск, 2011. №5. С. 31-41.

13 Сәлғожа И.Т. Сыныптан тыс жұмыстарда әл-Фарабидің математикалық мұрасы бойынша оқушылардың ақпараттық құзырлылығын қалыптастыру. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы., 2019 ж.

14 Bidaybekov Y., Kamalova G., Bostanov B., Salgozga I. Development of Information Competency in Students during Training in Al-Farabi's Geometric Heritage within the Framework of Supplementary School /European Journal of Contemporary Education.–2017. –P. 479-496. Vol. 6. – Iss. 3 (Scopus).

15 Бабаев С. Б., Оңалбек Ж . К. Б 12 Жалпы педагогика: Оқулық. Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2011. 228 бет.

ҚҰРМЕТТІ АВТОРЛАР!

«Физика-математикалық ғылымдары» сериясы, «Хабаршы» ғылыми журналы математиканың, механика мен физиканың, информатиканың, сонымен қатар мектепте, колледжде және жоғары оқу орынында физика-математикалық пәндерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-білім беру басылымы болып табылады.

«Хабаршы» журналы Қазақстан Республикасының мәдени және ақпарат Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден (Куәлік №4824-Ж, 15.03.2014 ж.) өткен және халықаралық идентификациялық нөмірі (ISSN 1728-7901) бар. ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы қадағалау Комитетінің шешімімен (10.07.2012 ж., №1082 бұйрық) ғылыми қызметтерінің негізгі ғылыми нәтижелерін жариялау үшін Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналы

- физика-математика ғылымдары (математика, физика, механика);
- техникалық ғылымдар;
- педагогика (оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі /математика, физика, информатика, білім беруді ақпараттандыру) ғылымдарыма мандықтары бойынша басылымдар тізіміне енгізілді.

Журнал "Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" АҚ (ҰҒТАО) мәліметтер базасына кіреді және қазақстандық цитаттау базасы (ҚазЦБ) бойынша нөлдік емес импакт факторы бар (http://www.nauka.kz).

2009 жылдан бастап Инжениринг және Технология Институтымен (Ұлыбритания) ақпараттық-қолдау қызмет көрсетуге жасалған келісім-шарттың (№2, 12.01.2009ж.) негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ «Физика-математика сериясы» бойынша Хабаршы журналында жарияланатын мақалалардың реферативті ақпараты INSPEC электронды мәлімтер қорына енгізіледі.

«ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» СЕРИЯСЫ, «ХАБАРШЫ»ЖУРНАЛЫНА БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

I. Қажетті материалдар

1. Жеке өз аттарынан жариялайтын докторанттар, магистранттар және студенттер үшін ғылыми жетекшінің рецензиясы болуы керек.
2. Мақала авторларының саны-4 артық емес.
3. Автор (авторлар) туралы мәліметтерді қамтитын, Хабаршы журналының электрондық Форма толтырылады: тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны (қала, ұйымның/ЖОО толық атауы және қысқартылған атауы), ғылыми дәрежесі мен атағы, лауазымы, білім алушылар үшін – докторант, магистрант немесе студент, e - mail, байланыс телефоны; мақалаға аннотациялар, 3 тілдегі түйінді сөздер.

II. Мақаланы безендіру ережесі

Мақала мәтіні Word редакторында бірлік интервал арқылы терілу керек; .Парақ пішімі : 210 x 297 mm (А4); Жоғары, төменгі, оң жақтағы, сол жақтағы өрістер: – 2 см; Мақала беттері нөмірленбейді; 5.Шрифт: Times New Roman (қазақ, орыс, ағылшын тілдері үшін) – 11 пт; жоларалық интервал – бір; абзацтың бірінші жолының шегінісі-0,5 см.; Word редакторында орындалған суреттер объект ретінде қойылуы керек; Мақала мәтіні ені бойынша форматталуы керек.

III. Формула жазуға қойылатын талаптар

Формуладағы символдардың өлшемдері : обычный – 11 пт, крупный индекс – 6 пт, мелкий индекс – 5 пт, крупный символ – 24 пт, мелкий символ – 4 пт (математикалық редактор Equation).

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Мақалада пайдаланылған әдебиеттер мәтінде пайдалану ретіне сәйкес қолжазбаның соңында келтіріледі. Мақаладағы әдебиетке сілтеу квадраттық жақшада беріледі, мысалы, [1], [2,3], [4-7].

V. Мақаланың түрі

1. Сол жақ жоғарғы бұрышында бас әріптермен МРНТИ (жартылай қарайтылған, кегль №10);
2. Сол жақ жоғарғы бұрышында бас әріптермен ӘОЖ (жартылай қарайтылған, №10 кегль);
3. Курсивпен, жартылай қарайтылмаған кіші әріптермен (№11 кегль) ортада автордың (авторлардың) аты-жөні мен тегі; Жоғарғы индекспен автордың жұмыс орны (бірнеше авторлар болған жағдайда) сәйкестігін көрсетеді.
4.Бір бос жолдан кейін курсивпен автор (авторлар) жұмыс істейтін ұжым және қаланың аты (кегль №11);
5. Бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен, шрифт Cambria (кегль №11) мақала аты;

6. Бір бос жолдан кейін мақалаға үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) **100-150 сөзден** тұратын қысқаша андатпа (кегль №10);
7. Бір бос жолдан кейін үш тілде **6-8 сөзден** тұратын түйін сөздер (кегль №10);
8. Бір бос жолдан кейін мақала мәтіні (кегль №11);
9. Мәтіннен кейін екі бос жол тастап кіші әріптермен әдебиеттер тізімі (кегль №10). Бірлік интервал. Тізім нөмерлері нүктесіз.

VI. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Редакцияға түскен мақалаларға білім саласы бойынша мамандар мен ғылымдар пікір береді. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы тағы да толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін. Бұрын жарияланған немесе басқа баспаға жіберілген мақалалар қабылданбайды. Мақала көлемі 5-7 бет. Көлемі 7 беттен артық болған жағдайда журнал редакциясымен хабарласып келісулері қажет. Мақала мәтініне енетін иллюстрациялардың, сұлбалардың және кестелердің көлемі мәтіннің жалпы көлеміне кіреді.

Мақаланы дайындау және жариялау бойынша пайда болған барлық сұрақтар бойынша журнал редакциясына хабарласыңыздар.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Төле би 86 көшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институты.
Жауапты хатшылар: +7 707 7268828, +7 707 1754132
e-mail: Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com

УВАЖАЕМЫЕ АВТОРЫ!

Научный журнал «**Хабаршы**» КазНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки» является научно-образовательным изданием по актуальным вопросам математики, механики и физики, информатики, а также информатизации образования и методике преподавания физико-математических дисциплин в школе, колледже и вузе.

Решением Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки РК (Приказ №1082 от 10.07.2012 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «физико-математические науки» включен в *Перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан* для публикации основных результатов научной деятельности по следующим направлениям:

- физико-математические науки (математика, физика, информатика, механика);
- технические науки;
- педагогические науки (теория и методика обучения и воспитания/математика, физика, информатика, информатизация образования).

Журнал входит в базу данных АО «Национальный центр научно-технической информации» (НЦНТИ) и имеет ненулевой импакт фактор по казахстанской базе цитирования (КазБЦ) (http://www.nauka.kz).

С 2009 г. действует Договор с Институтом Инжиниринга и Технологий (Великобритания), на оказание информационно- сопроводительных услуг, согласно которому реферативная информация о статьях, публикуемых в Вестнике КазНПУ имени Абая, вносится в электронную базу данных INSPEC.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ «ВЕСТНИК. СЕРИЯ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ»

I. Представление необходимых материалов

1. Для докторантов, магистрантов и студентов, публикующихся единолично, представляется рецензия научного руководителя.
2. Количество авторов статьи - не более 4.
3. Авторами заполняется электронная Форма Вестника, содержащая сведения об авторе (авторах): фамилия, имя, отчество, место работы (город, название организации/вуза без сокращений и сокращенное название), ученая степень и звание, должность, для обучающихся – указывается: докторант, магистрант или студент, e- mail, контактный телефон; аннотации к статье, ключевые слова на 3-х языках.

II. **Правила оформления статей.**

Текст статьи должен быть набран в редакторе MS Word через одинарный интервал; Формат листа: 210 x 297 mm (А4); Поля: верхнее, нижнее, правое, левое – 2 см; страницы статьи не нумеруются; Шрифт: Times New Roman (для каз., рус. и англ.языков), размер - 11 пт; межстрочный интервал – одинарный; отступ первой строки абзаца – 0,5 см.; Рисунки, выполненные в редакторе Word, должны быть вставлены как объект (сгруппированы); Текст статьи должен быть отформатирован по ширине.

III. **Требования к написанию формул**

Формулы вставляются в текст статьи как объект MS Equation. Размеры символов в формулах (Equation): обычный - 11 пт, крупный индекс - 6 пт, мелкий – 5 пт.

IV. Список использованной литературы, составляется по ходу упоминания ее в тексте и приводится в конце рукописи. Ссылки на литературу в тексте указываются в квадратных скобках, например, [1], [2,3], [4-7]. Перечисление без точки в конце страницы. Количество ссылок не должно превышать 15 наименований.

V. **Вид статьи**

1. МРНТИ в левом верхнем углу прописными буквами (полужирным, кегль №10);
2. УДК в левом верхнем углу прописными буквами (полужирным, кегль №10);
3. Курсивными, не полужирными прописными буквами (кегль №11) по центру инициалы и фамилия автора (авторов); Верхним индексом указывают соответствие месту работы автора (в случае нескольких авторов).
4. Через одну пустую строку указать название организации и город, в котором работает автор (авторы) курсивом (кегль № 11));
5. Через пустую строку по центру полужирными прописными буквами, шрифт Cambria (кегль №11) название статьи;
6. Через пустую строку аннотации **в 100-150 слов** в кратких предложениях на 3-х языках (кегль №10).
7. Ключевые слова по тематике, **6-8 слов**, на трех языках (кегль №10);
8. Через пустую строку текст статьи (кегль №11);
9. Список использованной литературы, указывается после текста статьи, через две пустые строки строчными буквами, курсивом (кегль №10). Интервал - одинарный. Нумерация списка без точки.

VI. Языки издания (вещания) статей - казахский, русский, английский. Поступившие в редакцию статьи рецензируются 2 ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. На основании рецензии редколлегия может рекомендовать автору доработать статью или отказать в публикации. Рукописи статей, опубликованных ранее или переданных в другие издания, не принимаются. Рекомендуемый объем статьи - не менее 5 и не более 7 страниц. В ином случае вопрос по объему статьи необходимо согласовать с редакцией журнала. Иллюстрации, схемы, таблицы, включаемые в текст статьи, учитываются в общем объеме текста.

По всем вопросам, связанным с подготовкой, представлением и публикацией материалов, необходимо обращаться в редакцию журнала.

Адрес: г.Алматы, ул.Толе би 86, КазНПУ им. Абая, Институт математики, физики и информатики
Ответственный секретарь: +7 707 7268828, +7 707 1754132
e-mail: Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com